Осылайша, Кеңес мемлекетінің Қазақстандағы дін саласына қатысты саясаты және Кеңес үкіметі енгізген мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарама-қайшы қатынастар үлгісі тарихшылардың, саясаттанушылар мен дінтанушылардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Мұндай зерттеу объектісінің қатарында еліміздің оңтүстігі де бар. Осыны ескерсек, біз үшін Оңтүстік Қазақстандағы Кеңес үкіметінің дін саласына қатысты саясатын зерттеу үлкен қызығушылық танытады.

Зерттеу әдістемесі

Тақырыпты зерттеу барысында тарихилық және объективтілік, жүйелілік принциптері басшылыққа алынды. Кеңес үкіметінің жалпы Қазақстандағы, соның ішінде Оңтүстік Қазақстандағы дінге қатысты саясатын және осы саясатты жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін, дінге қатысты қабылдаған нормативті-құқықтық актілерін, кеңестік биліктің діни саясатының кезеңдерін зерттеу барысында салыстырмалы талдау, синтездеу және кезеңдеу әдістері қолданылды. Сонымен қоса, Кеңес үкіметінің дінге қатысты саясатының бірізді қарастыру барысында тарихи-хронологиялық әдіс пайдаланылды. Қазақстандағы, сонымен бірге жеке Оңтүстік Қазақстандағы мешіттер мен дінбасыларының динамикасын анықтауда сандық-талдау және статистикалық әдістер қолданылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: kz-erlan-kz@mail.ru

Талдау

Кеңес өкіметі саяси билікті қолына алғаннан кейін үш ай уақыт өте келе 1918 ж. 23 қаңтарда «Шіркеуді мемлекеттен бөлу туралы» арнайы құқықтық құжат қабылдады. 13 баптан тұратын бұл құжатта дінді тежеп, шіркеу, мешіт сияқты қасиетті орындардың құқықтарына шектеу енгізді. Құдайға құлшылық үшін пайдаланылатын ғимараттар мен мүліктер жергілікті және орталық мемлекеттік өкіметтің ерекше қаулыларының негізінде беріледі. Аталмыш құжаттың 12-бабында: «Ешқандай шіркеу және діни қоғамдар меншікті иелену құқығына ие бола алмайды» деп көрсетілді. Бұл құжат 1917-1937 жылдары шіркеу, мешіт мүліктерін заңсыз жоюға, сатуға, тәркілеуге тікелей жол ашты. Осыны ескерсек, келесі ретте біз алдымен Кеңес үкіметінің дін саласына қатысты саясатының кезеңдерін анықтап алуға тырысамыз.

Дінге қатысты мемлекеттік саясаттың үлгісін іздестіру, өңдеу және құру Кеңес Одағының өмір сүруінің барлық кезеңінде маңызды мәселелердің біріне айналды. Атап айтқанда, Кеңес Одағының дін саласындағы саясатының негізінде «коммунизм мен дін бір-бірімен үйлеспейді» деген нұсқау болды және қоғамның ішкі өмірінен діни ұйымдарды ығыстыру жұмыстары жүргізілді. Өзімізге белгілі, кеңестік және қазіргі кезеңдегі зерттеушілер өз еңбектерінде Кеңес Одағының дін саласындағы саясатын және діни ұйымдар мен мемлекет арасындағы қатынастардың кезеңделу мәселесін өңдеген болатын. Зерттеу жұмыстарының көпшілігінде 1917-1930 жылдар аралығы дін басыларымен күресу және қуғын-сүргін кезеңі; ал, 1941-1945 жылдар аралығы шіркеуге қатысты саясаттың жұмсару кезеңі ретінде сипатталды. Посткеңестік кезең авторларының пікірінше 1950 ж. ортасынан бастап 1980 ж. дейінгі аралықта шіркеуге қатысты «жаңа шабуылдар» жасалған [1–2]. Дегенмен, Кеңес мемлекетінің дін саласына қатысты саясатын жүзеге асыру тәжірибесі әр аймақтарда әртүрлі сипатқа ие болды: бір кезеңдері христиан конфессияларына қатысты діни саясатпен байланысты болса, екінші бір кезеңдері ислам діни үстем болған аймақтарға, соның ішінде Қазақстанға тән. Отандық зерттеуші З.Г. Сақтаганова Кеңес үкіметінің дін саласындағы саясатының жалпы траекториясын, сонымен қатар биліктің дінмен, әсіресе Қазақстандағы исламмен өзара байланысын ескере отырып, еліміздегі діни саясаттың өзіндік келесідей бес кезеңін бөліп көрсетеді: 1917-1929 жж.; 1929-1941 жж.; 1941-1953 жж.; 1953-1964 жж.; 1964-1991 жж. [3].

1917 ж. 2 қарашадағы Сталин мен Лениннің «Ресей халықтарының құқығы жөніндегі Декларациясында» Ресей халықтарына теңдік пен егемендік, бөлініп өз мемлекеттерін құрғанға дейінгі таңдау еркіндігі, ұлттық және діни артықшылықтар мен шектеулердің барлығын алып тастау, Ресей территориясында өмір сүретін аз ұлттардың еркін дамуына уәде етілді [4; 15–16]. Бұнымен қоса, 1917 ж. 20 қарашадағы «Шығыс пен Ресейдің еңбекші мұсылмандарына арналған үндеуде», патшалық Ресей территориясында өмір сүрген, патша билігі тарапынан діндері мен дәстүрлері зардап шеккен бүкіл мұсылмандарға діни және ұлттық ерекшеліктерінің сақталуына еркіндік берілетіндігі айтылған. Соған байланысты осы революцияға және оның үкіметіне қолдау білдіруге шақырылған. Шығыс мұсылмандарының да қолдауын алу мақсатында, Константинопольдің түріктердің қолында қалуы керектігі, европалықтардың Түркия мен Персияны бөлшектеуіне қарсы екендіктері білдірілген [5; 20–22].

1918 ж. 20 қаңтарда РСФСР ХКК-нің «Ар-ождан, шіркеу және діни бірлестіктер туралы» Жарлығында діннің мемлекеттен бөлінетіндігі, мемлекет территориясында сенім бостандығын шектейтін немесе белгілі бір діннің артықшылығына жол беретін заңдар мен ережелердің қабылдануына тиым салынатындығы, әрбір азаматтың кез келген дінді ұстану немесе ұстанбау еркіндігінің бар екендігі, діни ант берудің алынып тасталатындығы айтылған. Мектептің мемлекеттен бөлінетіндігі, жалпы білім беретін мемлекеттік, қоғамдық және жеке оқу орындарында діни білім беруге тиым салынатындығы, азаматтардың дінді жеке түрде үйрене немесе үйрете алатындығы, барлық шіркеу және діни бірлестіктердің жекеменшік иелену құқығының жоқ екендігі, Ресейдегі шіркеу және діни бірлестіктердің бүкіл мүліктері халықтық меншік болып жарияланатындығы көрсетілген. 1918 жылдың 23 қаңтарында «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі» жөніндегі Декрет қабылданды. Кеңес үкіметінің осы декреті мен 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған «Діни бірлестіктер туралы» шешімі дінге қатысты Кеңес мемлекетінің негізгі заңнамалық қайнар көзі. 1929 жылдың 8 сәуірінде қабылданған құжат болса мемлекеттің дінге қарсы саясатының қатаюына негіз болды [6; 56].

Жоғарыда айтылғандай, Коммунистік партия үшін дін жеке адамның жеке мәселесі бола алмайтын. 1919 жылы наурызда РКП-ның VIII съезінің партиялық бағдарламасындағы дінге қатысты

шешімде РКП-ны дінді мемлекеттен және мектепті діннен бөлу туралы декреттің қанағаттандырмайтындығы және жоспарлы түрде әрекет ету арқылы діни түсініктердің толығымен жойылатындығына сенетіндіктері білдірілген. Сонымен қатар, партия қанаушы таптар мен дінге қарсы насихат ұйымдары арасындағы қарым-қатынасты толығымен жоюға, кең көлемде ғылыми-ағартушылық және дінге қарсы үгіт-насихатты ұйымдастыру арқылы еңбекші бұқараны діни соқыр сенімдерден нақты түрде арашалап алуға үлес қосуға тырысатындығын білдірді. Оған қоса дінге сенушілердің сенімдеріне тіл тигізуден аулақ болу керектігі, себебі мұндай әрекеттің діни фанатизмнің күшеюіне себеп болатындығы айтылған [6; 58].

1920 ж. қыркүйекте Еуропалық Ресей, Сібір және Қазақстан мұсылмандарын басқарудың рухани орталығы құрылады. 1920 ж. қазақ қоғамында діни өмірдің белсенділігі байқалады. КП ОК-нің дінге қарсы комиссиясы молдаларға кеңес мектептерінде жұмыс жасауға рұқсат берді және мұсылман ұйымдары барлық аймақтарда өздерінің жұмыстарын бастайды.

Дегенмен, 1929–1941 жылдары Кеңес үкіметінің дінге қатысты саясаты қатаңдай бастайды. 1929 жылы Жалпы Ресейлік Орталық Атқару Комитетінің және Халықтық комиссарлар кеңесінің «Діни ұйымдар туралы» Қаулысы жарияланады. Бұл құжат осы кезеңнен бастап КСРО құлағанға дейінгі аралықтағы Кеңес үкіметінің дінге қатысты саясатының негізгі құжатына айналды. Діни ұйымдармен күресудің әдістері — шіркеулер мен мешіттердің ғимараттарын тәркілеу, оқу орындары мен діни сипаттағы басылымдарды жабу болды. Осылайша, осы кезеңде КСРО-да, соның ішінде Қазақстанда дінге қарсы саясат белсенді бола бастайды. Мысалы, 1928-1933 жылдар аралығында Қазақстанда 198 шіркеу мен мешіт жабылған. 1932 ж. мұсылман дін басыларын қудалаудың алғашқы науқаны басталды.

Оңтүстік Қазақстанда 1930 жылдары колхоздардың ұйымдастырылуынан кейін жер мен мешіттер олардың қарауына берілді. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысында революцияға дейін 490 мешіт жұмыс істеген болса, осы декреттен кейін облыс колхоздары бұрынғы 160 мешітті қоймаға, 27 мешітті тұрғын үйге, 32 мешітті мәдени-ағарту үйіне айналдырды. Кейбір аудандарда барлық мешіттерді жойып жіберді. Мысалы, Түркістан ауданында революцияға дейін (1917 ж. дейін) 98 мешіт жұмыс істеген болса, 43 мешіт; Сайрам ауданында 143 мешіт болған болса, соғыстан кейін 33 мешіт ғана қалған [7].

Ұлы Отан соғысы кезеңінде Кеңес үкіметінің дінге қатысты саясатында өзгерістер пайда болды. Мұндай өзгерістер діни ұйымдардың барлық бағыттарын соғысқа жұмылдыру және діни ұйымдар тарабынан қолдау табумен байланысты болды. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда ешқандай рұқсатсыз барлық аудандарда мешіттер қайта ашыла бастады. Мәселен, «Түркістан ауданында — 11, Сайрам ауданында — 9, Шымкентте — 8 мешіт рұқсатсыз жұмыс істеді» [7]. Дегенмен, 1943 жылы Кеңес өкіметінің дін саясаты өзгергеніне қарамастан, заңнамалық-құқықтық база өзгерген жоқ. 1936 жылы 5-желтоқсанда қабылданған КСРО Конституциясы мен 1929 жылы 8 сәуірде қабылданған РКФСР БОАК және ХКК қабылдаған «Діни ұйымдар туралы» Қаулы негізгі заң базасы болып қала берді [8; 56].

Соғыс аяқталған соң жағдайдың қайтадан өзгергенін байқаймыз. Соғыс аяқталған соң, 1946-1948 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан территориясында 68 мешіт жабылған және Оңтүстік Қазақстан байынша тіркеу жұмыстарына қатысты діндарлар тарабынан 93 өтінім келіп түскен. Осымен қатар, 1947 ж. 26 сәуірдегі Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша дін істері жөніндегі уәкілетті Кеңестің хатында 11 заңсыз ашылған мешітті жабу туралы істі дұрыс деп санаған. Оңтүстік Қазақстандағы дін басыларының қызметі және діни қозғалыстың жағдайы туралы уәкілеттік Кеңестің баяндамасында «облыс бойынша діни қауымдардың саны 1956 жылдан бастап өспегендігін, дегенмен, мінәжатқа қатысатын діндарлардың саны өскендігі атап көрсетіледі. Мысалы, 1953 жылы тіркелген қауымдар бойынша мінәжат жиындарына 9850 адам қатысса, 1958 ж. олардың саны 27 630 адамға жеткен» [9].

Жоғарыда аталғандармен қатар, Кеңес үкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы дін саласына қатысты атеистік саясатының басты бағыттарының бірі киелі — қасиетті орындарға барып табынушылық пен діни дәстүрлерге қарсы күреспен сипатталды, қажылық орындарына баруға қатаң бақылау орнатылды. Қазақстанның оңтүстігі киелі орындардың үлкен санының шоғырланған аймағы болды. Осы ретте, Оңтүстік Қазақстанның сопылық жерасты мешіттері мен киелі жерлері Кеңес үкіметінің дінмен күресу саясатының нысанына айналды.

Діни сенім қиын кезеңде бейресми негізде исламдық сопылық бауырластық кеңестік идеологияға жат ағым, секта ретінде танылып қатаң қудалауға ұшырады. Дінге қарсы науқаннан аман

қалу үшін сопылық қауымдастықтар шайхана және жерасты мешіттері кейпінде дәстүрді сақтап қалуға тырысты [10; 288]. Сонымен қатар, сопылық бауырластықтар ресми ислам институтының өкілі ретінде әрекет етіп, жекелеген медреселер желісін қолдады және мындаған қасиетті жерлердің қасында орналасқан «құлшылық орындарын» (сопы шайхтарының қабірлері) астыртын басқарып отырды деп жазады. Бұл туралы Тасар 1943-1944 жылдар аралығында Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Сталиндік биліктің исламға қатысты қатаң бақылауды жеңілдетуі исламдық әрекеттердің артуына мүмкіндік берді. Мейірімді діни саясат негізінде, жерасты мешіттерінің саны көбейді деген тұжырым жасайды. Сопылық бауырластықтар Ислам дінін сақтаудың бір жолы ретінде жерасты мешіттерін қамтамасыз етіп отырды. Дегенмен, қатаң режим саясаты тұсында мұндай жерасты мешіттерінің қай жерде және қаншасы жұмыс істегенін білуіміз қиын. Әрбір мешіт, қасиетті жер, жерасты мешіті Қазақстан мұсылмандарының ынтымағы мен бірлігін нығайтуға, адамдарды өзара жақындастыруға, сонымен қатар, дәстүрлі исламдық түсінікті сақтауда айрықша рөл атқарғандығын мойындауымыз қажет. Дегенмен, Кеңес үкіметі киелі жерлерді жоюды мақсат етіп, әулиелердің бейіттерін, молаларын бұзуға тырысты. Өйткені, белгілі шайхтардың бейіттері, кесенелері дәстүрлі ислам дінін үйрету мен уағыздау орны екендігін жақсы түсінді. Мұның астарында киелі жерлерді жою арқылы халықтың дәстүрлі діни түсінігін жою себебі жатқандығын аңғаруымыз керек [7].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы «Қылует» жерасты мешітінің кеңестік кезеңде жабылуы. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген XII ғасыр тұсында сопылық ілім қарапайым халық қана емес ірі дін өкілдері мен билеуші топ өкілдері де мойындап, ислам діні түркі халықтары арасында таралуы мен орнығуына үлкен әсер етті. Ал, йассауи сопылық дәстүрінің қасиетті белгісі саналатын ортағасырға тиесілі «Қылует» жерасты мешіті кешен ретінде әлі күнге дейін ерекше рухани тәрбиелік мәнге ие. «1868 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңында 20 үлкен мешіт және 100 отбасы (немесе бірлестік — И.М.) (Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанатын) жұмыс істесе, 1912 жылы Түркістан қаласындағы мешіттер саны 40-қа артып, Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанушылар 100 отбасыдан бірнеше есе кеміп кетті. Ал, олар Қожа Ахмет Ясауидің идеяларын тарататын «Кәландарларға» (Қаляндаристы – архив құжатында осылай берілген) айналды» деген мәліметтер архив құжаттарында кездеседі [7]. М. Тұяқбаев «Түркістан сырлары» кітабында түрлі деңгейде «Қылует» мешіттерінің міндетін атқарған «Кіші Қылует», «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіті құрылыстарының қалдығы осы күнге дейін сақталғандығын, соңғы жылдары «Құмшық ата», «Шілдехана», Шәмет Ишан мешіті, «Имам Марғузи» мешіттері қайта қалпына келтіргендігін, «Кіші Қылует», «Үлкен Қылует» сияқты тарихи орындардың 1942 жылы бұзылып, кірпіштері Түркістан қаласындағы май зауытын салуға жұмсалғандығын жазады [11; 42].

Дегенмен, қылышынан қан тамып тұрған кеңестік кезеңде «Қылует» жерасты мешіті сопылар тарапынан қайта қалпына келтіріліп, жұмыс жасағандығы туралы деректер ғылыми әдебиеттерде кездеспейді. Қазақ ССР Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі уәкілеттігінің аға инспекторы П. Галихайдаровтың 1948 жылғы 20 қыркүйектегі баянжазбасында «Қылует» жерасты мешіті 1932-1933 жылдары бұзылды деген дерек келтіріледі. Бұл «Қылует» жерасты мешітінің кеңестік кезеңдегі алғашқы рет бұзылуы болды. «Қылует» мешітін екінші рет жабу туралы мәселе 1947 жылы қайта көтеріле бастады. КСРО Министрлер кеңесіне бағынышты Қазақстан бойынша Діни салттар ісі өкілінің (Н. Сабитов) 1947 жылғы 2-кварталдағы есебіндегі «Түркістан қаласындағы «Қылует-ханаға» (Қожа Ахмет Ясауидің оңаша қалатын орны) қожалар жиналатындығы және «зікір» (құдайға құлшылық ету) салатындығы, бұл туралы Кеңеске (Қазақстан бойынша Діни культтер ісі бойынша өкілі) және Рухани басқармаға (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының рухани басқармасы) олардың көзқарасын білу үшін жолданды» [7] деген мәліметтерден «Қылует» мешіті мен осы жерде жасалатын мұсылмандық-сопылық рәсімдерді тоқтату шаралары басталады.

КСРО Министрлер кеңесі жанындағы Діни салттар ісі кеңесінің төрағасы Полянскийге Қазақстан бойынша Діни салттар ісі бойынша өкілінің 1947 жылғы 13 қыркүйекте жазған құпия хатында «Түркістан қаласындағы (Оңтүстік Қазақстан облысы) дінге сенушілер Қожа Ахмет Ясауи мешітінен 150-200 метр аралығында орналасқан мешітте құдайға құлшылық жасайды. Мешіттің жанында (20 метр аралығында), құдайға құлшылық жасайтын жерде Қожа Ахмет Ясауидің «Қылует хана» (оңашалану орны) деп аталатын тереңдігі 1,5 метрлік шұқыр бар. Қазіргі кезде жергілікті молда С. Фахрутдиновтың бастамасымен «Қылует хана» шұқырының үстіне кішігірім құрылыс ғимараты салынған. Осы жерде әр жұмада қажылар жиналып, «зікір» салады. Ал, «зікір» мұсылмандарда құдайға құлшылық етудің ажырамас бөлшегі емес екендігі белгілі (Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары басқармасының шешімі осылай болған — И.М.). Мұндай рәсімді өткізудің мақсаты

Қожа Ахмет Ясауи атымен қожалардың шығарып алғаны. Осы жағдайға әкімшілік тәртіпте тыйым салу үшін Сіздің тапсырмаңызды күтеміз» деп жазады [7].

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша діни қозғалыстардың жағдайы мен дін қызметкерлері іс-әрекеті туралы 1953 жылғы екінші кварталдағы Оңтүстік Қазақстан ОблАтКом Діни салт істері бойынша кеңесі уәкілі А. Пospelовтің құпия ақпараттық есебінде «Қылует» мешітін жабу мәселесі қайта көтеріледі. Аталған есепте «Қожа Ахмет Ясауи кесенесі маңындағы мешітті («Үлкен Қылует» жерасты мешітін — И.М.) Борисовка елдімекеніне немесе алыстау аймаққа көшіру дінге сенушілердің мазарға көптеп келуін азайтып, зиярат дәстүрі маңызының жойылуына алып келер еді» деген ұсыныс айтылады. Бұл ұсыныс аталған мешітті жабу туралы өтініш ретінде тиісті жерлерге жіберіледі. Дегенмен, «Қылует» мешіті имамдары арасында аталған мешітті көшіру мәселесіндегі көзқарас екіге бөлініп, қарсы болғандар да көптеп кездесті. Алайда, қарсылықтарға қарамастан 1955 жылы Түркістан қаласындағы жұмыс істеп тұрған «Қылует» мешітін көшіру үшін Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен 4 км жерден жер бөлініп, сол кездегі мемлекеттік тіркеудегі бір ғана мешіт сол жерге көшірілді [7].

Өзіміз көріп отырғандай, Кеңес үкіметі өзінің Оңтүстік Қазақстандағы атеистік саясатын жүзеге асырудың тәсілдерінің бірі ретінде еліміздің оңтүстігіндегі киелі орындарға деген қолжетімділікті жою болған. Бұған қоса, Кеңес үкіметінің атеистік саясатын іске асырудың әдіс-тәсілдеріне ғылыми атеистік насихат жұмыстарының түрлері мен әдіс-тәсілдері маркстік-лениндік атеизм теориясының құрамды бөлігі болып саналды. Коммунистік партия атеистік үгіт-насихат жұмыстарының мазмұны, әдіс-тәсілдерін тиімді ұйымдастыру жолдарына баса назар аударды.

Көпшілікті атеизмге тәрбиелеу негізінен бұқаралық-идеялық бағытта жүргізілді. Мәселен, оның кейбір түрлері: 1) Саяси хабарлар тарату арқылы атеистік тәрбие беру; 2) Атеистік бағыттағы көркем әдебиетті оқыту; 3) Экскурсиялар арқылы; 4) Кино көрсету атеизмге баулуда күшті құрал ретінде кеңінен қолданылды; 5) Атеистік тәрбие берудің басты түрі — лекция. Лекциялардың мазмұны мен теориялық дәрежелері ғылыми техникалық жетістіктермен байланыстырылып барлық жерде бірдей дінге қарсы насихатталды.

Коммунистік партия лениндік принциптерді басшылыққа ала отырып, дінге қарсы насихат жұмысын ұйымдастыру үшін арнайы органдар құрды. Орталық Комитеттің идеологиялық жұмысында атеизмді насихаттау бірлестігі — үгіт-насихат бөлімі (Агитпропотдел) жетекші орган болды. Партияның ОК жанында ғылыми тұрғыда атеизмді насихаттау ісімен дінге қарсы комиссия айналысты. Бұл органның міндеті бұқараға атеистік тәрбие беру, атеистік насихатты жүйелі түрде өткізу және бағыт-бағдар беріп отыру, атеист мамандар даярлау, атеистік тәрбие берудің тиімді жолдарын қарастыру, атеистік насихаттың әртүрлі формаларын ұйымдастыру, халықтың діншілдігін бақылау, т.б. болды.

Қорытынды

Сонымен, жоғарыдағыларды қорыта келгенде, КСРО-ның мемлекеттік-партиялық жүйесіндегі дінге түбірімен қарсы атеистік саясатының барысы мен салдары кеңес мемлекетінің құрамды бөлігі ретінде кеңестік Қазақстанда, соның ішінде Оңтүстік Қазақстанда да орталықтағыдай жүзеге асырылғандығын көре аламыз. Кеңестік тарихтың әрбір кезеңіндегі биліктегілердің Қазақстандағы діни саясатты қарастыра келе, кейбір кезеңде мемлекеттің дінге және діндарлардың діни өміріне жұмсақтық танытқанымен, көп жағдайда, бұл саясат кеңес адамдарының рухани өмірі мен конфессияларды, сонымен қатар молдаларды қатаң түрде жою сипатына ие болды. Кеңес үкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы дінге қарсы саясаты және үгіт-насихаты қоғамның рухани жағынан дамуына кері ықпал етті. Дегенмен, дін қалыптасқан шектеулер мен тыйым салуларға қарамастан Оңтүстік Қазақстан халқының күнделікті өмірінде дін басты рөл атқарды және халықтың діни мерекелері мен салт-дәстүрлерінде көрініс тапты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Алексеев В.А. Иллюзии и догмы: Взаимоотношения Советского государства и религии / В.А. Алексеев. — М.: Политиздат, 1991. — 400 с.
- 2 Кашеваров А.Н. Государство и церковь: из истории взаимоотношений советской власти и русской православной церкви 1917–1945 гг. / А.Н. Кашеваров. — СПб.: СПб. гос. тех. унив., 1995. — 271 с.
- 3 Сактаганова З.Г. Советская модель государственной религиозной политики в Казахстане и религиозная повседнев-

ность казахстанцев во второй половине XX в. [Электронный ресурс] / З.Г. Сактаганова. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-pолоvine-hh-v>

4 Преодолевая религиозное влияние ислама: сб. док. и матер. / сост. И.Н. Бухонова, Е.М. Грибанова, Н.Р. Джагфаров, М.К. Кайргалиев, К.С. Мурзанов. — Алматы: Казахстан, 1990. — 254 с.

5 Арапов Д.Ю. Ислам и советское государство (1917–1936) / Д.Ю. Арапов. — М.: Марджани, 2010. — 204 с.

6 Жолдасұлы Т. Кеңестік Қазақстандағы дінге қарсы үгіт-насихат ұйымының қызметі (1929–1941 ж.ж.) / Т. Жолдасұлы, Г.Н. Байжанова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2022. — № 1(105). — Б. 55-63.

7 Исаев М.С. Кеңестік биліктің Қазақстандағы мешіттерге қарсы саясаты (1918-1953 жж.) [Электрондық ресурс] / М.С. Исаев, С.Т. Шаметов, Р.Т. Джаппарова. — Қолжетімділік тәртібі: <http://88.204.166.9/kz/publications/view/1908>

8 Бөдеев К.Т. Кеңес дәуіріндегі діни ұйымдардың құқықтық жағдайы (XX ғ. 40-шы жылдары / К.Т. Бөдеев, З.Г. Сактаганова // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы. — 2018. — № 2(90). — Б. 56-61.

9 Абдыханова А.Ж. Советская модель религиозной политики и ее реализация на Юге Казахстана [Электронный ресурс] / А.Ж. Абдыханова // Вестник Казахского национального педагогического университета. Серия: исторические и социально-политические науки. — 2020. — №66 (3). — Режим доступа: <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/84>

10 Бруксап М. Горбачевка дейінгі Орта Азияда ислам / М. Бруксап // Азия істері. — 1987. — №18(3). — Б. 283-293.

11 Тұяқбаев М. Түркістан сырлары / М. Тұяқбаев. — Алматы: Атамұра, 2000. — 61 б.

Е.Е. Жақсылық

Советская модель государственной религиозной политики в Южном Казахстане

В статье изучена советская модель государственной религиозной политики, осуществлявшаяся на юге Казахстана в советский период. Автор данной статьи уделил внимание проблемам периодизации религиозной политики в Казахской ССР. Он проанализировал законодательную базу религиозной политики Советского государства, изучил характеристику форм и методов антирелигиозной борьбы Советского государства, обосновал тезис о ее пагубном влиянии на духовную жизнь мусульман, рассмотрел пути реализации государственной религиозной политики на юге Казахстана в советское время.

Ключевые слова: история, советская история, религиозная политика, ислам, идеология, религиозные общины, духовенство, антирелигиозная борьба.

Ye. Ye. Zhaksylyk

The Soviet model of state religious policy in Southern Kazakhstan

In the article the Soviet model of state religious policy, implemented in the south of Kazakhstan during the Soviet period was examined. The author of this article pays attention to the problems of periodization of religious policy in the Kazakh SSR. The article analyzes the legislative basis of the religious policy of the Soviet state, examines the characteristics of the forms and methods of the anti-religious struggle of the Soviet state, substantiates the thesis about its detrimental influence on the spiritual life of Muslims, examines the ways of implementing state religious policy in the south of Kazakhstan during the Soviet period.

Keywords: history, Soviet history, religious policy, Islam, ideology, religious communities, clergy, anti-religious struggle.

References

1 Alekseev, V.A. (1991). Ulliuzii i dogmy: Vzaimootnosheniia Sovetskogo gosudarstva i religii [Illusions and Dogmas: Relationships between the Soviet State and Religion]. Moscow: Politizdat [in Russian].

2 Kashevarov, A.N. (1995). Gosudarstvo i tserkov: iz istorii vzaimootnoshenii sovetskoi vlasti i russkoi pravoslavnoi tserkvi 1917–1945 gg. [State and Church: From the History of Relations between Soviet Power and the Russian Orthodox Church in 1917-1945]. Saint Petersburg: Sankt-Peterburgskii gosudarstvennyi tekhnicheskii universitet [in Russian].

3 Saktaganova, Z.G. Sovetskaia model gosudarstvennoi religioznoi politiki v Kazahstane i religioznaia povsednevnost kazahstantsev vo vtoroi polovine XX v. [The Soviet Model of State Religious Policy in Kazakhstan and the Religious Everyday Life of Kazakhstanians in the Second Half of the Twentieth Century]. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/sovetskaya-model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-pолоvine-hh-v>

[model-gosudarstvennoy-religioznoy-politiki-v-kazahstane-i-religioznaya-povsednevnost-kazahstantsev-vo-vtoroy-polovine-hh-v](#) [in Russian].

4 Bukhonova, N., Gribanova, E.M., Dzhagfarov, N.R., Kairgaliev M.K., & Murzanov K.S. (1990). Preodolevaia religioznoe vliianie islama [Overcoming the religious influence of Islam]. Almaty: Kazakhstan [in Russian].

5 Arapov, D.Yu. (2010). Islam i sovetskoe gosudarstvo (1917–1936) [Islam and the Soviet state (1917–1936)]. Moscow: Mardzhani [in Russian].

6 Zholdasuly, T., & Baizhanova, G.N. (2022). Kenestik Qazaqstandagy dinge qarsy ugjit-nasikhat uymynyn qyzmeti (1929–1941 zh.zh.) [Activity of anti-religious propaganda organization in Soviet Kazakhstan (1929–1941)]. *Karagandy universitetinin khabarshysy. Tarikh. Filosofiya seriiasy — Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy series*, 1(105), 55-63 [in Kazakh].

7 Isaev, M.S., Shametov, S.T., & Dzhapparova, R.T. Kenestik biliktin Qazaqstandagy meshitterge qarsy saiasaty (1918-1953 zhzh.) [Soviet policy against mosques in Kazakhstan (1918-1953)]. Retrieved from <http://88.204.166.9/kz/publications/view/1908> [in Kazakh].

8 Bodeev, K.T., & Saktaganova, Z.G. (2018). Kenes daurindegi dini uymdardyn quqyqtyq zhagday (XX g. 40-shy zhyldary) [The legal status of religious organizations in the Soviet era (in the 40s of XX century)]. *Qaragandy universitetinin khabarshysy. Tarikh. Filosofiya seriiasy — Bulletin of Karaganda University. History. Philosophy series*, 2(90), 56-61 [in Kazakh].

9 Abdikhanova, A.Zh. (2020). Sovetskaia model religioznoi politiki i ee realizatsiia na Iuge Kazakhstana [Soviet model of religious policy and its realization in the South of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo natsionalnogo pedagogicheskogo universiteta. Seriya: istoricheskie i sotsialno-politicheskie nauki — Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University. Series: historical and social and political science*, 66(3). Retrieved from <https://bulletin-histsocpolit.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/84> [in Russian].

10 Brouksap, M. (1987). Gorbachevqa deiingi Orta Aziada islam [Islam in Central Asia before Gorbachev]. *Aziia isteri — Asian affairs*, 18(3), 283-293 [in Kazakh].

11 Tuiakbayev, M. (2000). Turkistan syrlary [Secrets of Turkestan]. Almaty: Atamura [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет

Жақсылық Ерлан — PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-8378-7712>

Information about the author

Zhaksylyk Yerlan — PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Г.И. Кушенова¹ *, Мартин Уорд² 

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан;

²Лидс университеті, Лидс, Ұлыбритания

(E-mail: jamal-i@mail.ru; m.s.ward@leeds.ac.uk)

Қазақ жүздерінің шығуы: шетелдік тарихнама

Қазақ қоғамында үш жүздің пайда болуы ғылымиаралық күрделі зерттеу мәселелерінің бірі. Зерттеу тақырыбына қатысты тарихи дереккөздердің тапшылығы ғылыми тұрғыда дәлелденген нақты тұжырым жасауға қиындық туғызады. Дегенмен, бірқатар отандық және шетелдік зерттеулер бар. Шетелдік, әсіресе, батыстық, американдық зерттеушілер үш «жүздің» пайда болуын көбіне саяси, әскери факторларға байланыстырады. Олар XVI ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ ханы Қасым қайтыс болғаннан соң саяси дағдарыс басталып, орталықтанған мемлекеттің билеуші әулет өкілдері арасында территориялық үш иелікке бөлінгенін қолдайды. Уақыт өте әрбір иеліктегі жүздің географиялық орналасуына байланысты күнделікті өмірлерінде көрші елдердің мәдени, саяси әсерлері байқалады. Ұлы, Орта, Кіші жүздердегі хандық биліктің ру-тайпалардан көрі территориялар бойынша тұрақтылығын сақтағаны болжамданады. Жүздердің құрылымдық жүйесі дамуы барысында күрделеніп, қазақ қоғамын ұйымдастыру мен басқаруда маңызды рөл атқарады. Қазақстан тарихында Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүздің қалыптасып даму процесін хронологиялық төрт дәуірге бөліп қарастыруға болады: генетикалық тұрғыда туыс ру-тайпалардың бір билікке топтасуының аяқталуы; жүздердің қалыптасуы мен өркендеуі және жүздердің саяси алаңдағы рөлінің әлсіреуі. Зерттеу тақырыбы бойынша жасалған тұжырымдар тарихи дереккөздер мен отандық және алыс-жақын шетелдік ғалымдардың іргелі ғылыми жұмыстарына негізделді. Қазақ қоғамындағы жүздердің шығу себептері мен оның кезеңдері шетелдік зерттеушілердің көзқарастары мен пайымдаулары негізінде жанаша зерделенді.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы, қазақтар, қазақ қоғамы, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Kipicne

Қазақ хандығының туы астында біріккен көшпелілер, жартылай отырықшы және отырықшы ру-тайпалардың арасында өзара түрлі деңгейдегі тұрақты қатынастарының сақталғаны тарихтан мәлім. Ал ел басына күн туған жағдайда олардың бір жұдырықтай жұмыла білгені де айқын. Ішкі шекаралық аудандарының көшіп-қону жолдарымен де нақтыланып отырғанына және ру-тайпалардың генетикалық, өзара мәдени, тілдік, тұрмыстық, шаруашылық т.б. бірлігіне қатысты да ешбір даулы мәселе жоқ.

Дегенмен, Қазақ хандығы құрылғаннан кейін оның халқы үш жүзге бөлінді: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Тарихи деректерге қарағанда, аталған қазақ жүздерінің орналасу аймағы олардың пайда болғанынан бастап қазірге дейінгі аралықта аса көп өзгеріске ұшырай қоймағаны аңғарылады.

Соңғы жылдары қазақстандық тарихшылар Қазақ хандығының тарихына қатысты қазақ, орыс, ағылшын тағы өзге тілдерде көптеген жұмыстарын жариялады, әлі де жаңаша зерттеулермен, көзқарастармен толықтырылып келеді. Осы орайда, аталмыш зерттеу мәселелерінің алыс шетелдік ғалымдардың да назарынан тыс қалмағынан айтуға болады.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасы алуан түрлі. «Ұлыбританияда — В. Конолли, Х. Сетон-Уотсон, А. Шихи, Дж. Уиллер, Францияда — А. Беннигсен, Каррер Д. Анкос, З. Лемарсье-Кельеже, Америка Құрама Штаттарында — Е. Бекон, Л. Крадер, М. Рывкин, Р. Олуорт, Германияда — Е. Саркисянс, Б. Шпуллер т.б. бастаған профессорлардың Қазақстан туралы еңбектерінсіз біздің тарихи танымымыздың толық болуы мүмкін емес» [1], – деп, Қазақстан тарихының шетелдік тарихнамасын зерттеуші К.Л. Есмағанбетов айтқанындай, батыстық, американдық тарихшылар мен зерттеушілерінің тың тұжырымдары мен жаңаша пайымдаулары Қазақстан тарихының ғылыми күрделі мәселелерін жаңаша көзқараста қайта зерделеуге өзіндік үлес қосады. Сонымен қатар Қазақстан тарихының деректік, әрі тарихнамалық қорын толықтыра түседі. Осыдан келіп ғылыми жұмыстың мақсаты айқындалып отыр.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: jamal-i@mail.ru

Тақырып ауқымды, әрі күрделі сондықтан оны мақалада толық зерттеу көзделмейді. Зерттеудің мақсаты қазақ жүздерінің пайда болу себептері мен оның хронологиялық даму кезеңдерін айқындау. Алға қойылған мақсатқа жету үшін отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектерін зерделеп, соның ішінде шетел зерттеулеріндегі қазақ жүздерінің шығуына қатысты материалдарға талдау жүргізу және олардағы сипатын айқындау міндеттері қойылады.

Сонымен, XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басынан қазақ жері, оның халқы, мәдениеті, тұрмысы мен әдет-ғұрпы жан-жақты зерттеле бастады. Дегенмен, қазірге дейін қазақ тарихындағы үш жүздің пайда болуы, себептері, қалыптасуы, «жүз» ұғымының мәні мен мазмұны туралы ғалымдардың арасында бірыңғай пікір жоқ. Бұл мәселені зерттеуде Джу Юп Ли сынды кейбір ғалымдар жазба мұралардың қатарында ел аузында сақталған ауызша тарихқа да назар аударудың маңыздылығына тоқталатын болса, біразы қазақ жүздерінің пайда болуын нақты жазбалар арқылы зерттеуді ұсынады.

Зерттеушілердің арасында жүздерге бөліну себепін айқындауда ғана емес, оның хронологиялық кезеңін нақтылауда да көзқарас айырмашылықтары көптеп кездеседі. Бірқатар зерттеушілер қазақ жүздерінің тарихын ежелгі дәуірден немесе ерте ортағасырлардан бастауға тырысатын болса, өзгелері Алтын Орда дәуірінен немесе Қазақ хандығы кезеңінен бастайды. Мәселен, Х.М. Әділгереев «ең алғаш үйсін одағының негізінде б.з.б. II ғасырда Ұлы жүз қалыптасты. Сонымен бірге Масудидің оғыздар X ғасырда үшке, яғни үлкен, Орта және Кіші ордаларға бөлінді деген мәліметін алға тартып, оны В. Радловтың «гуз» сөзі «юз», «жюз» деген мағына білдіреді деген пікірімен дәлелдеуге тырысады» [2].

Осылайша, қазақ халқының рулық-тайпалық жүйесі, оның пайда болуы, орналасуы, этникалық құрамы т.б. жалпы алғанда гуманитарлық, әлеуметтану ғылымдарының мәселелі тақырыптарының бірі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысында XX ғасырға дейінгі бірқатар дереккөздерге және ағылшын, орыс, қазақ тіліндегі зерттеулерге сілтеме жасалды. Соның ішінде XX-XXI ғасырдағы ағылшын тілді зерттеушілердің көзқарастары, тың тұжырымдары мен пайымдарына баса назар аударылды.

Ортағасырлық парсы тарихшысы Рашид ад-дин Фазлуллах Хамаданидің 1298-1307 жылдары жазып қалдырған «Жамиғ ат-тауарих» [3] атты еңбегінің 2023 жылы Д.Қ. Қыдырәлінің жалпы редакторлығында З.Ж. Оразбай, М.З. Оразбаев тарапынан аударма жасалып, түсініктемесі берілген қазақ тіліндегі нұсқасы пайдаланылды.

Аталмыш автордың «Жамиғ ат-тауарих» жазбасы Қазақ хандығының құрамындағы тайпалардың хандыққа дейінгі дәуірде сүрген өмірін зерделеу үшін қолданылды. Еңбек қазақ жүздерінің құрамындағы бірқатар рулардың шығу тегіне, тарихына, сипатына тоқталуымен құндылық танытады. Келесі бір маңызды еңбек Мырза Хайдар Дулатидің 1542-1546 жылдары жазып қалдырған «Тарих-и Рашиди» [4] кітабы болып табылады. Зерттеу жұмысымызда еңбектің 1898 жылы Н. Элиастың редакторлығында және Э. Денисон Росс тарапынан ағылшын тіліне аударылып жарық көрген нұсқасы пайдаланылды. Шығарма Қазақ хандығының құрылуы кезеңіндегі оқиғалар туралы ақпарат беруімен аса құндылық танытады.

Жаңа заманға жататын құнды дереккөздердің қатарында «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көрген «История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков» атты тоғыз томдық еңбектің I томындағы 173-нөмірмен белгіленген орыс елшілік құжаты [5] мен IV томындағы 1771 жылы қазақ даласына екі рет келген саяхатшы Христофор Барданестің «Киргизская, или казацкая, хорография» [6] атты жазбасы пайдаланылды.

Х. Барданестің аталмыш еңбегі ғалымдардың арасында жоғары бағаланады. Автордың осы шығармасы арқылы қалада тұратын кейбір Ұлы жүз адамдарының жаз айларында өз қалаулары бойынша жайлауға шығып кететіні туралы ақпарат аламыз. Бұндай тың ақпараттар өз кезегінде «жүздер» халқының күнделікті өмір тарихы немесе қала тұрғындарының өмірін зерттеуде қызықты тақырып болары анық деп ойлаймыз.

Сонымен қатар 1832 жылы Санкт-Петербуркте жарық көрген А. Левшиннің «Описание Киргизь-казачьихъ ордъ и степей» [7] және П.И. Рычковтың 1896 жылы жарық көрген «История Оренбургская (1730-1750)» [8] атты еңбектерін, 1896 жылы Императорлық орыс географиялық қоғамының «Живая старина» атты мерзімді басылымында жарық көрген Н.А. Аристовтың «Заметки об этническом

составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» [9] атты мақаласын атап өтуге болады.

Жоғарыда аталған Н.А. Аристовтың мақаласында үш жүзді құраған қазақтың руларына және хандықтың құрамындағы «құрамаларға» арнайы тоқталады. Автор қазақтардың саны жағынан осман түріктерінен кейінгі екінші, жер көлемі жағынан бірінші орында екенін айта келіп, олардың Монғол Алтайынан Амударияның төменгі ағысы мен Каспий теңізіне дейін, батыс Тянь-Шань жерінен Орал тауларына дейін таралғанын баяндайды.

Зерттеу тақырыбы шеңберінде пайдаланылған кеңестік ғылыми іргелі жұмыстардың қатарында М. Тынышпаевтың «История казахского народа» [10], А.П. Чулошниковтың «Очерки по истории казак-киргизского народа» [11], В.В. Востров, М.С. Мукановтың «Родоплеменной состав и расселение казахов (конец XIX — XX в.)» [12] атты еңбектерін және тағы өзге әдебиеттерді атап өтуге болады.

Зерттеу жұмысында негізгі басымдық беріліп, мазмұны талданып, әрі танытылып отырған алыс шетелдік авторлардың қатарында Қазақстан тарихы, Орталық Азия елдерінің тарихы бойынша мамандардың еңбектерін іріктеуге тырыстық. Атап айтқанда, А.Е. Hudson «Kazakh Social Structure» [13], М.В. Olcott «The Kazakhs» [14], L. Krader «Peoples of Central Asia» [15], V.N. Kelly-Clark «Clans and Stability: Informal Networks in Kazakhstan and Kyrgyzstan» [16], D. Jayarai «Kazakh Nomadism and the rise of Kazakh Khanate in the 16th century» [17], Lee Joo-Yup «The Kazakh Khanate» [18], E. Schatz «Modern Clan Politics: The Power of «Blood» in Kazakhstan and Beyond» [19] сынды белді зерттеушілер мен олардың іргелі еңбектерін атап өтуге болады.

А. Хадсон өзінің монографиясында қазақтардың әлеуметтік топтарын, олардың шығу процесін, қазақтардың экономикалық өмірге, неке және отбасы мәселелеріне қатынастарын, сыныптық таралуы мен саяси басқару табиғатын айқындауға тырысады. Зерттеу еңбегі XX ғасырдың ортасында жазылғанымен, 1465 жылды Қазақ хандығының құрылуы деп нақты көрсетеді.

Сонымен, тақырыпты зерттеу барысында негізінен тарихи әдістер кешені қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-сыни, салыстырмалы, жалпылау, тарихи-генетикалық, ретроспективті және тағы басқа әдістер пайдаланылды.

Атап өткеніміздей, тақырыптың көлемді екені соншалықты, ғылыми мақала шеңберіне оны жан-жақты талқылау мүмкін емес, сондай-ақ зерттеу мәселесінің күрделілігінен де пікірталасты мезеттер көп кездеседі. Сондықтан болар қазірге дейін ғылыми ортада қазақтардың рулық-тайпалық бірлестіктерінің шығу мәселесі туралы бірқатар зерттеулер жүзеге асырылғанымен, ғалымдар арасында әлі де бірыңғай пікір қабылданбай келеді. Екінші жағынан нақты дереккөздердің тапшылығы да жағдайды қиындата түседі. Бұл өз кезегінде бұл ғылыми салыстырмалы зерттеулерге итермелейді. Шетелдік ғалымдардың еңбектері тың пайымдауларымен тарихнамалық қорды толықтыра түседі.

Талқылау және нәтижелер

XV ғасырдың екінші жартысында құрылған Қазақ хандығының тарихы, соның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы рулық-тайпалық бірлестіктер тақырыбы аз зерттелген жоқ. Бұл жөнінде құнды мағлұматтар беретін бірқатар жазба дереккөздерді, этнографиялық, статистикалық деректерді атап өтуге болады. Тіпті қазіргі таңда әрбір рудың өзіндік шежіре кітаптары бар десек жаңылыс айтқан болмаймыз.

Қазақ қоғамындағы рулық бірлестіктер туралы алғашқылардың бірі болып еңбек жазған қазақ зиялысы М. Тынышпаев «қырғыз-қазақ тарихы бойынша тек қана В.В. Вельяминов-Зернов пен Левшиннің еңбектерін жан-жақты зерттеулер ретінде» қабылдаған болатын [10; 84]. Осы жерде М.Б. Ахинжановтың да пікірін ескеруге болады. Ол өзінің докторлық диссертациясында көшпелі және жартылай көшпелі халықтың күрделі тарихының империялық кезеңін зерттеуде авторлардың Қазақстандағы өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың дамуына, сондай-ақ Оңтүстік Сібір, Орта және Орталық Азияның басқа халықтарының этногенезіне, тіпті автохтонды халықтың бұл үдерістегі рөліне назар аудармағанын айтып, кеңестік кезеңдегі А. Чулошников, М. Вяткин, Н. Мыңжанов, Х. Әділгереев, В. Шахматов, С. Аманжолов сынды зерттеушілердің бұл мәселенің тек жекелеген тақырыптарына көңіл бөлгенін айтқан болатын [20; 198-199]. Осындай мәселелерді назарға алсақ, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымындағы жүздердің зерттелуінде әлі де өзіндік мәселелер бар екенін, тақырыптың қазір де өзекті екенін атап өтуге болады.

Жалпы қазақ жүздерінің шығу тарихын, тайпалардың Қазақ хандығының туы астында біріккенге дейінгі ахуалын қарастырғанда бірқатар ортағасырлық шығыс авторларының, саяхатшылардың, елшілердің, сондай-ақ империялық шенеуніктердің және тағы басқа да зерттеушілердің шығармаларынан әртүрлі мәліметтер кездестіруге болады. Мәселен, парсы тарихшысы Рашид-ад-диннің туындысында қазіргі қазақ жүздерінің құрамындағы қоңырат, қаңлы, қыпшақ, жалайыр, найман сынды тайпалардың шығу тегі, осы тайпаларға жататын кейбір тұлғалардың империядағы қызметтері баяндалады [3; 80-125]. Автор Шыңғыс ханның Тұран және Иран жеріндегі көптеген түмен басы, әмірлері жалайыр тайпасынан шыққанын жазады, тіпті Шыңғыс ханның сол қанат әскерлері жалайыр Мұқали гойонды түгел мойындағанына назар аударады [3; 55-56]. Сондай-ақ күрлеуіт, елжігін, барқұт тайпалары сияқты қоңырат тайпасы туралы Шыңғыс ханмен ешқашан соғыспағаны және оған ешқашан дұшпандық жасамағаны үшін сол әулетпен үнемі туыстық, құда-жекжаттық қатынастағы ерекше құқыққа ие болғанын [3; 76] білеміз. Рашид-ад-дин жоғарыда аталған қазақ жүздеріне жататын әрбір тайпаның Шыңғыс ханның тұсындағы ахуалы, мәртебесі, қызметтеріне т.б. қатысты жеке тоқталып өтеді. Алайда, олардың өзара бірлесіп «жүздерге» ұйымдасқаны туралы сөз қозғалмайды.

Жалпы XIII-XIV ғасырларда Шыңғыс және оның ұрпақтары құрған мемлекеттердің құрылымында «жүз» немесе «жүздік» деген ұғым әскери мақсатта ғана қолданылғанын аңғарамыз. Қазақ хандығына дейінгі дәуірлерде «жүздерге» бөліну туралы кеңестік ғалымдардың сөзімен айтқанда «егер сол кездегі тайпалардың арасында әскери мақсатты емес «жүзге бөліну бар болса ол ақпаратты ортағасырлық тарихшылар мен саяхатшылар назардан тыс қалдырмайтын еді» [12; 9].

В.В. Востров пен М.С. Муканов осындай тұжырымға келуде Н.Я. Бичуриннің «Қазақстан тарихына қатысты IX-XVIII ғасырларға жататын қолжетімді дереккөздерде «жүз» ұғымы кездеспейді» дегенін алға тартып, Ибн Фадланның, Рубруктың саяхатнамаларын, Ипатьев, Лаврентьев тізімдері бойынша жылнамаларды, Рашид-ад-дин, Рузбиханның еңбектерін дәлел ретінде ұсынады. Сөйтіп, В.В. Востров пен М.С. Муканов қазақ халқының үш жүзге нақты бөлінгенін көрсететін алғашқы сенімді деректі 1731 жылға жатқызады. Олардың пікіріне қарағанда, бұл дереккөз Кіші жүз қазақтарына келген аудармашы М. Тевкелевтің императорға жазған мәлімдемесі болып табылады. В.В. Востров пен М.С. Муканов бұдан кейінгі дереккөздердің тізімінде 1734 жылғы Орынбор экспедициясының бастығы И.К. Кириловтың, әрі қарай П.И. Рычков, В.Н. Татищевтің [12; 10] еңбектерін көрсетеді.

Дегенмен, бұл жерде авторлардың ортағасырлық орыс елшілік құжаттарын назардан тыс қалдырғанын айтуымызға болады. Өйткені орыс елшілік құжаттарында В.В. Востров пен М.С. Муканов ұсынған хронологиялық уақыттан бұрынғы кезеңдерге жататын қазақ жүздері туралы ақпараттар кездесетінін көреміз. Нақтырақ айтқанда, соңғы кезеңдегі зерттеулер бойынша қазақ жүздері туралы қолжетімді деректердің ішінде ең көнесі 1616 жылға жататыны айқындалды. Ол Ресей елшілігіне қатысты құжат болып табылады. Томил Петров, Иван Куницын қалмақтарға барған елшілік сапары туралы мәлімдемесінде нақ сол уақытта Ұлы жүз қазақтарының Далай Батыр тайшыға бағынышты екені баяндалады [5; 267]. Елшілердің мәлімдемесіндегі Ұлы жүз қазақтарын атап көрсетуінің өзі XVII ғасырдың басында қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымында өзге жүздердің де болғанын аңғартып қана қоймайды, әрі үш «жүздің» бар болғанын дәлелдейді.

Осы жерде ескере кететін жайт, қазақ жүздерінің қалыптасып дамуы, яғни оның Тәуке ханның тұсына дейінгі даму үдерісі беймәлім екендігі. Бұл мәселе де дереккөздердің тапшылығына байланысты үстіртін қалып отыр, әлі де терең зерттеулерді қажет етеді. Десек те, қазірге мұнда Ж.М. Сабитовтың «қазақ халқында Тәуке хан заманындағы классикалық «жүз» жүйесі қалай пайда болғанын түсіне отырып, оның Алтын Орданың классикалық рулық құрылымынан қалай өзгергенін түсінеміз» [21; 1165], – деген пікіріне қосылуға тура келеді.

Жоғарыда аталған Ресей империясының тарихшысы П.И. Рычковтың Орынбор тарихында да қазақтардың үш жүзге бөлінетіні, жоңғарлар Ұлы Орданы жаулап алып, аманат ретінде олардың ұлдарын алып кеткені, соған орай өзге ордаларға қарағанда Ұлы Орданың ахуалы мүшкіл екені баяндалады. Бұған қоса ол Ұлы Орданың ханы — Ауыбасар және оның ұлы Әбілғазы сұлтан деп береді. Ал Орта Орда халқының көптігі мен байлығы, олардың Түркістаннан Арал теңізіне, Тобылдың жоғары ағысы мен Есілге, Сібір жақтағы территорияларға дейін алып жатқан көші-қон жерлері туралы хабарлайды. Бұл кездегі Орта Орданың билеушісі — Әбілмәмбет хан, Барақ және Абылай сұлтан болатын. Автор Каспий теңізі, Ор, Елек өзені, Торғай, сондай-ақ далалық өзендердің бойларымен және Жайыққа дейінгі жерлерде көшіп-қонып жүретін Кіші Орда халқының билеушісі

— Әбілхайыр хан мен ұлдары [8; 71], – деп көрсетеді. Негізінде П.И. Рычковтың «жүздерге» қоса олардың билеушілері туралы да нақты ақпарат беруі еңбектің маңыздылығын арттырады. Алайда, ақпараттың зерттеу кезеңінен өте алшақтығын, яғни XVIII ғасырға қатысты екенін ескерген жөн.

Осы орайда орыс деректерінде сақталған келесі автор, грек саяхатшысы Х. Барданестің жазбалары тарих ғылымында өзіндік құндылыққа ие. Аталмыш жазбаға Қазақстанның жаңа заман саяси және әлеуметтік тарихы бойынша маман И.В. Ерофеева «Қазақстанның тарихи этнографиясы мен географиясы бойынша бірінші жалпылама еңбек» деп баға берген болатын [6; 13]. Зерттеуші Х. Барданес былай жазады: «барлық қырғыздар немесе қазақ (олар өзін осылай атайды) халқы үш басты иелікке немесе князьдікке бөлінеді. Әдетте ресейліктер оларды «орда» деп атайды. Өздері оны «джюс» деп атайды, мағынасы «жүздікті» білдіреді, бірақ олар үлкен көлемді немесе полк секілді. Мұнымен олар түрлі мал табындарын да атайды. Бірқатар қырғыздардан естігенімдей, бірінші бөлік «Улу джюс», яғни Үлкен Орда, ол «Алтын джюс», яғни Алтын Орда. Үлкен Орданың барлығы көшпелілерімен бірге Ташкент, Түркістан қалаларының маңында орналасқан. Ол жерлердің халқын өздерінің тәуелділері санайды және ол Орданың басшысы Ташкентте өмір сүреді. Олар өздерінің басшыларын хан дейді, оны атымен — Төле би хан деп атайды» [6; 167-168].

Саяхатшы Х. Барданестің жазбасында баяндалатын Төле биге қатысты мәліметті былайша түсіндіруге болады. Біріншіден, постмонғолдық дәуірде құрылған мемлекеттерде де «хан» титулын тек Шыңғыс ханның ұрпақтарына берілетінін ескеретін болсақ, Төле бидің ресми «хан» мәртебесін алуы мүмкін емес көрінеді. Дегенмен, биді үш жүздің қазағы толық мойындағаны тарихи шындық. Бұны бұқара халық Төле бидің ел арасындағы сый-құрмет дәрежесінің жоғары болғанын білдіру мақсатында ауыз екі айтуы мүмкін. Екіншіден, бұл жерде Жолбарыс хан қайтыс болғаннан кейінгі уақыттағы Төле бидің билігі кезеңін айтуы ықтималдығын да қарастыруға болады. Мәселен, М.Х. Дулатидің «Бұрындық хан болғанына қарамастан, мемлекеттік істердің барлығын Қасым хан жүргізетін еді» [4; 206] дегенінде, Қасымның хан тағына ресми отырмаған кезі екені анық, соған қарамастан оның есіміне «хан» атағын (лауазым) қосып айтады. Сондықтан мұны Қасым сұлтанның сол кездегі ел арасындағы беделін, салмағын білдіру үшін жазды деп түсінеміз. Бірақ ол екеуінің Төле биден айырмашылығы төрелер болатын. Ал үшіншіден, саяхатшының XVIII ғасырдың екінші жартысында саяхаттағанын назарға алатын болсақ, онда Төле биге қатысты ақпаратта қателік жасауын назардан тыс қалдыруға болмайды.

XIX ғасырдың тарихшы этнографы А.И. Левшин де өз кезеңінің іргелі зерттеу жұмысын қалдырған болатын. Автордың шығармасында ауызша дәстүрлердің қазақ «жүздерін» зерттеуде алатын маңызына назар аударылады. Ол халық арасында сақталған: «Алаша үш жүз әскерімен Бұхарияға жорыққа аттанып, сол жерде жеңіліп, Түркістанға қоныстандырылады. Бірнеше жылдан соң ол қайтыс болса да, оның артында қалғандары үш бөлікке бөлінген бұрынғы құрамын сол күйінде сақтап қалады. Оның үлкені «Улу Юзь» (Ұлы жүз), ортаңғысы «Урта Юзь» (Орта жүз), кішісі «Кичи Юзь» (Кіші жүз)» [7; 28], – деген оқиға арқылы халықтың жүздерге бөлінуін баяндайды. Сөйтіп, А.И. Левшин зерттеуін қорыта келе, «қазақтардың үш жүзге бөлінуінің нақты себебін сипаттап көрсететін дереккөздер жоқ және оның шығу тегі кұпия», – дейді [7; 65]. Осы жерде А.П. Чулошниковтың көзқарасына тоқталатын болсақ, А.И. Левшинді қолдайды. Оның да ауызша дәстүрлерге назар аударғанын көреміз. Ол ауызша дәстүрдегі ақпараттарды тарихи деректермен салыстырып, үш жүздің шығу тегін анықтау үшін ежелгі дәстүрлерді қамтитын халық дәстүрін зерделеу қажеттігіне тоқталады [11; 175].

Сонымен, жоғарыда берілген дереккөздердегі мәліметтерді жинақтап, «жүз» ұғымының рулық-тайпалық бірлестіктерге қатысты мағынада қолданылуы бойынша мынадай болжам жасауға болады: 1) Қазақ хандығына дейінгі дәуірлерде ру-тайпалардың әскери мақсатты емес одақтарға бірігіп, олардың «жүз» деп аталғаны туралы мәлімет қазіргі қолжетімді деректерде кездеспейді; 2) XVII ғасырдағы деректер қазақ қоғамында үш жүздің нақты болғанынан хабар береді; 3) XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдағы деректерде қазақ «жүздері» туралы ақпараттар мол, оның саяси салмағын да байқатады.

Қазақ жүздерінің пайда болған уақыты туралы деректер бойынша ғалымдардың арасында түрлі болжамдар кездеседі. Нақтырақ айтқанда, қазақ жүздерінің пайда болуын XVIII ғасырдан бұрынғы хронологиялық кезеңге жатқызатын авторлардың қатарында В.В. Вильяминов-Зерновты атап өтуге болады. Ғалымның пікіріне қарағанда, XVI ғ. соңы — XVII ғ. басындағы қазақ жері үш иелікке бөлінген болатын. Ал Т.И. Султановтың өзі қазақ жүздерінің құрылуын XVI ғасырдың екінші онжылдығында басталып, XVI–XVII ғасырлардың тоғысында аяқталғанын пайымдайды [22; 67-69].

Бұл хронологиялық шекті кейбір зерттеушілер Қасым хан қайтыс болғаннан кейінгі дүрбелең заманмен байланыстырады.

Сонымен қатар, Т.И. Султанов XV-XVI ғасырларда қазақ жүздерінің қалыптасуын теріске шығарған қазақстандық кейбір ғалымдардың пікірін негізсіз деп санайды. Яғни, бұл көзқарастағы ғалымдар қазақ жүздерінің пайда болуын Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңге жатқызады. Мәселен, С.А. Аманжолов пен Х.М. Әділгереевтің пікірінше, қазақ жүздерінің қалыптасуы VII ғасырда басталып X ғасырда аяқталған болатын [22; 68-69]. Осы жерде шығыстанушы Н.А. Аристовтың пайымдарына тоқталатын болсақ, ол керісінше, соңғы ортағасырларды меңзейді. Ол ортағасырлық араб, парсы авторларының, В. Радлов, капитан Андреев, П.И. Рычков, А.И. Левшин сынды бірқатар зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, XVIII ғасырдан бастап қана қазақтардың үш ордаға бөлінгеніне болжам жасаған болатын [9; 350].

Осылайша, ғалымдардың тұжырымдарын жинақтап, оларды нақты былайша болжап көрсетуге болады:

1) ежелгі және ерте ортағасырлық кезеңді қолдайтын пікірлер көбіне ерте дәуірдегі сақтардың, оғыздардың үшке бөлінуіне, сондай-ақ ерте ортағасырдағы түрік мемлекеттерінің мемлекеттік басқаруындағы үштік жүйеге негізделеді;

Алдымен, негізгі түсініктерге тоқталсақ: өзара байланыс — бұл екіжақты байланыстардың жүйесі болып саналады және мұндай байланыстардың нәтижесінде біржақты өзгерістер екінші жаққа да ықпал етеді. Музей мен қоғамның өзара байланысу мәселесі екі құбылыстың диалектикалық байланысу мәселесі ретінде беріледі және бұл мәселенің шешімі диалог жасау жолдарымен байланысты болып келеді. Музей — бұл адам мен оның заттанған мәдени мұрасы арасындағы қарым-қатынастары ұйымдастыруға бағытталған ерекше жүйе болып саналады. Қоғам — бұл адамның қызметімен байланысты өздігінен дамитын орта және музей жүйесін қоршайтын элеуметтік-мәдени ортаның компоненті болып табылады. Музей — бұл индивид, қоғам және мемлекет үшін маңызды фактор болып саналады. Осы себептен, музейге мемлекет тарапынан көп көңіл бөлініп, әртүрлі заң актілері мен үкіметтің қаулылары мен бұйрықтары қабылданды, ұлттық музейлер, аймақтық (жергілікті, өлкелік) музейлердің желісі, мамандандырылған және ведомствалық музейлер құрылды, кәсіби музей бірлестіктері пайда болып, арнайы басылымдар жариялана бастады.

Қазіргі кезеңдегі музей қоғамның элеуметтік-мәдени өмірінің тұрақты элементі ретінде үш элеуметтік топтың (музей құндылықтарының иелері, музей мамандары және бұқара) өзара байланысу үрдісі барысында ұзақ уақытқа созылған институционализациялану кезеңінен өтті. Аталған топ, яғни музей құндылықтарының иелері, музей мамандары мен бұқара арасындағы байланыстардың ерекшелігі музей формасына ықпал етті. Осы тұрғыдан алғанда, музейдің келесідей тарихи формаларын бөліп көрсетуге болады: біріншісі, жеке музей. Музейдің бұл түрі жеке бір тұлғаның, субъектінің бастамасы негізінде қалыптасады және өзінің ықпалын шектелген таныстар ортасында таратады; екіншісі, корпоративтік музей, бұл корпоративтік субъектінің (ғалымдар тобы, қоғамдық ұйымдар, оқу орындары, қалалық және жергілікті әкімшілік кәсіпорындар т.б.) бастамасы және қаржысы негізінде қызмет жасайды; үшіншісі, мемлекеттік/ұлттық музей, бұл музейге мемлекеттік басқару аппараты мен музей қызметкерлері жетекшілік етеді және жұрт алдында ашық деп заңдастырылып, жалпыхалықтық игілік деп жарияланады. Осы аталған институционализацияланудың формалары өздерінің ортақ белгілерімен біріктіріледі. Әрине, мемлекеттік музей түрі әмбебап және тұрақты болып келеді, сондықтан қоғаммен өзара байланысу барысында айтарлықтай мобильді болып келмейді. Себебі, музейде шоғырландырылған құндылықтардың иесі мемлекет саналады, мемлекет өзіне музейдің қызметін реттеу, есепке алу және қаржыландыру функциясын жүктеп, азаматтық қоғаммен байланыс орнату ісін музей мамандарына жүктейді [1; 11].

Мемлекеттік музей қызметінің институционалдық аспектісінде пайда болатын барлық проблемалық жағдайлар (құндылықтарды иеленуші шиеленістер, музей коллекцияларының қоғамдық қажеттілікке сәйкес келуі т.б.) музей мамандарының ынтық жұмсартуға бағытталған. Бірақ, музей қызметкерлерінің өздері бәрінен бұрын қоғамның бір бөлігі және кәсіби қызметкер болып табылады, сол себептен музей ісін ұйымдастыру барысында мәселелер туындауы мүмкін. Сондықтан, қоғаммен тиімді байланыс орнату үшін музей «музей үш бұрышы» арқылы, яғни әкімшілік, музей мамандары және музей қызметкерлері арасындағы қатынастарды үйлестіру қажет. Өзімізге белгілі, жұрт — бұл музеймен тығыз байланыс орнататын қоғамның бір бөлігі. Соңғы жылдардағы элеуметтік-мәдени өмірдегі түбегейлі өзгерістер, мәдениет пен оның институттарының даму үрдістері қоғамға тәуелді болып келеді. Осындай жағдайда жұрттың интеграциясы мен дифференциациясы, қажеттіліктері мен қызығушылықтары маңызды рөл атқарады. Осы себептен, жұрттың қызығушылықтарын зерттеу кез келген музей қызметінің атрибуты болуы тиіс.

Өзімізге белгілі, музей — тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді [2].

Қоғам мен мәдениетте болып жатқан түбегейлі өзгерістерді көрсету арқылы, мұражайлар қазіргі кезде айтарлықтай өзгерістерді бастарынан өткеруде. «Өзгеріске ұшырап жатқан әлемдегі мұражайлар» қазіргі кездегі шындықтың көрінісі болып табылады. Шындығына келгенде мұражай қызметінің қазіргі таңда әлеуметтік-мәдени маңызы арта түсуде, мұражайлардың мәдени мұраларды сақтау әрі оларды көпшілікке түсіндірудегі, әлеуметтік бейімделу мен мәдени біртектілендірудің күрделі үрдісіндегі, білім алу, бос уақытты ұйымдастырудағы рөлі арта түсуде. Қазіргі заманғы мұражайлар білім, коммуникация, мәдени ақпараттар алумен қатар шығармашылық инновациялардың орталығына айналууда. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдар мұражайлардың өзіндік жол іздеулерін, жаңа білімдерге ұмытуларын, жаңа ойлар, рухани құндылықтарды пайдалануға итермелейді. Қоғамдық сананың қол жеткізген деңгейін есепке алатын институттан мұражай сол сапаны алға бастыратын мәдениет көрінісіне айналады. Соңғы кездерге дейін мұражай экспозицияларының сапасы мұражайға қойылған заттар мен коллекцияларында көрсетілген дәстүрлі ғылыми үлгілерге сәйкестігіне орай белгіленетін, ол қазір мұражайлар құндылықтарды жаңа тұрғыдан қарап, мұражайда қойылған заттарға ерекше көзқарас қалыптастырады, жасалып жатқан экспозициялар мен көрмелер, мәдени-білім беру жобалары ғылыми тұрғыдан зерттеу нәтижесін көрсетсе, сонымен қатар жеке тұлғалардың шығармашылық ізденулеріне жол ашады.

Жалпы әлемде музейлердің қалыптасуы мен дамуы сол халықтарға тән өзіндік ұлттық ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ — ежелден еркіндік аңсаған, сол ғасырлар бойына басына түскен сан алуан адам төзгісіз қиыншылықтарға мойымай, ата-баба жерін, асыл мұрасын ат үстінде найза ұшымен қасық қаны қалғанша қорғаған халық. Бойына сіңген бұл қасиеттердің құпиясы қашаннан қазақтың ата-баба мұрасына ерекше құрметпен қарап, салт-дәстүрін сақтап, өсіп келе жатқан ұрпақтарына тәлім-тәрбие және үлгі-өнеге көрсетуге ерекше көңіл бөлінуде. Әрине тәлім-тәрбие тек атадан қалған нақыл сөздермен, шебер әрі орынды айтылған ақыл-кеңеспен немесе жағымсыз қылықтарға тиым салып отырумен шектелмейтіні белгілі. Қазіргі таңда әлемдік музейлердің бірнеше түрлері бар. Олар: тарихи музейлер-тарих ғылымдарының жүйесімен біріктірілген музейлер жатады: тарихи археологиялық, нумизматикалық, тарихи-революциялық, әскери-тарихи, тарихи-экономикалық, ағарту және білім тарихы, арнайы тарихи және т.б.; өнертану музейлері — өнер және өнертану тарихына жататын музейлер. Мысалы: бейнелеу өнері музейі, сурет галереялары, скульптура (мүсін) музейлері, қолданбалы өнер музейлері, колөнер, гравюра кабинеттері, театр, музыка, киноөнері музейлері және т.б.; жаратылыстану тарихи музейлері — жаратылыстану ғылымдарына жататын музейлер. Оларға: биологиялық, ботаникалық (өсімдіктану), жануартану, геология, минералогия, палеонтология, антропология (адамтану) және экологиялық музейлер жатады; техникалық музейлерге — техника ғылымдар және өндіріспен байланысты музейлер: политехникалық, техникалық, авиация, байланыс, тау-кен ісі, теміржол көлігі, жеке кәсіпорындар музейлері, техника ескерткіштері т.б.; әдебиеттану музейлеріне әдебиетке, жазушылардың өмірі мен қызметіне байланысты музейлер; мемориалды музейлер маңызды топты құрайды; кешенді музейлер — екі не одан да көп негізгі салаларды байланыстыратын музейлер: тарихи-өнертану, тарихи-сәулет, ауылшаруашылық музейлері (жаратылыстану ғылымы мен тарих салаларының бірігуі) және т.б. Кешенді музейлердің ішінде кең тараған өлкетану музейлері. Мұнда жекелеген өнер бөлімдері де кездеседі. Кеше де, бүгін де музейлерге ғылыми-зерттеу және тәрбиелік қызметтер тән. Бұл музей қызметінің іргелі саласы — экспозициялар мен көрмелерде айқын бой көрсетеді. Музейлер түрі мен саласына қарай іштей жіктеледі. Олардың типі — негізгі қоғамдық белгісіне қарай анықталады. Осы белгілерге сәйкес музейлердің салалары арнайы өндіріс, ғылым, өнер, салалары бойынша анықталады. Олардың ішкі жағдайлары музейлерде көрініс табады [3].

Әрине, музей белгілі бір әлеуметтік-мәдени қатынастарды ұйымдастыратын ерекше форма және күрделі өздігінен дамитын жүйе болып саналады. Музейде ішкіжүйелік және экстражүйелік функциялар жүзеге асырылады. Ішкіжүйелік функциялар музей организмнің өмірлік қызметін қамтамасыз ету үшін қажет. Мұндай функциялардың қатарынан жинақтау, инвентаризациялау, тіркеу, есепке алу, сақтау, зерттеу, жіктеу, көрмеге қою функцияларын атап көрсетуге болады. Музей мен қоғам арасындағы байланысты жүзеге асыру үшін музейдің келесідей функцияларын атап өтсек:

1) әлеуметтік-мәдени орта құбылыстарын толымдау. Бұл функция музейдің базисін, атап айтқанда қорларын құрады және қоғаммен байланыс жасауға айтарлықтай ашық болып келеді. Бұл функцияның мәні — уақыт талабына сай құнды әрі маңызды мәдени құндылықтарды жинақтап, оларды сақтау мақсатында қоғам өкілдерімен байланыс орнату болып саналады;

2) шындықты моделдеу функциясы арқылы музей белгілі бір ескерткіш туралы қосымша ақпаратты анықтап, қоғамға сол ескерткіштің маңыздылығы мен мәнін жеткізеді. Бұл функцияның негізінде сақталған, зерттелген және реставрацияланған ескерткіш белгілі бір концепцияның (ғылыми, шығармашылық) және белгілі бір принцип (идея, тақырыбы, жіктеу т.б.) негізінде іріктеп алынып, жұртқа жаңа контекстінде ұсынылады;

3) музейдің шындықты коммуникативті түрде түсіндіру функциясы қалыптасқан экспозицияларының және жүзеге асырылмаған үлгілердің (музейлік коллекциялар мен қорлар) негізінде іске асырылады. Мәдени мәнді трансляциялау белгілі бір жағдайларға (жалпы мәдени жағдай және нақты байланыс жағдайы) байланысты өзгеріп отыратын музейлік мәтіндерді түсіндіру арқылы жүреді [1; 11].

Осы аталған үш негізгі функцияға сүйене отырып, музей қоғаммен байланыс орнату барысында өзінің метажүйелік функциясын жүзеге асырады. Әрине, музейдің негізгі метажүйелі функциясы және музейдің қоғамдағы миссиясы — музей коллекциялары түріндегі мәдени және табиғи мұраны трансляциялау болып саналады.

Атап өтсек, теориялық музейтануда музейлік коммуникация деген ұғым бар. Коммуникация (лат. communico) — байланыстырамын, қарым-қатынас жасаймын, жалпы етемін деген ұғымды береді. Алғаш рет 1968 жылы ұғымды ғылыми айналымға енгізген канада музеологы Дункан Ф. Камерон болды. Оның теориясы бойынша, музейлік коммуникация — бір жағынан музей экспозициясының түсінікті, шебер ұйымдастырылуы болса, екінші жағынан көрерменнің «заттар тілін» түсінуі, бір сөзбен айтқанда көрерменнің музей жәдігерлерімен қатынасы. Осыған орай, Д.Ф. Камерон музей мен аудитория арасындағы қарым-қатынаста музей ісінің ұйымдастырылуына байланысты бірқатар ұсыныстар енгізді. Біріншіден, музей экспозициясын құруда экспозиционерлермен бірге суретшілер (дизайнерлер) қатысуы керек. Екіншіден, экскурсовод көрерменді «заттың тілін» білуге үйретуі қажет. Үшіншіден, музейлік коммуникацияны тиімді дамыту үшін музейге психолог, социолог мамандар тартылуға тиісті. Музей ісін дамытуға бағытталған Д.Ф. Камеронның еңбектері ғылыми ортада мойындалғанымен, бірқатар ғалымдар тарапынан сынға да ұшырады. Дегенмен, музейтану ғылымының дамуына әсер еткен теория болды. Қазіргі кезеңде музейлік коммуникацияның теориялық негізін жасаушылардың бірі неміс ғалымы Ю. Ромедер болып табылады. Оның тұжырымдамасы бойынша, музей заты ерекше құндылыққа ие болмау қажет, өйткені ол «қоғамдық-тарихи үдерістің бір белгісі ғана». Сондықтан музей экспозициясы тарихи-мәдени құбылыстар мен үрдістерді белгілік компоненттер болып табылатын жәдігерлер арқылы көрсетіп, белгілік (символ) жүйеге айналуы қажет [4; 9].

Осымен бірге, музейдің коммуникативті жүйесінде ішкі музейлік және сыртқы музейлік ішкіжүйелерді бөліп көрсетуге болады. Бұл жөнінде, зерттеуші Е.Г. Саркисова музейлік коммуникацияның құрылымындағы конвенционалдық және конвенционалдық емес типологиясының өзіндік екі арнасын: арналарын келесідей етіп бөліп көрсетеді: «Қоғам → Музей → Қоғам»; «Музей → Қоғам → Музей». Яғни, музей — бұл адамдардың өзара байланысының әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігі болып табылады [5; 19].

Ғылыми әдебиеттерде қарастырылған концептуалдық көзқарастардың негізінде музейдің келесідей функцияларын бөліп көрсетуге болады:

- 1) музейлік маңызы бар ескерткіштерді анықтау және жинақтау;
- 2) музейлік маңызға ие ескерткіштерді сақтау, ғылыми тұрғыдан зерттеу және түсіндіру;
- 3) мәдениетті жаңғырту;
- 4) біліми-тәрбие функциясы;
- 5) ақпараттық-коммуникативті функция;
- 6) бос уақыт қызметін ұйымдастыру функциясы;
- 7) ресурстық функция.

Сонымен қатар, бүгінгі музейтану ғылымында қоғам өміріндегі және мәдени салада музей ісінің ерекшеліктері мен ролін анықтайтын тарихи қалыптасқан екі әлеуметтік функция қолданыста екендігіне назар бөлу қажет. Олар:

– құжаттау функциясы (дәлелдеу, растау) қоғам және табиғат өмірінде болған оқиғалар мен құбылыстар, тарихи үрдістер мен заңдылықтарды музей жинағындағы музейлік заттар арқылы мақсатты түрде көрсету. Құжаттау функциясы музей қызметінің ғылыми қор жинақтау, ғылыми-қор жұмысында және экспозиция құру барысында қолданылады;

– білім беру және тәрбиелік функция музей заттарының ақпараттық және экспрессивтік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, қоғамның танымдық және мәдени сұранысын қанағаттандыру мәселесін қарастырады. Негізінен музей экспозицияларының құрылуында ерекше маңызға ие бұл функция, ғылыми-ағартушылық үгіт-насихат және жарнамалық жұмыстарда да пайдаланылады. Бірқатар елдердің музейтанушылары жоғарыда көрсетілген екі функцияны музей қызметінде қоғамның қажеттілігін қанағаттандыратын маңызды функциялар деп атап көрсетсе, екінші бір зерттеушілер бүгінгі күні И.В. Иксанова, В.В. Селиванов, З. Странский сынды музейтанушы ғалымдар музейлердің ғылыми-зерттеу, эстетикалық, гносеология-аксиологиялық, тәрбиелік, қор жабдықтау және көрнекілік, сақтау мен коммуникация функцияларын атап көрсетеді [6]. Ғалымдар аталған функциялардың адамның мәдени құндылықтарын қанағаттандыруда, шығармашылық белсенділігінің артуында, қоршаған ортаны жан-жақты тануында маңыздылығын айта келіп, аталған функциялардың музей қызметінде кеңінен қолданылатындығына тоқталады. Музейлердің әлеуметтік функциялары музейді тек қана музей емес, музей — ғылыми-зерттеу институты, музей — мектеп, музей — клуб, музей — мәдени-ошақ деген сияқты қоғамға қажетті маңызды қырларын ашу мақсатында қолданылып отыр.

Қазіргі уақытта музейдің мәдени-тарихи құбылыс және қоғамның әлеуметтік-мәдени өміріндегі ерекше жүйе ретінде пайда болуының хронологиялық шеңберін анықтаудың да маңызы бар. Жалпы алғанда музей аясында мәдени форманың қалыптасу үрдісінің хронологиясын келесідей бөліп көрсетуге болады: әлеуметтік-мәдени жағдайдың өзгеруі — жаңа мәдени қажеттіліктің пайда болуы — бұл қажеттілікті қоғамның ұғынуы және әлеуметтік экспектация жүйесінің қалыптасуы — өз қажеттілігін қанағаттандырудың тиімді формасын іздеу арқылы қажеттіліктің өзектілігі — мәдени форманың пайда болуы, адаптациясы және дамуы.

Атап өту қажет, музейдің мәдениет формасы ретінде өзгеруі тек қана тігінен емес, көлденеңінен де жүзеге асырылады. Мұның дәлелі ретінде белгілі бір тарихи кезеңде музейлердің әртүрлі типтерінің қалыптасуын келтіруге болады. Мысалы, XVI–XVII ғғ. Еуропада «гардароба», «анатомиялық театр», «кабинет», «галерея» сияқты музейдің формалары қалыптасқан. Бұлардың қатарында қазіргі уақытта «галерея» институционалдық мәртебеге ие, ал қалғандары әлеуметтік-мәдени өзгерістердің нәтижесінде өздерінің мәртебесін жоғалтқан.

Музейдің мәдени форма ретінде белсенді даму кезеңі XVIII–XIX ғғ. орын алған. Яғни, XVII–XVIII ғғ. музейдегі жинақталған құндылықтар және олардың біліми қуаты XIX ғ. сұранысқа ие бола бастады. XX ғ. басына қарай музей мәдениеттің формасы ретінде мәдени норма деңгейіне жетеді. Жаһандану және виртуализациямен байланысты XX ғ. екінші жартысы — XXI ғ. басындағы әлеуметтік үрдістер және ұлттық тарих, материалдық және рухани мәдениеттің маңыздылығы мен өзектілігі музейдің қоғамның мәдени формасы ретіндегі рөлін кеңейтті және нығайтты [7; 130].

Қорытынды

Музей өзінің негізгі функцияларын жүзеге асыру арқылы қоғаммен байланыс орнатудың салаларын қалыптастырады және бұл салалардың әрқайсысының өзіндік бағыты мен ерекшеліктері бар. Әрбір салада музей мен қоғам арасындағы байланыс ерекше сипатқа ие және осындай ерекшеліктің арқасында олардың өзара байланысының тәсілдері мен түрлері өңделеді. Сондықтан, музей мен әлеуметтік мәдени орта арасындағы байланысты үйлесімді ету үшін музей мен қоғамның өзара байланысының барлық салаларына теңдей назар бөлу қажет.

Өзімізге белгілі, қазіргі кезеңдегі қоғамның дамуы жаңа технологияларды қолдануға және интерактивті кеңістікте өмір сүруге бейімделген адамдарды қалыптастыруда. Сондықтан, музей үшін сенсорлық дисплейі, мультимедиялық бағдарламалары және электронды экскурсия жетекшісі, виртуалды панорамасы, пікір білдіретін электронды кітапшалары бар интерактивті экспозицияларды құру қажет. Мұндай қадамдардың өзі қазіргі кезеңдегі музей мен қоғам арасындағы байланысты барынша дамытады және нығайтады.

Әдебиеттер тізімі

1 Зиновьева Ю.Г. Взаимодействие музея и общества как социокультурная проблема / Ю.Г. Зиновьева. — Санкт-Петербург, 2000. — 19 с.

2 Лебедев А. Музей имеет преимущество перед другими формами образования / А. Лебедев. — Москва, 1999. — 70 с.

3 Қазақстандағы музей ісінің даму үрдісі. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1791-kazakstanda-y-muzej-isini-damu-rdisi>

4 Ромедер Ю. Методы и средства музейной работы: педагогика обслуживания отдельного посетителя в музее / Ю. Ромедер // Музееведение и охрана памятников: науч.-реф. сб. — М., 1980. — С. 8–11.

5 Саркисова Е.Г. Музей в социокультурном пространстве современного общества: функциональная трансформация. Автореф. дисс. ... канд. культурол. / Е.Г. Саркисова. — Краснодар, 2022. — 25 с.

6 Селиванов В.В. Предмет и структура музейной социологии: опыт решения проблемы / В.В. Селиванов. — М., 1988. — 225 с.

7 Полякова Е.А. Развитие музея как образовательной формы культуры / Е.А. Полякова // Вестник Томского государственного университета. История. — 2014. — № 6 (32). — С. 129-136.

Н.И. Маханов, А.С. Адильбаева, К.Б. Болатова

Взаимоотношения музея и общества: исторический аспект

В эпоху глобализации изменилось отношение общества к культурному наследию, которое воспринимается как национальное достояние, гарантия устойчивого социально-экономического развития. Музеи являются главными хранителями национального достояния, социальной памяти. В связи с этим, авторы статьи раскрывают проблемы взаимодействия музея и общества в историческом аспекте, рассматривают функции музея как фундамент взаимодействия музея и общества, основные сферы и основные пути взаимодействия и конкретные шаги, предпринимаемые современными музеями и обществом с целью повышения эффективности обоюдных контактов. Кроме того, охарактеризована роль общественных потребностей в процессе генезиса музея и уточнены хронологические рамки появления музея как культурно-исторического явления и как особой системы в социально-культурной жизни общества.

Ключевые слова: история, музей, культурное наследие, национальное достояние, функции музея, культурно-историческое явление, культура.

N.I. Makhanov, A.S. Adilbayeva, K.B. Bolatova

Relationships between museum and society: historical aspect

In the era of globalization, society attitude to cultural heritage has changed, which is perceived as a national treasure, a guarantee of sustainable socio-economic development. Museums are the main custodians of national treasure, social memory. In this regard, the authors reveal the problems of interaction between museum and society in the historical aspect. In the article the functions of the museum as the foundation of interaction between the museum and society, the main areas and main ways of interaction and specific steps taken by modern museums and society in order to increase the effectiveness of mutual contacts were examined. The role of public needs in the process of the genesis of the museum is characterized and the chronological framework of the emergence of the museum as a cultural and historical phenomenon and as a special system in the socio-cultural life of society is clarified.

Keywords: history, museum, cultural heritage, national treasure, functions of the museum, cultural and historical phenomenon, culture.

References

- 1 Zinoveva, Yu.G. (2000). Vzaimodeistvie muzeia i obshchestva kak sotsiokulturnaia problema [Interaction of the museum and society as a socio-cultural problem]. Sankt-Peterburg [in Russian].
- 2 Lebedev, A. (1999). Muzei imeet preimushchestvo pered drugimi formami obrazovaniia [The museum has an advantage over other forms of education]. Moscow [in Russian].
- 3 Qazaqstandagy muzei isinin damu urdisi [The development trend of museum work in Kazakhstan]. Retrieved from <https://kazmuseum.kz/muzeologiya-m-seleleri/item/1791-kazakstanda-y-muzej-isini-damu-rdisi> [in Kazakh].
- 4 Romeder, Yu. (1980). Metody i sredstva muzeinoi raboty: pedagogika obsluzhivaniia otdelnogo posetitelia v muzee [Methods and means of museum work: pedagogy of serving an individual visitor in a museum]. *Muzeevedenie i okhrana pamiatnikov: nauchno-referativnyi sbornik — Museology and protection of monuments: scientific and abstract collection* (pp. 8-11). Moscow [in Russian].

5 Sarkisova, E.G. (2022). Muzei v sotsiokulturnom prostranstve sovremennogo obshchestva: funkionalnaia transformatsiia [Museum in the socio-cultural space of modern society: functional transformation. *Extended abstract of candidate's thesis*. Krasnodar [in Russian].

6 Selivanov, V.V. (1988). Predmet i struktura muzeinoi sotsiologii: opyt resheniia problemy [Subject and structure of museum sociology: experience of solving the problem]. Moscow [in Russian].

7 Poliakova, E.A. (2014). Razvitie muzeia kak obrazovatelnoi formy kultury [Development of the museum as an educational form of culture]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Istoriiia — Bulletin of Tomsk State University. History*, 6 (32), 129-136 [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Маханов Нуржан — PhD доктарант, Alikhan Bokeikhan University, Семей Қазақстан;
<https://orcid.org/0009-0007-5367-2002>

Адилбаева Айгуль — т.ғ.д., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;
<https://orcid.org/0000-0003-2730-2167>



Болатова Қаламқас — т.ғ.к., Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан;
<https://orcid.org/0000-0002-9224-9596>

Information about the authors

Makhanov Nurzhan — PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Adilbayeva Aigul — Doctor of historical sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan;

Bolatova Kalamkas — Candidate of historical sciences, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.

М.Б. Муратова ^{*}, Д.А. Джумабеков , С.Б. Иксанов 

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: 141092@mail.ru; azmukhan@mail.ru; karakesek424@mail.ru)*

XIX ғ. екінші ширегіндегі Қарқаралы уезінің экономикалық жағдайы

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресей империясы Қазақстанда отаршылдық тәртібін орнатты. Табиғи ресурстарға, мал шаруашылығы шикізатына бай қазақ өлкесі Ресей кәсіпкерлерінің назарын өзіне көптен бері-ақ аударған болатын. Метрополияның толқыны дамып келе жатқан кезде шикізат өнеркәсібі көздеріне, жұмысшы күшіне барған сайын мұқтаждық көре бастады. Сондықтан, жер қойнауындағы байлығы мол аймақты игеру басқарушы топтардан әкімшілік-билеушілік, тағы басқа әдістерді енгізуді талап етті. Осыған байланысты, мақалада қарастырылып отырған кезеңде Қарқаралы өңірінде болған экономикалық және әлеуметтік өзгерістерді зерттеуге арналған. Орыс шаруаларының қоныс аударуының әсерін, егіншілік пен мал шаруашылығындағы өзгерістерді талдауға, сонымен қатар өлкенің экономикалық дамуындағы орман шаруашылығының, сауданың, өндірістің, өнеркәсіптің рөліне көңіл бөлінеді.

Кілт сөздер: Ресей империясы, Қарқаралы уезі, табиғи ресурстар, өнеркәсіп, мал шаруашылығы, егіншілік, орман шаруашылығы, сауда, жәрмеңке, зауыттар, рудниктер, жұмысшылар.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы — XX ғасырдың басындағы Орталық Қазақстанның экономикалық дамуы егіншілік, мал шаруашылығы және өнеркәсіп салаларындағы елеулі өзгерістермен сипатталады. Өңірдің өнеркәсіптік базасының орталығына айналған Қарқаралы өңірі түрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси факторлардың әсерінен қарқынды дамыған аймақтардың бірі болды. Орыс шаруаларының қоныс аударуы және капиталистік қатынастардың енуі ауыл шаруашылығы саласында елеулі қайта құруларға әкеліп соқты, бұл өндіргіш күштердің дамуына қазақ және орыс жұмысшыларының тығыз қарым-қатынасына ықпал етті.

Өлке дамуының негізгі аспектілерінің бірі қазақ кедейлерінің тегін жұмыс күшін шаруашылықтарда пайдалануы әлеуметтік теңсіздік пен қанауды күшейтті. Сонымен қатар, агротехнологиялар мен әдістердің дамуы, сондай-ақ егістік алқаптарының ұлғаюы өнімділіктің артуына және егіншілік пен мал шаруашылығына дәстүрлі көзқарастардың өзгеруіне әкелді. Жаңа технологияларды енгізу, ұлтаралық байланыстарды дамыту сияқты оңды тұстарына қарамастан, аймақтың экономикалық дамуы халықтың едәуір бөлігінің еңбек және тұрмыс жағдайының нашарлауымен қатар жүрді.

Орман шаруашылығы мен орманды қорғау Қарқаралы өңірінің шаруашылық өмірінің маңызды элементтеріне айналды, табиғи ресурстардың сақталуын қамтамасыз етеді және тұрақты дамуға ықпал етеді. Орманды басқару мен бақылаудың жаңа әдістерін енгізу аймақтағы экологиялық тепе-теңдікті сақтауға және шаруашылық белсенділікті қолдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу әдістері

Мақалада Қарқаралы уезінің экономикалық жағдайын зерттеуде тарихи үрдістердің диалектикалық даму заңдылықтарын басшылыққа ала отырып, тарихи құбылыстарды объективтік, жан-жақтылық, нақтылық, тарихилық ұстанымдар тұрғысынан қарастырдық. Сондай-ақ тарихи зерттеудің кеңінен танылған ғылыми әдістері мен талдау тәсілдері, соның ішінде тарихилық, салыстырмалы талдау, жүйелілік, хронологиялық, тарихи жүйелеу т.б. басшылыққа алынды.

Талқылау

XVIII ғ. 70-80-жылдары Қазақстанның жер қойнауындағы шикізат байлығын зерттеуге көп көңіл бөлінді. 1768-1774 жылдары Ресей академиясы ұйымдастырған экспедициялар қазақ даласында жиі

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: 141092@mail.ru

болды. И. Лепехин, П. Паллас, И.Г. Фальк бастаған экспедициялар Орталық Қазақстанның жер қойнауындағы байлықты ұқыптылықпен зерттеп, көптеген кен орындарын ашты [1; 201].

1815 жылы қару-жарақтанған Орынбордың әскери экспедициясы Қазақстанға келіп, кен байлығын зерттеуді жалғастырды. Келесі жылы, 1816 жылдың мамырында қазақ даласына Набоков басқарған экспедиция келген. Жол бастаушылары жергілікті қазақтар болды. Экспедиция өлкенің солтүстік және орталық бөлігін жан-жақты зерттейді. Олар кен іздеу жұмыстарын Қызылжардан бастап, Есіл өзені бойымен, Терісаққан, Қара Кеңгір, Сарысу, Нұра бойымен жүріп, шығыс және солтүстік-шығыс өңірімен Қарқаралы, Қызылтау, Баянауыл арқылы Павлодарға дейін барады. Бес ай бойы Шангин басқарған экспедиция ескі көне замандағы кен орындарын тауып бірнеше мыс, қорғасын тағы басқа кен орындарын ашады.

Арқада кен өндіріс орындарын зерттеуде, үлкен үлес қосқан Том губерниясының көпесі С.И. Попов болды. Ол 1820 жылдан бастап Қарқаралы аймағын тыңғылықты зерттеп, көптеген кен орындарына иелік жасады. Балалары Александр және Николаймен бірге Алтай өлкесімен Қазақстанның орталық алқабында бірнеше өндіріс орындарын ашты [2; 214].

Қарқаралы жерінде алтын, күміс, мыс, қорғасын кен орындарын ашып, Благодатно-Степанов, Николаев, Козьма-Демьян зауыттарын салды. 1844 жылы салынған Благодатно-Степанов зауыты жыл сайын 30 мың пұт күміс, 10 мың пұт қорғасын қорытып шығарып отырды. Ал, оның өнімін 1849 жылы 40 мыңнан 50 мың пұтқа дейін жеткізді. Зауыттың 3-тен 12-ге дейін пеші болған.

Қарқаралы мен Баянауыл округтерінің халқы арасында сауда-саттық байланысын ұйымдастырды. Жергілікті халықты кен орындарын іздестіруге тартты, олар ертедегі тайпалардың пайдаланған белгілі кен орындарымен таныстырып отырды. 1820 жылы Қарқаралыдан 75 шақырым жерде Берікқара мыс, қорғасын, күміс кен орны ашылды. Бұл кеніш орнын Богослав руднигі деп аталды, мұнда Николаев зауыты салынды.

1839 жылы С.И. Попов 17 руда мен көмір өндіріс кәсіпорындарын иеленуге куәлік алады. Осы жылы Қу тауында күміс-қорғасын кәсіпорнын салмақ болып, үкіметтің шешімімен Қарқаралыда 7 рудникті қарамағына алып, Түндік өзенінің бойында Благодатно-Степанов мыс қорыту зауытын салды. Бұл зауытқа Богослав руднигінен қорғасын рудасын әкеліп тұрды. Күміс-қорғасын қорытатын зауыттары өнімдерін сапалы түрде шығарып тұрған. Зауытта 15 жыл ішінде (1845-1860 жылдар) 19 қазандық салынған [2; 216].

Жеті жылда (1854-1860 жылдар) Берікқарада металл өнімдерінен түскен пайда 1300 мың сомға жеткен. Осы жылдары Поповтар Қызыл Әспе, Бесшоқы, Белозерский тағы басқа көне кен орындарын иеленді. 1840-1877 жылдары Богославский руднигі Благодатно-Степанов пен Богославский қорғасын, күміс зауыттарының негізгі базасы болды. Қарқаралы уезінде аз уақыт ішінде 80 мыс пен қорғасын-күміс кен орны ашылды. Оның 50-іне Поповтар, 30-ына көпес Дерев иелік жасады [3].

Патша өкіметі 1855 жылы С.И. Поповқа Қарқаралы мен Баянауыл округтерінен 1300 шаршы шақырым жер алып беріп, кен кәсіпшілігін дамытуға жағдай жасады. Орталық Қазақстанның шығыс бөлігін шикізат байлығының метрополиясына айналдырмақ болды. Сондықтан, жергілікті байшонжарлар мен ұлт өкілдерінің Қазақстан кен байлығын пайдалануына тиым салды [4; 187].

С.И. Поповтың Александровский қорғасын-мыс-күміс зауыты Ащысу өзенінен 30 шақырым жердегі Қанды-Қарасу шатқалында орналасқан зауыт 1849 жылы салынып, 1872 жылға дейін жұмыс істеді. Зауытты Александровский, Николаевский, Степанов, Аннинский, Ақ өзек, Егіз қара кен орындары шикізаттармен, Майкөбе және Талдыкөл көмір шахталары отын мен қамтамасыз етіп отырды. 10 жылдың ішінде (1863-1972) зауыт 19628 пұт (321,7 т) мыс қорытып шығарды.

Зауыттармен кен орнындағы жұмысшылардың құрамы әрқилы болды. Мамандар болмады, жұмысшыларды жергілікті тұрғындардан қабылдады. Мысалы, Николаев зауытының жалпы жұмысшыларының 200-і қазақтар, 169-ы орыстар болды. Қарқаралы уезі кен өндіріс кәсібі дамыған аймаққа жатты. Благодатно-Степанов, Николаев және Козьма-Демьянов зауыттарында және Қарқаралы уезіндегі басқа кен орындарында еңбек ететіндердің көпшілігі қазақтар еді [2; 217].

1852 жылы Благодатно-Степанов зауытында 129 қазақ жалданып жұмыс істеді. Олардың: 44-і зауыт жұмысшысы, 17-і руда қазушы, 68-і шахтер болды. 1858 жылы Қарқаралы округінде Попов тағы да 12 алтын рудниктеріне иелік жасады. Бернардаки серіктігі осы жылы Қарқаралы округінен 8 алтын мен мыс рудниктерін ашты. 1863 жылы Қырым соғысына байланысты Благодатно-Степанов зауытында қорғасын рудасын көбірек шығару үшін кен жұмысшыларының саны көбейтілді. Соғыс министрлігімен кен істерінің департаменті зауыт иелеріне, оның ішінде Поповтарға төрт жыл ішінде Алтай, Қарқаралы зауыттарынан 40 мың пұт қорғасын жеткізіп беру жөнінде контракт жасауды

ұсынды. Поповтар министрліктерден көп мөлшерде қаржылай көмек алып, зауыттың өндірістік кәсібін дамытуға мүмкіндік алды. 1857 жылы осы зауытта 372,5 пұт мыс рудасы қорытылып, 169,7 пұт таза мыс алынды. Рудалар зауыттан 65 шақырым жердегі Вознесенский мыс кен орнынан әкелініп тұрды. 1844-1853 жылдар арасында зауытта 19700 пұт қорғасын, 32 пұт 12 фунд алтын мен күміс қорытылды. Барлығы 17 жыл ішінде 78,318 пұт таза қорғасын 32 пұт 12 фунд таза алтын мен күміс алынды. Зауыт жұмысшыларының саны өсті. 1855 жылы — 360, 1858 жылы — 540 адамға жетті [2; 218].

1861 жылғы реформадан кейін Поповтардың кен-өндіріс орындарына Орал мен Алтайдағы қазыналық зауыттардан маман жұмысшылар келді. Бірақ, олар жұмыстың ауырлығына байланысты мұнда тұрақтай алмады. Сондықтан, жұмысшылардың негізгі тобы жергілікті қазақтардан құралды. 1900 жылы Семей облысының барлық кен-өндіріс орындарында 4235 адам жұмыс істеді.

Кен өндірілетін аймақтарда халық аз мекендеді, жұмысшылардың көпшілігі алыстан келіп тұрды. Жұмыс пен қамтамасыз етілетін мерзім екі кезеңге бөлінді: қаңтардан маусымға дейін және қыркүйектен қарашаға дейін қабылданып отырған. Зауыт иелері кәсіпорындарын жұмыскерлермен қамтамасыз ету шараларын болыстар мен ауыл ақсақалдары арқылы жүргізді. Жалданып жұмыс істейтіндер уақытында келіп, кетуге міндетті болды, қазақ жұмысшылары зауытпен рудникке жақын жерлерге орналасуға ұмтылды. Бірақ, бұл ниет іске аспады. Оның себебі Николаев зауыты мен рудниктер біркелкі жұмыс істемеді. Кәсіпорындар тоқтаған кезде тұрақты жұмысшыларда жұмыссыз қалды [5; 44].

XX ғасырдың басында қазақ даласына шетел капиталистерінің өкілдері келіп, Қазақстанның жер қойнауындағы байлықтарын зерттей бастады. С.А. Поповтың мұрагерлері өздерінің барлық өндіріс орындарын 1906 жылы шартпенен екі жылға ағылшын компаниясының иелігіне берді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Қарқаралы уезі Орталық Қазақстанда өндіріс орындарының орталығына айналды. 70 мыс, 40 күміс-қорғасын, 12 алтын, 3 темір, 2 никель-күміс және 4 мырыш рудниктері болды.

Бұл кәсіпорындары көршілес Қарағанды, Екібастұз көмір ошақтарымен, Өспен, Спасскі кен орындарымен тығыз байланыс жасап тұрды. 1822 ж. «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша осы күнгі Қарағанды облысының жері — Баянауыл, Ақмола және Қарқаралы округтерінің құрамына кірді. XIX ғасырдың екінші жартысында «Орынбор және Батыс-Сібір Генерал губернаторлығының Далалық аймақтарын басқару жөніндегі Уақытша ереже» бойынша Орталық Қазақстан жері Ақмола және Семей облыстары құрамына енді. Яғни ұланғайыр өлкені билеп төстегендер Ресей экономикасының шеңберіне тарту арқылы бұл өңірдің байлықтарын жыртқыштықпен пайдалануға әкеліп соқты [6; 103].

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың екінші он жылында Поповтардың үш ұрпағының ұзақ жылдар бойы иеленіп келген зауыттармен рудниктері елдегі саяси-экономикалық себептерге байланысты жұмыстарын тоқтатты. Қарқаралы уезіндегі өндіріс орындарының өз дәрежесінде өрістеуі, егін-жер, мал шаруашылығымен де сабақтас болды.

Қарқаралы уезінде ауыл шаруашылығының өзгерістері Ресей патшалығының Қазақстанды отарлау саясатымен тығыз байланысты. Қазақ халқының ежелден негізгі кәсібі көшпелі мал шаруашылығы болды.

Патша өкіметі қазақ өлкесінің экономикалық дамуына көңіл бөлмеді. Жергілікті халық қазақтар жаз-жайлау, қыс-қыстау арқылы оңтүстіктен солтүстікке, батыстан шығысқа мал жайылымының жағдайына байланысты 200-500 шақырым қашықтықтарда көшіп қонып жүрді. Арқаның ауа-райының әр қилы өзгеруіне байланысты мал шығынына ұшырап отырды. Мысалы, Орталық Қазақстанның көп жерлерінде 1880 жылы үлкен жұт болып, 819 мың бас мал қырылды, Қарқаралы уезі бойынша 262 мың бес мал жұтқа ұшырады.

XX ғасырдың басында Қарқаралы уезінде 1000 байлар шаруашылығында 7800 жылқы, ірі қараға шаққанда 103000 бас малы болған, ал 10400 кедей шаруашылығында 16000 жылқы, ірі қараға шаққанда 65000 мал басы болған. Әр түрлі кәсіпшілікпен уездің 26,6 % халқы айналысқан: оның ішінде кедейлері — 30 %, орта шаруалары — 8 %, байлар — 5 %. Қу болысында 1509 шаруашылықтың 245-і ұсақ кәсіпшілікпен айналысқан, оның ішінде кедейлері — 181 адам, яғни халықтың 12 %.

1867-1868 жылдары қазақ жерлері мемлекеттік меншік болып жарияланды. Ал 1901 жылы Патша өкіметі сол қазыналық жерлерді жеке меншіктерге бөліп беру туралы заң шығарды. Сонымен қатар 1904 жылы 6 маусымда «Село шонжарлары мен жер иеленуші мещандардың өз ықтиярымен

қоныс аударуы туралы» жаңа заң қабылдады. Сөйтіп, Қарқаралы аймағына ішкі Ресейден қоныс аударушылар қатары өсе бастады [7, 8].

Қарқаралы жеріне қоныс аударған орыс шаруаларының келуіне байланысты жергілікті халықтар егін шарушылығымен айналыса бастады. Егіншілік кәсіптің ошақтары табиғаты қолайлы жерлерде орын тепті. Қарқаралының тау аңғарларындағы өзен-көлдердің сағалары мен салалары пайдаланылды. Бұл өңірде ірі жер игерушілердің бірі жүз басы Карбышев еді. Ол агроном мамандығын өздігінен үйренгендіктен егін шаруашылығын игеру мүмкіндігін іс жүзінде көрсете білді. 1825 жылы 16 десятина жерге егілген күздік қара бидайдан және 40 десятинаға егілген сұлыдан жақсы өнім алды. 1827 жылы егіс көлемі ұлғайтылды. Осы кезде Ертіс бойынан ондаған казактардың отбасылары қоныстануға Қарқаралыға келді. Он жеті адам суық түскенше 14 десятина жер жыртып, күздік қара бидай екті. 1828 жылы поселкеде екі су диірмен, бір жел диірмен салынды. Карбышев казактардың егіншілік кәсіпті үйренуіне көмек жасады. 1826 жылы Қу болысының қазағы Кәрішал Тұрсынов қызыл бидайдан тәп-тәуір өнім жинады. Осындай жағдай казактар арасында жылдан жылға көбейе түсті [9; 123].

Қазақтар егістігінің көпшілігі Талды, Жарлы, Тоқырауын өзендерінің жағалауларында орналасты. Дегенменде, құнарлы егістік жерлер казактардың, феодалдардың, бай-кулақтардың қолында болды. Олар кедей казактардың тегін жұмыс күштерін пайдаланды. Уезде 2573 шаруашылықтың егістік учаскелері болды. 1901 жылы казактардың әрбір жан басына 3 қадақтан, казактардың жан басына екі қадақ көлемінде тұқым себіліп отырған. 1905 жылы — 600 десятина, 1916 жылы — 2000 десятина жер пайдаланылған.

Егіншілік кәсіп уездің бүкіл аймағында біркелкі болған жоқ. Егістіктің құнарлы жерлері Тоқырауын, Жарлы, Талды өзендерінің бойында, Мойынты болысының Шу өзені жағалауында, Нұра болысының Нұра өзенінің бойында болды. Бұл алқаптарда егістік көлемі жоғары болды. Ақтоқты болысында небәрі 0,1 % ғана болды. Уезде суармалы егіншілік өте шағын еді.

Патша өкіметінің қазақ даласына орыс шаруаларын қоныстандыруды әлеуметтік-экономикалық жағынан алғанда, оның прогрестік мәні де болды. Бұл Қазақстанда өндіргіш күштерді, отырықшылық пен егіншілікті дамытуға, қазақ пен орыс еңбекшілерінің жақындасуына ықпал жасады.

Егіншіліктің өркендеуіне орай ауыл шаруашылық машиналары келе бастады. Жерді өңдеуге және астық жинауға соқа-саймандар, шалғылар, ат тырнауыштары қолданылды.

Қазақстанға капиталистік қатынастардың енуімен байланысты мал шаруашылығында өзгерістер көріне бастады. Мал мен оның өнімдері тауарға айналды. XIX-XX ғасырдың басында тек ғана баюды мақсат тұтқан мал өсірушілер мен мал мен сауда-саттық жасаушылардың жаңа топтары кең тарай бастады. Сондықтан өлкеде мал шаруашылығы басым болып қала берді.

Көшпенді, жартылай көшпенді және отырықшы казактар жылқы, ірі қара, қой-ешкі мен түйе өсірді. Төрт түлікті өсірудің ара қатынасындағы өзгешелік ең алдымен ауа-райы, табиғат жағдайына байланысты болды. Зерттелген мәлімет бойынша 1898 жылы Қарқаралы уезінде 19016 шаруашылықта 181404 жылқы, 94947 ірі қара, 18641 түйе, 641391 қой-ешкі, барлығы 936380 бас мал болған, облыс бойынша бұл мал басының 20,8 % -ы ғана еді.

Мал шаруашылығын дамытудың негізі жайылымдарды дұрыс пайдаланумен байланысты еді. Осыған орай уезде малдың жем-шөбін дайындау ісі маңызды рөл атқарды. Шабындықты пайдалану төмендегідей болды: 50 % — шаруалар шабындықты бірлесіп игерсе, 41,5 % — әрбір түгін бойынша, 4,4 % — жеке учаскеге бөлініп мал азығын дайындаған [7].

XX ғасырдың басында кулақтар мен байлар құнарлы жерлерді иемденді. Мысалы, Темірші болысының төрағасы жыл сайын 300 десятина жерге бидай егіп отырған, машина мен шөп шауып алып, жеке басына пайдаланған, 2000 десятина жерді жалға беріп, ортақ пайдаланатын жерді өзінікі деп есептеген. Ауылдастарына 1 десятинадан 1,5 десятинаға дейін жер беріп, жыртықшыны алып отырған. Мұндай мәліметтер архив құжаттарында жиі кездеседі. Жерді жеке меншікке айналдыру елеулі орын алды. Капиталистік жер қатынасы ауылдық жерлерде де жайыла бастады. Жер мен малды меншігіне айналдырған ауқаттылар кедейлерді қанауды күшейтудің және байлығын молайтудың жолына көшті. Лажсыздан қазақ кедейлері байларға жалданды. Салық жинау кездерінде байлардың араны тіпті ашыла түсті. Орынбордың «Русская мысль» газетінің мәліметінде Қарқаралы уезінің байлары төрт ай мерзімге салық төлеушілерге 75 тиыннан 1 сом 30 тиын қарыз беріп, бір қойдан алып отырған. Ал Қоянды жәрмеңкесінде бір қой үш есе қымбатқа сатылып тұрған [9; 128].

XX ғасырдың басында Қарқаралыда әр ұлттың өкілдері тұрды. Казактар қалада, қазақ кедейлері шетте киіз үйлерінде ұйлығып, жылдың жартысын өткізетін болған. Татар мен қазақ саудагерлері

қаланың татар кварталында тұрды. Қалалар мен темір жолдан жүздеген шақырым алыс тұратын Қарқаралы ең түпкір және Сібірдегі бай аймақтардың қатарында жатты. Қалада тұратын 72 көпес пен саудагерлер бұл жердің даңқын көтерді. Олар Рязанцев, Бекметов, мал өсіруші Т. Корнилов және т.б. еді. «Жеміс сулары» дүкенін ұстаушы А.И. Дебоган, сыра қайнататын зауыт қожасы неміс Линде болды. 1860 жылдан бастап казак Тысяцкийдің былғары зауыты жұмыс істей бастады. Бұл зауыт 2100 сомның былғарысын өңдеп, шығарып тұрды. Бұл кәсіпорындарында жалданып жұмыс істейтін жұмысшылардың дені кедей казактар болды.

Қарқаралы уезінде орман шаруашылығын қорғау ХІХ ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап қолға алына бастады. 1884 ж. 1-наурызда Қарқаралыда орман шаруашылығы құрылды. Ең бірінші орман шаруашылығын басқарушы болып Семей облыстық басқарманың ағаш жөніндегі чиновнигі Селиверстов тағайындалды. Оның қарамағында 6 ағаш қорғаушы және 2 атты шолушы болды. 1889 жылы Бидайық және Көктөбе деп аталатын жерде тоғандар салынды. ХІХ ғ. соңында орман алқабын қорғау ісімен 9 атпен шолушылар және 30 орман қорғаушылар шұғылданды. Олар Кент, Бақты, Қу, Сары құлжа, Қызыларай және Қызылтау орман алқаптарын қорғады. Революцияға дейін Қарқаралының орман алқабы дербес екі саяжайға (дачаға) бөлінді. Таудағы ағаш саяжайы таудың оңтүстік бөлігінде орналасты. Ол қаладағы казактардың қарамағында болды. Бұған Қоңыртөбе, Матақан, Сарышоқы, Қарасу және Найзашоқы сияқты көлемі 4157 десятина болатын сай-сала кірді. 1910 жылғы 1-қаңтарға дейін Қарқаралы уезінде меншікті орманды қоса алғанда, 13908 десятина жер болды. 1914 жылы Қарқаралы-Баянауыл орманының меңгерушісі болып И.З. Червев істеді. Ол қалада болған тарихи оқиғаларға байланысты көп жұмыстар атқарды. 1918 жылы ол уездік Совдеп мүшесі, 1920 жылы Ревкомның мүшесі болып сайланды. 1921 жылы қалаға шабуыл жасаған ақ бандылар қолынан қаза тапты [6; 111].

1919 жылы желтоқсанда Қарқаралы уезінде Кеңес өкіметі түпкілікті орнатылғаннан кейін өлкенің бүкіл орман шаруашылығы Ревком қарамағына көшті. Кеңес өкіметі заманында Қарқаралының орман-тоғайы тиісті дәрежеде қамқорлықта болды. Қарқаралы ауданының 28827 га жерін орман-тоғай алып жатыр. 4 өндірістік учаске — орман кәсіпшіліктері (Бақты, Кент, Қу және Қарқаралы) болды. Орман шаруашылығының жерінде Қарқаралы зоологиялық заказнигі орналасқан.

Қарқаралы уезінің экономикасы мен мәдениетінің дамуына 1848 жылы 50 шақырым жердегі орналасқан Қоянды-Ботов жәрмеңкесінің ықпалы күшті болды. Ол Орталық Қазақстандағы ең ірі сауда орталығы болып саналды (1928 ж. дейін). Жәрмеңкенің Қарқаралы уезінің экономикасын нығайтуда, ақшалы-тауарлы қатынастарды ұлғайтуда маңызы зор болды.

Қазақстанға капиталистік қарым-қатынастардың енуі казактардың шаруашылық өміріне көптеген өзгерістер әкелді. Бұның өзі Қазақстанда сауда қатынастарының дамып, ішкі сауданың құрылуына, біртіндеп сауда капиталының енуіне жол ашты.

Өлке экономикасы жалпыресейлік шаруашылық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде біркелкі дамыған жоқ. Оған әр жерлердегі өндірістің даму деңгейі мен қоғамдық-экономикалық укладтардың (феодалдық, ұсақ тауарлы, капиталистік) пісіп-жетілу дәрежесі ықпал етіп отырды [10].

Кез келген мемлекетте ішкі және сыртқы сауда түрлерінің болатыны белгілі. Қазақстандағы ішкі сауданың дамуына жергілікті сауданың құрылуы, ақша қатынастарының енуі әсер етті. Дегенмен Қазақстанның барлық аймақтарының арасында бір-бірімен байланыс жүйелі түрде орнады деп айту қиын.

Қазақтардың басты тауары — мал мен мал шаруашылығы өнімдері болды. Елімізде сауданың дамуына Ресеймен сауда байланыстарының өсуі зор ықпал етті. Қазақстан капитализм жедел қарқынмен дамып келе жатқан ресейлік саудаға тартыла бастады. Ресейден қант, галантерея және басқа фактуралық тауарлар әкелінді. Ресейге мал мен шикізат шығару, әсіресе өлкеде темір жол салынғаннан кейін ұлғая түсті, егіншілік өнімдерін шығара бастады. Егіншілік өнімдерінің тауарлығы артты. Бұл өз кезегінде қоғамдық еңбек бөлінісін туғызды. ХІХ ғ. соңы — ХХ ғ. басында Қазақстанда сауданың үш түрі болды: қозғалмалы айырбас саудасы, маусымдық жәрмеңкелер, тұрақты сауда. Сауданың аралас айырбастау түрімен алыпсатарлар айналысты. Олар алыс ауылдағы казактарға әр түрлі арзанқол тауарларды малға айырбастады. Айырбас саудада балама ретінде көбінесе бағасы 1 сом күміс ақшаға бағаланатын ісек қой жүрді. Дегенмен, ХХ ғ. басында, мәселен 1904-1905 жылдары қойдың бөлшек саудада құны 3,40 сомнан — 6,5 сомға дейін, көтерме бағасы 3 сомнан — 7 сомға дейін өскендігі байқалады. Айырбас саудада көбіне ірі сауда және өсімқорлық капиталының тұрпайы түрлері үстемдік еткендіктен сауда тең емес, тонаушылық сипатта болды [10].

Далалық аралап айырбастау саудасының кең қанат жаюы қалалық тұрақты сауда орындарының дамуына әсер етті. Далалық ұсақ саудагерлер үстінен қарайтын ірі сауда капиталы осы бекініс шептері маңындағы қалаларда шоғырланды.

Дала өлкесінің Омбы, Петропавл тағы басқа қалалары орыстың сауда капиталының қазақ даласына енуінде маңызды рөл атқарды. Қалалардағы айырбас сарайлары жәрмеңкелік сауданың ірі орталықтарына айналды. Мұнда қалалық сауда далалық айырбас саудасымен бір арнаға тоғысты.

Сауда нүктелері тек қалаларда ғана емес, бекініс пункттері мен казак-орыс станицаларында казактар тығыз орналасқан жерлерде, темір жол бекеттері бойында ашылды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап казактардың шаруашылық мұқтаждықтарына неғұрлым ыңғайлы жәрмеңкелік сауда кең етек ала бастады. Олардың ішіндегі ең ірісі Семей облысындағы Қарқаралы уезіндегі Қоянды (немесе 1848 ж. негізін салушы көпес С. Ботовтың есімімен аталған) жәрмеңкесі болды. XIX ғасырдың соңында оның сауда айналымының көлемі 3 млн сомға дейін жетсе, 1869-1913 жылдары 10 есе өсіп, 1,5 млн сомды құрады. Орал облысында Ойыл, Темір жәрмеңкелері, Ақмола облысындағы Петров (Атбасар станицасы), Константинов (Ақмола уезі), Тайыншакөл (Петропавл уезі), Жетісу облысында ең ірі — Қарқара жәрмеңкесі, Сырдария облысында — Әулиеата жәрмеңкесі болды. XIX ғ. 80-жылдарынан 1909 жылға дейін тек Семей облысында 15 жәрмеңке (Екатеринск, Шар, Семей, Мешіт, т.б.) өткен.

XIX-XX ғасырдың шегінде Қырғызстан мен Қазақстан аумағында жылдық айналымы 60-70 млн сомнан асатын 270 ірілі-ұсақты жәрмеңкелер болған.

Жәрмеңкелік сауда ауданаралық және жалпыресейлік маңызға ие болды. Мұнда мал, мал шаруашылығы мен жер өңдеу өнімдері сатылды. Қазақстанға орыс өнеркәсіп өнімдері, тоқыма тауарлар (мақта-мата бұйымдары), өңделген тері, металл бұйымдары (ауылшаруашылық құралдары), қант, сабын, керосин, галантереялық тауарлар, тұрмыстық заттар әкелінді. Орта Азиядан кептірілген жемістер, киім, мата, қалы кілемдер; Қытайдан шәй, маталар тасылды.

Жәрмеңкелерде сауда операциялары айырбас түрінде немесе ақша түрінде жүрді. Қазақстанда ақша-тауар қатынастарының негізінде орыс көпестері жәрмеңкелерден өте үлкен пайда түсірді. Ұсақ саудагерлер неше түрлі алдап-арбау арқылы тікелей өндірушілер есебінен байып отырды. Патша үкіметінің қазақ даласындағы сауда саясатының тонаушылық, отаршылдық сипаты болғандығына қарамастан, казактардың табиғи томаға-тұйық шаруашылығының ыдырауына жол ашты.

Жәрмеңкелер жылдың төрт мезгілінде өткізілді. Сондықтан оларды маусымдық жәрмеңкелер деп атайды. Қазақтар үшін, әсіресе, жазда өтетін жәрмеңкелердің маңызы зор болды. Бұған алыс аудандардан жылқы, ірі қара, қой, ешкі және мал шаруашылығы өнімдері: тері, жүн, киіз, май, мүйіз, жылқының қылын әкеліп өткізіп, өздеріне қажетті заттарға: яғни ұн, шай, ыдыс-аяқ және т.б. айырбастады. Бұлардың ішінен өнімдерінің белгілі бір бөлігін рынок үшін арнайы өндіретін ұлттық сауда буржуазиясы өсіп шықты. Қазақтардың арасынан шыққан саудагерлерді ұсақ, орта және ірі деп үшке бөлуге болады. Мәселен, XIX ғасырда қазақ байларының, алыпсатарларының, саудагерлерінің, приказчиктерінің, делдалдардың ірілі-ұсақты жалпы саны 40 мыңға жеткен. Солардың арқасында сауда мен өсімқорлық капитал қазақ жеріне орнықты. Дегенмен ресейлік және ортаазиялық сауда буржуазиясының бәсекелестік әсерінен қазақ буржуазиясы әлсіз болды. Ұлттық капитал толығымен қалыптаса алмады, тек сауда капиталы түрінде қалды. Өсімқорлық капитал өзінің жоғары түрі — өнеркәсіп капиталы дәрежесіне көтеріле алмады.

Жәрмеңкелік сауданың төмендеуін Қазақстандағы 1911 жылдардан басталған мал шаруашылығының дағдарысы, ақша-тауар қатынастарының терендей түсуі, тұрақты сауда орындарының үстемдік алуымен түсіндіруге болады. Тұрақты сауда әсіресе дүкен, дүңгіршек, көтерме сауда қоймалары түрінде XX ғасырдан бастап үстем бола бастады. Алайда революцияға дейінгі Қазақстанда жергілікті рыноктардың бірігуі негізінде ұлттық рынок қалыптасып үлгермеді. Оған отарлық езгі, жекелеген аймақ арасындағы экономикалық байланыстардың әлсіздігі, ру қатынастарының сақталуы әсер етті [10].

Қазақстандағы өңдеу өнеркәсібінің құрылымы, оның сипаты және ерекшеліктері. Сібір теміржолы салынғаннан кейін Қазақстан тауарлы мал шаруашылығымен айналысатын ауданға айналды. Тері, жүн, ет, май өңдейтін өнеркәсіптің дамуына жол ашылды. Ақмола облысында 2,1 мың адам, Семей облысында 1 мың адам рынок үшін мал шаруашылығы өнімдерін өңдеумен айналысты. Петропавл және Семей қалалары мал саудасымен айналысатын ірі орталық болды.

Қазақстанда ерітілген тоң май өндірісі кең түрде дамығандықтан, олардан балауыз және сабын өндіру басталды. Тек қана Ақмола облысында 33 май шайқайтын зауыттар болды. Алайда ондағы

артта қалған техника жергілікті тұрғындардың сұранысын түгелдей қанағаттандыруға мүмкіндік бермеді. Қажетті сабын мөлшері Ресейден әкелінді, жергілікті май шикізаты орталыққа тасып әкетілді. Мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорындарының ішінде былғары шығару ісі жетекші орын алды. XX ғасырдың басында Ақмола және Семей облыстарында 162 былғары зауыты болды, оларда толық емес мәліметтерге қарағанда 700 адам жұмыс істеп, 1116 мың сомның өнімін шығарған. Кейбір тері өңдейтін ірі орталықтар жыл бойы жұмыс істеді. Оларда тұрақты және мерзімді жұмысшылар еңбек еткен [5; 50].

Былғары өңдейтін шеберханалар мен зауыттар судың бойында орналасты және былғары өңдейтіндердің жұмысы ауыр, көбінесе қолөнер деңгейінде болды, мануфактура үлесі тек 17 % ғана болды.

Былғары өндірісімен қатар қолғап тігетін, пима басатын кәсіпорындар жанында қой терісінен тон тігу қолға алына бастады. Тон тігетін кәсіпшіліктер Петропавл және Ақмола уездерінде жедел дамыды. Олардағы 88 кәсіпорында 271 жұмысшы 69 мың сомның бұйымын шығарды. Мәселен, тек Семей облысындағы 13 мекемеде 54 жалдамалы жұмысшы болды. Кәсіпорындардың көпшілігі ұсақ тауарлы өндіріске жатты. Мануфактура үлесі төмен, тек 12,3 % ғана құрады [5; 53].

Жергілікті жерлерде жүн шикізаты алғашқы ғана өңдеуден өтіп, Ресейге жөнелтілді. 1908 ж. Семей облысында әрқайсысында 80-нен 100 жұмысшысы бар 6 жүн жуатын және жүн тарайтын зауыттар жұмыс істеді. Сондай-ақ Семей және Ақмола облыстарында шағын кірпіш құятын зауыттар жұмыс істеді. Мәселен, бұл жазда жұмыс істейтін зауыттар 1912 ж. 2 млн сомның өнімін шығарды. Ақмола облысындағы құрылыстардың 50 % саманнан жасалған кірпіштерден салынды.

Далалық өлкеде өңдеу өнеркәсібінде ұн тарту ісі маңызды орын алды. 1897-1913 жылдарда Ақмола облысында астық алқаптарының көлемі 973 мың десятина, Семей облысында 300 мың десятинаға жетті. Астық алқаптарының жартысынан көбінде бидай өсірілгендіктен, олардың артық бөлігі тауарлы ұн тарту кәсіпорындарына жөнелтілді. Жергілікті ауылдық жерлерде су, жел, атпен қозғалтатын, керосинмен жүретін диірмендер болғанымен, аймақта бумен жүретін ұн тарту өнеркәсібі жетекші орынға шықты. Ұн тарту кәсіпорындары Сібір темір жолы бойында орналасқан Омбы, Семей, Петропавл, Орал, Ақмола сияқты қалаларда шоғырланды. 1889 ж. Семейде 700 диірмен болса, 1913 ж. 11 су диірмен, жылына 3 мың пұт ұн өндіретін 6 фабрика болды. Семей аймағындағы ірі ұн тартатын сауда үйлері «П. Плещеев и К», «М. Красинников и К», «Мухамед Мусин-Садык и К» 1908 жылы өз диірмендерін бір акционерлік қоғамға біріктірді. Бұл «Семей бу диірмендерінің акционерлік қоғамы» аса жоғары сапалы бидайдың қатты сорттарынан ұн тартып шығарды. Бұл қоғам бірнеше рет Ресейдегі және Халықаралық көрмелерде Алтын алқа мен Құрмет грамоталарын жеңіп алды. 1908 ж. құрылған «Семей бу диірмендерінің акционерлік қоғамының» негізгі капиталы 1,8 мың сомға жеткен алғашқы синдикат болды. Осылайша өлкеде ұн тарту өнеркәсібінде біртіндеп өнеркәсіп және қаржы буржуазиясының одағы қалыптаса бастады. Оларды Дала өлкесіндегі Орыс-Азия банкі қаржыландырып, ұн тарту өндірісін ғана емес, оны өткізу жағын да бақылап отырды [9; 130].

Құрылыстарға және шаруашылыққа қажетті орман ағаштарын кесетін өнеркәсіп дамыды. Мәселен, Сібір темір жолы құрылысына көп ағаш жұмсалды. Көбінесе олармен қазыналық мекемелер айналысты. Қазақстанда ұсақ тауар өндірісінің үлесі қашан да ірі өнеркәсіп үлесінен жоғары деңгейде болды.

Өңдейтін кәсіпорындар негізінен ауылдық жерлерге жақын орналасып, жер өңдеу және мал шаруашылығымен тығыз байланыста дамыды.

Кәсіпшілік пен қолөнер түрлері әр аймақтағы шикізат түрлеріне қарай дамыды. Ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу, тері өңдеу, киіз басу, кілем тоқу кеңінен таралды. Мысалы, Ақмола уезіне қоныс аударған шаруа қожалықтарында жер өңдеуден кейін астық тарту, май тарту, май шайқау кәсіпшіліктері екінші орын алды. Әсіресе ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпшілігімен егістік жерлері жоқ немесе аз шаруашылықтар айналысты.

1900 ж. Ақмола облысында кәсіпшіліктерге барып жұмыс істейтін қазақтар 12 мыңға жетті, ал Торғай облысында бүкіл шаруашылықтар санының 50 %-ы шетке барып жалданатын болды. Бұл кәсіпшіліктерге көбіне кедейленген қазақтар мұқтаждықтан жалдануға мәжбүр болды.

Жалдамалы еңбектің пайдаланылуы ұсақ тауарлы өндірістен мануфактуралық өндіріске өтуге мүмкіндік берді. Мануфактура өндірісі Қазақстанда XX ғасырдың басында тері бұйымдары, шырақ жасау, сыра жасау өндірісінде пайда болды.

Баяу болса да ұсақ өнеркәсіптерге жаңа техника мен технология енгізіле бастады. Мәселен, тоқыма, ұста, пима басу, тері өңдеу, ұн тарту, май шайқау өнеркәсіптерінде жаңа өндіріс құрал-жабдықтары пайда болды.

Жетісуда шарап жасау өнеркәсібі XIX ғ. 60-жылдары пайда болды, XX ғ. мануфактура өндірісі механикаландырылып, өнімдері жоғары сапалығы жағынан бірнеше рет шет жерлерде жүлделерге ие болды. Сол сияқты Верныйда темекі жасау, ағаш өңдеу, шұға тоқу өнеркәсіптері дамыды. Түркістан мен Шымкентте мақта тазалайтын кәсіпорындар жұмыс істеді. Арал, Балқаш, Зайсан, Каспийде балық аулау кәсіпшілігі болды.

Сонымен, ауыл шаруашылығы шикізатын өңдейтін өнеркәсіптердің ішіндегі ірі ұн тарту, шарап жасау, орман ағаштарын кесетін, металл өңдейтін салаларда фабрика өндірісіне көшу басталды. Қалған тері өңдеу, былғары жасау, балауыз, пима басу, тон тігетін, май шайқайтын, кірпіш құятын және т.б. кәсіпорындар ұсақ қол еңбегі басым өндірістер қатарына жатты. Олардың көбі үй кәсіпшілігі, қолөнер сипатында болды, көбінесе отбасы мүшелері мен мерзімді жұмыскерлердің еңбегі пайдаланылды.

Тұтастай алғанда өнеркәсіп революциясы аяқталып үлгермеді. Қазақстан Ресей өнеркәсібінің негізгі шикізат базасы қызметін атқарды. Өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру саласы өте төмен деңгейде қалды.

Қорытынды

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Қарқаралы өңірінің экономикалық және әлеуметтік дамуы Орталық Қазақстан тарихындағы маңызды кезең болып табылады. Бұл онжылдықтар орыс шаруаларының қоныс аударуымен және егіншіліктің, мал шаруашылығы мен өнеркәсіптің дамуымен туындаған елеулі өзгерістер уақыты болды. Шаруашылық жүргізудің жаңа әдістері мен ауылшаруашылық техникасын қолдану, орман шаруашылығын дамыту облыс экономикасы мен халқының тұрмыс-тіршілігіне айтарлықтай әсер етті.

Орыс шаруаларының қазақ даласына қоныс аударуы егіншіліктің дамуына ғана емес, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюіне де ықпал етті. Кедей қазақтардың еңбегін қанау, жер мен ресурстардың аздаған ауқатты жер иелері мен кәсіпкерлердің қолына шоғырлануы әлеуметтік шиеленіс пен қайшылықтардың шиеленісуіне әкелді. Дегенмен, бұл үдерістер өнімділікті арттыруға және жаңа технологияларды енгізуге ықпал етіп, бұл ұзақ мерзімді перспективада аймақтың экономикалық өсуіне оң әсерін берді.

Экономикалық қызметтің басым түрі болып қала берген мал шаруашылығы капиталистік қатынастардың әсерінен елеулі өзгерістерге ұшырады. Мал шаруашылығы мен мал өнімдерін өндіру коммерцияланды, бұл мал өсірушілер мен саудагерлердің жаңа топтарының қалыптасуына әкелді. Бұл өзгерістер нарықтың дамуына және аймақтың Ресей экономикасына қосылуына ықпал етті.

Облыстың тұрақты дамуын қамтамасыз етуде орман шаруашылығы маңызды рөл атқарды. Орман шаруашылығы кәсіпорындары мен орман қорғау жүйесін құру табиғи ресурстарды сақтауға, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының шикізат базасын қамтамасыз етуге, сонымен қатар экологиялық тепе-теңдікті сақтауға мүмкіндік жасады. Бұл шаралар Қарқаралы өңірінің ұзақ мерзімді экономикалық дамуының маңызды элементтері болды.

Жалпы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қарқаралы өңірінде болған экономикалық-әлеуметтік үдерістерді талдау қайта құрулардың күрделі динамикасын, олардың жергілікті халықтың тұрмыс-тіршілігіне әсерін және Қазақстан экономикасындағы аймақтың рөлін жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Бұл өзгерістер барлық қиындықтар мен қайшылықтарға қарамастан, кейінгі онжылдықтарда аймақтың одан әрі дамуы мен жаңаруының негізін қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Паллас П.С. Путешествия по разным провинциям Российского государства. — Ч. I / П.С. Паллас. — СПб., 1809. — 786 с.
- 2 Попов А.Л. Из истории завоевания Средней Азии / А.Л. Попов // Исторические записки. — М., 1940. — № 9. — С. 198–242.
- 3 Коншин Н. Заметка о киргизских родах и султанах в Каркаралинском крае / Н. Коншин // Памятная книжка Семипалатинской области на 1902 год. — 1902. — № 6. — С. 1–54.

- 4 Аполлова Н.Г. Экономические и политические связи Казахстана с Россией в XVIII–начале XIX в. / Н.Г. Аполлова. — М., 1960. — 456 с.
- 5 Абдразаков Т.А. Экономические последствия присоединения Казахстана к России / Т.А. Абдразаков. — Караганда, 1992. — 96 с.
- 6 Бекмухамедов Е.Б. Цветная металлургия и горное дело дореволюционного Казахстана / Е.Б. Бекмухамедов. — Алма-Ата, 1964. — 378 с.
- 7 Герн В. Характер и нравы киргиз-казахов. Скотоводство у киргизов / В. Герн // Памятная книга Семипалатинской области. — Семипалатинск, 1899. — № 3. — С. 1–33.
- 8 Левшин А. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. — Ч. 3 / А. Левшин. — СПб., 1832. — 304 с.
- 9 Шығыс Сарыарка. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. — А.: Эвро, 2004. — 564 б.
- 10 Григорьев В. Оренбургские киргизы и их умение в торговом деле / В. Григорьев // Народная беседа. — 1854. — № 1.

М.Б. Муратова, Д.А. Джумабеков, С.Б. Иксанов

Экономическое положение Каркаралинского уезда во второй четверти XIX в.

Со второй половины XIX века Российская империя установила колониальный порядок в Казахстане. Казахский край, богатый природными ресурсами, животноводческим сырьем, давно привлекал внимание российских предпринимателей. По мере того, как развивалась волна мегаполисов, все больше нуждалась в источниках сырьевой промышленности, рабочей силе. Поэтому освоение богатейшей территории недр требовало от управляющих групп внедрения административно-распорядительных и других методов. В этой связи настоящая статья посвящена изучению экономических и социальных изменений, произошедших в Каркаралинском регионе в рассматриваемый период. Особое внимание уделено анализу влияния расселения русских крестьян, изменений в земледелии и животноводстве, а также роли лесного хозяйства, торговли, производства, промышленности в экономическом развитии края.

Ключевые слова: Российская империя, Каркаралинский уезд, природные ресурсы, промышленность, животноводство, земледелие, лесное хозяйство, торговля, ярмарка, заводы, рудники, рабочие.

M.B. Muratova, D.A. Dzhumabekov, S.B. Ixanov

The economic situation of the Karkaraly district in the second quarter of the 19th century

Since the second half of the 19th century, the Russian Empire established a colonial order in Kazakhstan. The Kazakh region, rich in natural resources and livestock raw materials, had long attracted the attention of Russian entrepreneurs. As the wave of metropolitan development grew, the demand for sources of raw materials and labor increased. Therefore, the exploitation of this resource-rich territory required the ruling groups to implement administrative and regulatory methods, among others. In this context, the article is dedicated to studying the economic and social changes that occurred in the Karkaraly region during the period in question. Special attention is given to the analysis of the impact of Russian peasant resettlement, changes in agriculture and livestock breeding, as well as the role of forestry, trade, manufacturing, and industry in the economic development of the region.

Keywords: Russian Empire, Karkaraly district, natural resources, industry, livestock breeding, agriculture, forestry, trade, fair, factories, mines, workers.

References

- 1 Pallas, P.S. (1809). Puteshestviia po raznym provintsiiam Rossiiskogo gosudarstva [Travel to different provinces of the Russian state]. Part I. Saint Petersburg [in Russian].
- 2 Popov, A.L. (1940). Iz istorii zavoevaniia Srednei Azii [From the history of the conquest of Central Asia]. *Istoricheskie zapiski — Historical notes*, 9, 198–242 [in Russian].
- 3 Konshin, N. (1902). Zаметка o kirgizskikh rodakh i sultanakh v Karkaralinskom krae [A note on Kyrgyz clans and sultans in the Karkaraly region]. *Pamiatnaia knizhka Semipalatinskoi oblasti na 1902 god — Commemorative book of the Semipalatinsk region for 1902*, 6, 1–54 [in Russian].

- 4 Apollova, N.G. (1960). Ekonomicheskie i politicheskie svyazi Kazakhstana s Rossiei v XVIII–nachale XIX v. [Economic and political relations of Kazakhstan with Russia in the XVIII — early XIX century]. Moscow [in Russian].
- 5 Abdrazakov, T.A. (1992). Ekonomicheskie posledstviia prisoedineniia Kazakhstana k Rossii [Economic consequences of Kazakhstan's accession to Russia]. Karaganda [in Russian].
- 6 Bekmukhamedov, E.B. (1964). Tsvetnaia metallurgii i gornoe delo dorevoliutsionnogo Kazakhstana [Non-ferrous metallurgy and mining in pre-revolutionary Kazakhstan]. Alma-Ata [in Russian].
- 7 Gern, V. (1899). Kharakter i nruvy kirgiz-kazakhov. Skotovodstvo u kirgizov [The character and morals of the Kyrgyz-Kazakhs. Cattle breeding among the Kyrgyz]. *Pamiatnaia kniga Semipalatinskoi oblasti — The memorial book of the Semipalatinsk region*, 3, 1–33 [in Russian].
- 8 Levshin, A. (1832). Opisanie kirgiz-kazachikh, ili kirgiz-kaisatskikh, ord i stepei [Description of the Kirghiz-Cossack, or Kirghiz-Kaysak, hordes and steppes]. Saint Petersburg, 3 [in Russian].
- 9 (2004). Shygys Saryarqa. Qarqaraly onirinin otkeni men bugini [East Saryarka. Past and present of karkaraly region]. Almaty: Evro [in Kazakh].
- 10 Grigorev, V. (1854). Orenburgskie kirgizy i ikh umenie v tovgovom dele [Orenburg Kyrgyz and their skills in trade]. *Narodnaia beseda — People's Conversation*, 1 [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Муратова Мадина — PhD докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-4984-4752>

Джумабеков Джамбул — т.ғ.к., Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7714-717X>

Иксанов Султан — тарих магистрі, Қазақстан тарихы және Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының аға оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0008-6658-5706>

Information about the authors

Muratova Madina — PhD student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Dzhumabekov Dzhambul — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of History of Kazakhstan and the Assembly of People of Kazakhstan, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Ixanov Sultan — Master of history, senior lecturer of the Department of History of Kazakhstan and the Assembly of People of Kazakhstan, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

Г.К. Мырзахмет¹ , Г.Б. Алпысбаева² , Д.И. Данабекова² 

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан;
²М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан
(E-mail: gala_19.80@mail.ru; alinur180815@mail.ru; dinara.danabekova@inbox.ru)

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымының бастаулары мен қазіргі қоғамдағы рөлі (тарихи талдау)

Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі уақытта Қазақстанның рухани, мәдени мұрасына, сондай-ақ рухани өмірдің тарихы мен қазіргі заманғы мәселелеріне қоғамдық және ғылыми назардың тұрақты өсуімен байланысты. Сондықтан, мақалада Қазақстанда исламның таралу тарихы қарастырылған, мұсылман дінбасыларының қызметі және қазақтардың діни, рухани дүниетанымының ерекшелігіне талдау жасалған. Мақала авторлары қазақтардың діни және рухани өмірінің өзіндік, этникалық ерекшеліктерін және оған шаруашылық-тұрмыстық факторлардың әсерін ашып көрсетеді.

Кілт сөздер: Қазақстан тарихы, қазақтардың дүниетанымы, дін, ислам, рухани өмір, қазақ қоғамы, мәдени мұра, мәдениет.

Kipicne

Дін — қоғамдық сананың ең күрделі түрлерінің бірі. Ол адамның пайда болуымен бірге пайда болды және біртіндеп қоғам дамыған сайын өзгерді. Дін салыстырмалы түрде тұрақты және консервативті құбылыс болғанына қарамастан, ол қоғамдық өмірдің өзгеретін жағдайларына бейімделеді. Егер діннің сыртқы қабығы өзінің бастапқы түрінде сақталса, онда ол сана саласында айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Кез келген бір халықтың діні, наным-сенімдері мен дүниетанымы оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып саналады. Өзімізге белгілі, қазақ халқының түркілік дәуірінен бастап бір тұтас халық болып қалыптасып, дамуына дейінгі аралықта өзіндік дүниетаным жүйесінде ұстанған діни сенімдері және көзқарастары қазіргі кезеңде де жоғалып кетпей, өзінің жалғасын тауып, исламдық дәстүрдің қалыптасуына ықпал етті. Әрине, дін — бұл адамзат баласы жаратылғалы бері дүниеге келген өшпес шындық, ақиқат және рухани мәдениеттің бөлігі әрі дүниетанымның тарихи нысаны болып табылады. Мәдениет пен өркениеттің түрлі институттары түгел дерлік діни нанымнан туындағаны, өрбігені шындық. Осы себептен, дінді зерттеу, діннің болмысы мен тарихын, негізгі ұстанымдарының қоғамның дамуына тигізген ықпалын зерттеу қазіргі кезеңде күн тәртібінде тұрған өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Бүгінгі күнде отандық тарих ғылымында қазақтардың ата-тегін, тарихын, дінін және рухани дүниетанымын зерттеуге деген қажеттілік бар. Қазақ халқының саяси, экономикалық және мәдени тұрғыдан тәуелсіздікке қол жеткізгеніне отыз жылдан астам уақыт толды. Өзімізге белгілі, тәуелсіздікке дейінгі кезеңде еліміз КСРО құрамында болып, бұл кезеңде қазақтардың діни дүниетанымының дамуына шектеулер қойылды. Мұндай шектеулерге қарамастан қазақтардың діни және рухани дүниетанымы өзінің құндылықтарын жоғалтқан жоқ.

Қазақстанның ұлттық өзін-өзі анықтауы жолына түсуіне байланысты қазақ халқының бай мұрасын зерттеу қазіргі рухани қайта өрлеу дәуірінде ерекше мәртебеге ие. Әлем мен адамды қабылдаудың тұтастығы, ақыл-ой мен жүректің бірлігі, шындық, мейірімділік пен әділеттіліктің рухани-адамгершіліктік басымдылықтары, төзімділік пен ізгі ниеттіліктің ерекше түрі — Ұлы Даланың барлық осы сабақтарын қазақ дүниетанымы өзіне сіңірді.

Зерттеу әдістері

Қазақ халқының рухани және діни дүниетанымының ерекшеліктерін анықтауда тарихилық, объективтілік және жүйелілік принциптері басшылыққа алынып, келесідей ғылыми тұрғыдан зерттеудің әдістері қолданылды: тарихи талдау және салыстырмалы талдау әдісі. Қазақтардың діни дүниетанымының дамуын және қоғамға әсерін зерттеу барысында пәнаралық тәсіл басшылыққа

алынды. Бұл тәсіл діни сана-сезімнің өзгеру тенденцияларын сипаттауға мүмкіндік тудырды. Компаративтік әдістің негізінде діни Қазақстан тарихында қалыптасқан діни бірлестіктердің және қазақ дүниетанымының ортақ белгілері мен ерекшеліктері қарастырылды. Жүйелеу әдісі діни дәстүрдің әлеуметтік-экономикалық және саяси факторларымен өзара байланысы анықталды.

Талқылау және нәтижелері

Ерте ортағасырларды Қазақстан тарихында түркі дәуірі деп те атайды. Бұл кезеңде Еуразиялық Ұлы дала түркілердің басшылығымен бірігіп, бұрын-соңды болмаған этносаралық коммуникациялық байланыс жүзеге асырылды. Түркілер Жерорта теңізі мен Тынық мұхиты арасындағы алып территорияны жайлап, Ұлы Жібек жолын қадағалап, халықтар мәдениеттерінің өзара араласуына жол ашты. Оңтүстік Сібір, Орта және Орталық Азия мен Шығыс Еуропаны мекен еткен түркі тілдес тайпаларды біріктірген Түрік қағанаты өзіне дейін өмір кешкен сақ, ғұн, қаңлы, үйсіндердің мемлекеттік дәстүрін бойына сіңіре отырып, көшпелі қоғам мен отырықшы мәдениет ерекшеліктерін біріктірген жаңа сапалық деңгейдегі мемлекет құрды. Біздің заманымыздағы I мыңжылдықтың орта шенінен бастап Ұлы даладағы этникалық-саяси жағдай өзгерді. VI ғасырдан бастап сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың уақыты өтіп, түркі дәуірі басталды. Яғни, Тынық мұхитынан, Солтүстік Монғолия далаларынан және Алтай тауларынан, Қазақстанды басып өтіп, Қара теңіздің жағалауына дейін түрік халықтары өсіп-өркендеді. Сол кезден бастап Орталық Азияның ұлан-байтақ аумағы, соның ішінде Қазақстан да ертедегі түріктердің қуатты этникалық-мәдени қауымдастығының өресіне енді. Бұл аумақ ауқымында түрік тайпалары үшін ең белсенді тарихи орталық Алтай болды. Шамамен алғанда, б.з.б. V ғасырда Ашина әулеттік руының өмір сүруі кезінен одан әрі солтүстік-батысқа қарай қоныстанып, Оңтүстік Сібірдің көп бөлігін, Қазақстанды, Орта Азияның солтүстік және шығыс бөлігін, Еділ бойын, Шығыс Еуропаға дейін қамтыған көшпелі түріктердің негізгі көпшілігі сол жерден шыққан [1; 435]. Бұл орасан зор территорияны 30-дан астам түркі тектес тайпалар мекендеді. Бұдан біз халық санының көп болғандығын көреміз. Халық санының көптігі және дүниетанымында әлемнің төрт бұрышын игеруге деген талпынысының зор болғандығынан түркілердің ширақ қимылдап, дүние тарихында өте маңызды рөл атқаруға мүмкіндік жасады. Түркі халықтарының осы орасан зор кеңістік пен ондағы ауа райы туралы түсінігі жоғары болды. Оған себеп — олар климаттық жағдайға орай шаруашылығын жүргізді. Жат елдермен сауда-саттық жасады, мал және тауармен қатар, ой алмастырды, сол орайда өздері де игіліктерге ие болды. Жаугершілік болған кездері олардың айла-тәсілдерін, күш-қуатын бағамдады [2; 90]. Түркілердің құрыш сауытты, көк найзалы қуатты атты әскерінен көршілері үнемі сақтанып отырды. Дәстүрлі түркі дүниетанымының дәуірлеп тұрған кезінде, яғни түркі мемлекеттілігінің империялық дәрежеге жеткен тұсында, түркілер бүкіл әлемді билеуге өздерін ғана құқылы санап, оны «түркілер — Тәңірінің сүйікті жаратылысы» деген діни түсініктің аясында мойындаған [2; 171].

Түркі қағанатының құрылу қарсаңында мемлекеттің қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті құрылым ретінде өз діни-идеологиялық жүйесі болды. Ұлы ғұн империясы ыдыраған соң бірнеше ғасырлық үзілістерден соң олардың мұрагерлері түркілер өз тарихында болып өткен мемлекеттілікті, империялық заманды аңсап, қайта қалпына келтіруге тырысты. Ғұн мемлекеті ыдырағанымен, оның мемлекеттік дәстүрлері із-түзсіз жоғалып кеткен жоқ. Түркі қағанаты ғұндар тұсында қалыптасқан көшпелілерге тән дәстүрлі мемлекеттік жүйені мұраға алды. Ұлы даладағы біртұтас мемлекеттің негізін қалаған түркі тайпаларына ғұндардың бір тіл мен мәдениетке, бірыңғай этникалық сипатқа ие тайпалармен қатар, әртүрлі этникалық, шаруашылық текке ие халықтар мекен ететін ұлан-байтақ территория ғана емес, мемлекет құрылымына негіз болған, әлі толық пісіп-жетілмеген, бірақ даму жолындағы билік жүйесі және дәстүрлі дүниетанымы қалды [2; 45]. Түркілердің алдында енді осы мұраға қалған дәстүрді жетілдіріп, дамыту міндеті тұрды. Бұл туралы С.Г. Кляшторный: «Ғұндар емес, олардың мұрагерлері — түркілер Орталық Азияға тән шаруашылық типтердің, саяси ортақтықтар мен мәдени дәстүрлердің қалыптасуына шешуші ықпал етті», – деген пікірінің жаны бар [3; 48]. Жалпы алғанда, түркілердің дүниетанымының бастауы сақтар, үйсіндер мен ғұндардың дәуірінен тарихи сабақтастықпен жалғасып келді. Түркілердің тұрмысы, ойлау мәнері, сенім-нанымдары, әлемге көзқарасы, салт-дәстүрлері Ұлы даланың өміріне сәйкес қалыптасты. Л.Н. Гумилев: «Дәстүрлі түркілік дүниетаным материалдық құндылықтардан гөрі, ата-бабалар өмірі мен олардың ерліктері туралы ұрпақтан ұрпаққа берілген рухани құндылықтарға және сөзге негізделген, сомдалған» [4; 145] деп баға береді. Байырғы түркілердің өз қолымен жазып қалдырған Орхон бойындағы Білге қаған, Күлтегін, Күлі-чор, Тоныкөк, Ел-етміш, Білге қаған ескерткіштерінің

мәтінінде Түркі қағанатының мемлекетіне, атқарушы үкіметіне, ел басқару әкімшілік жүйесіне, әскери ісіне, оның құрылымына түркілердің дүниетанымына байланысты деректер мол [5; 312].

Түркі әлемінің дәстүрлі дүниетанымы неден және қалай қалыптасты деген сауалға келсек, оны рухани мәдениеттің қалыптасуы және қайта жаңғыру құбылысымен тұтастықта қарастыру қажет. Түркілердің үлкен аймаққа еркін таралып, қоршаған ортаны жылдам игеруінің өзі олардың әлем туралы дүниетанымының кең болғандығынан екені белгілі.

Түркілердің дәстүрлі дүниетаным жүйесі мынадай негізгі ұғымдарды біріктірді: 1) Тәңірі — түркілердегі Жаратушы, жарылқаушы, бақылаушы және жауап алушы Құдай. 2) Жер-Су — түркілердің Тәңірі берген Отаны, өмір сүру кеңістігі, мекені. 3) Ұмай — әлемнің әйел бастауы, балалар мен әйелдердің жебеушісі, қолдаушысы. 4) Құт — Тәңірінің түркілермен бірге оларға арналған несібесі, үлесі, өмірлік күш-қуаты немесе қолдаушысы [2; 26]. Міне, осы негізгі наным-сенімдер мен діни ұғымдар түркі мемлекеттілігінің қалыптасуына, түркі қоғамындағы қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуге, Қағанаттағы ішкі-сыртқы істерді дұрыс ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралардың шеңберін белгілеп берді [2; 26].

Осылайша, түркілердің наным-сенімдерін зерттегенімізде олардың көкке (көк культі), ата-баба аруағына (ата-баба культі, атақұлдық), аң-жануарларға (анимализм және тотемизм культтері) табынғанын, таудың аруағына (бүдүн инли, анимизм) сиынғанын т.б. айта аламыз. Л.Н. Гумилев «Көне Түріктер» атты кітабында «Түркілердің діні» атты тарауда ежелгі түріктердің әр түрлі этникалық топтардан құралғанын айта келіп, шонжарлардың көбінесе ата-баба культінде болғанын, кейбір топтардың күннің жарығына табынғанын, кейбір тайпалардың Жер-су деп аталатын жауыз тәңірлерге, ал бағзылардың тәңіршік аруақтарға табынғанын жазады. Яғни Тәңірге, Жер–Суға, Ұмайға табыну. Дала дәстүрінің жалғастығы. Жоғарыдағы көк аспан көне түрік дүниетанымының темір қазығы тәрізді. Бұл қазықты ол жоғарғы Тәңір әлемі, тіршіліктің тірегі Жер мен Су орналасқан ортаңғы әлем деп екіге бөледі. Аспанға (Тәңірге) табыну діни нанымда маңызды орын алады, бұл түсінікте де, сондықтан болар Көкке табыну түркілер арасында кең таралған. Аспан тұрғындары өздерінің қанатты арғымақтарына мініп, аспан күмбезін шарлайды, түрік қағандары да аспанға ұқсас, асқақ, оларды көкте туғандар дейді. Көне түркі жазба мұраларында былай делінеді: «Аспан менің әкем Ильтериш-қаған мен анам Ильбильге-хатунды жоғарыдан басқара отырып, оларды (халықтан) биікке көтеріп, асқақтатты» [6; 75].

Көк Аспан мен Жер–Суға табынушылықтың пайда болуын адамның табиғат алдындағы мәңгілік парыздарлығымен, оның қиындықта қолдап, аштық пен зілзаладан сақтайтын, азық-түлікпен қамтамасыз ететін ізгі құдайлар мен пір иелеріне үнемі алғыс білдіру ниетімен байланыстыруға болады. Нақты өмір шындығын түсіну адамға жәрдем беретін жоғарғы көк аспан әлемі бар екендігі туралы түсінікті қалыптастырды. Көне түркілер үшін әлемдегі ең биік шыңның Хан Тәңірі атануы да кездейсоқтық емес. Тәңірге, Жер–Суға табынудың пайда болуын адамда әуел бастан қалыптасқан ризашылық сезімдерімен байланыстыруға болады. Бұл құдайлар қарапайым тіршілік иелеріне қамқорлықпен қараған, ауыр кезеңдерде адамдарға азық-түлік сыйлаған мейірбандықтарына алғысын білдірудегі ниетінен туған еді деп есептейміз. Осындай өмірдің нақты шындығына көз жеткізу адамдарға жәрдемдесетін жоғары әлем бар деген түсінікті туғызуы да заңды еді. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымдарындағы ең биік шынды Хан Тәңірі деп атауы да кездейсоқтық болмас. Болмыстың мәнін және оның рухтық көрінісін Аспанға саю қазақ халқында көпке дейін сақталып келді. Аспанға құдыретті күшті Құдай тұрғысынан мұқият жасалынған талдау мен көшіп-қону бағытын анықтаудағы басты нысана ретінде қарастырылуы өзінің дүниетанымдық тұрғыдағы Тәңіріне табынуына ықпал етті. Бұдан шығар тұжырым «нақты аспан объектісімен оның тірі дүниенің рухани символы ретінде уағыздалуы арасында сәйкестік бар» [7] деген пікірге толығымен қосылуға болады.

С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жеңіс ежелгі түркілердің дүниетанымының мемлекеттік идеологияға негіз болып Мәңгілік Елдің түпқазығы болғанын былайша дәлелдейді: «Ортағасырлық түркі мемлекеттерінде дәстүрлі дүниетаным жан-жақты идеологиялық сипатқа ие болды. Дәстүрлі дүниетаным мемлекеттегі халық пен табиғат арасындағы қатынасты, этносаралық қарым-қатынасты, халық пен билік, билік пен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты реттеуде идеологиялық тетік қызметін атқарды. Осы идеологиялық тетікті іске қосушы әрі біріктіруші Тәңірі сенімі болса, осы идеологиялық жүйенің мұраты түркілердің дәстүрлі дүниетанымындағы «Жер-Су» ұғымымен тығыз байланысты «Мәңгі Ел» идеясы болды. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі «Мәңгі Ел» идеясы да мәңгі мемлекет, мәңгі халық мағынасын білдіріп, жалаң, жылтырақ идея емес, керісінше, түркілердің дүниетанымымен бекітілген, тұрақты, негізгі идея екендігін байқауға болады. Көріп

отырғанымыздай, түркілердің дәстүрлі дүниетанымы тек қана халықтың сенімі ғана емес, мемлекет пен халықты, мемлекет пен көрші елдердің арақатынасын реттейтін саяси құрылым болды. Осы көне түркілік «Мәңгі Ел» идеясын жатжерлік идеяларға тосқауыл болып, Қағанатты саяси-экономикалық тұрғыдан күшейтуге қабілетті идеологияны жетілдіріп, дамыту түркі идеологтарының негізгі міндеті болды. Бірінші Түркі қағанатының құрылуынан бастап, Қазақ хандығының гүлдену дәуірі кезеңі аралығында «айгуджы», «көлеркін», «бек», «би» деген әртүрлі атауға ие болған осы идеологтар дәстүрдің сақталуын, дамуын жіті қадағалап отырды» [2; 51] деп көрсетеді.

Еуразия өлкесінің сан ғасырлық тарихы, қазақ халқының этногенезі мен этнографиясын зерттеу барысында қазақ мәдениеті мен руханияты ислам өркениеті мен дүниесінің ажырамас бөлшегі екендігін көруге болады. Қазақстанның кең-байтақ территориясы мен Еуразия аумағын мекендеген түркі ұлыстары IX ғ. басында ислам дінін қабылдап, кейін осы территорияға иелік еткен ұлыстардың ұрпақ жалғастырған халықтары өз дүниетанымында ислам құндылықтарын дәстүрлі бағдар етіп қадір-қасиетімен біріктірген. Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі кезеңдерде территориямызда түрлі мемлекеттік бірлестіктер тарихында ислам ұлттық менталитеттің негізгі дінге ретінде өміршеңдік танытқандығына тарихи деректер дәлел болады. Тіпті атеизм жарияланған кеңестік отаршылдық саясат қазақ дүниетанымдағы исламды жоя алмады. Қазақ даласындағы ислам ерекшеліктерін талдауда әлі күнге дейін отандық ғалымдар арасында бір тұжырымға шынайы біріккен пікірлер аз. Ислам рухани тазалық пен құндылықтардың өзегі, адам болмысының тұтастығын қамтамасыз ете алатын пәрменді күш ретінде адамзат санасына ұялай бастағандығы ең маңызды фактор. Қазақстандағы діни жағдайды сараптау динамикасы ежелгі кезеңнен бастап кеңестік кезеңдегі уақытта қарама қайшылықты тенденциялар бар екендігін айшықтайды. Жалпы, ислам өзінің өміршеңдігін және тұрақтылығын дәлелдеді. Себебі, ежелгі түркі даласына дін ретінде енген ислам, кейін қазақ дүниетанымына мәдени негізде толыққанды енді. Халқымыздың барлық салт-дәстүрлерінің исламнан бастау алатындығы ислам құндылықтарының халықтық санада берік бекігендігінен көруге болады [8].

Ислам дінінің қазақ мәдениетіндегі орны мен тарихи ерекшеліктері жөнінде көптеген еңбектер жазылған. Солардың тақырыбымызға қатысы барына шолу жасасақ. Белгілі тарихшы, исламтанушы Назира Нұртазина өзінің «Ислам діні қазақ қоғамының, мемлекетінің, мәдениетінің идеялық, құқықтық, саяси және рухани адамгершілік фундаменті болды. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін біз көшпенділікпен байланыста дамыған көне түркі мұрасы мен бүкіл адамзат тарихына пәрменді рухани фактор болып келген ұлы ислам дінінің бір-бірімен кездесіп, байланысып, сіңісуінің заңды қорытындысы, жемісі деп бағалауымыз керек. Тарихилық пен диалектикалық ойлау тұрғысынан қарасақ, ежелгі түркі дәстүрі өзгермей, бір орында тұруы мүмкін емес еді. Ол уақыты келгенде міндетті түрде түбегейлі өзгеріске, трансформацияға ұшырап, түрленіп, руханилануы керек болды. Ислам діні арқасында түркілер қоғамы жаңа сапалық деңгейге көтеріліп, моральдық, идеологиялық, мәдени-гуманитарлық жағынан толыққанды өркениеттік негіздерді қабылдауға мүмкіндік алды» [9; 136] деп көрсетеді.

Әлемде әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Бұл ислам құндылықтарына да байланысты. Исламның келуі — он бес ғасыр бойы әлемнің, миллиардтаған адамдарының, әртүрлі этникалық қауымдастықтың, оның ішінде қазақ этносының да тұрмыс пен салт, дүниетанымына әсер еткен күрделі тарихи құбылыс.

Ортағасырлық әдеп әдебиеті сол кезеңдегі мұсылман қоғамының білімді бөлігінің құндылықтық бағдардағы бағытын көрсетеді. Әдептер білімді және мәдениетті адамдардың біріккен образын танытатын жарқын өкілдері болып табылады. Әдеп дегеніміз — тәрбиелілік пен білімділік нормаларының бірлігі. Әдепке тек діни білім ғана емес, сондай-ақ зайырлы ғылымдар, атап айтқанда, философия, астрономия, математика, жаратылыстану, этика арнайы мінез-құлық моделін жасақтады. Осылайша ислам мәдениетіндегі құндылықтардың гуманистік бағыттылығы анық көрінді. Бұл бағыт адамдар бойында адамгершілік қасиеттерін сіңіруді негіз етті. Орта ғасырлардағы ислам мәдениетінде гуманистік құндылықтар үш аспектіде көрініс тапты. Біріншісі: діни гуманизм, адамды Алланың ең жоғары жаратылысы ретінде тану. Екіншісі: әдеп гуманизмі, жалпы адамзаттық құндылықтардың насихатталуы. Үшіншісі: Әбу-Хайн ат-Таухиди жазбаларындағы «Адам адамға қайшылық тудырады» идеясында нақты анықталған философиялық гуманизм [8; 113].

Исламның қазақ даласына енген алғашқы, әрі одан кейінгі кезеңдерінде дүниетанымдық көпқырлылығы, әсіресе, адамгершілік мәселелері адамның күнделікті тіршілігінде ғана емес, Даланың ұлы дана ойшылдарының философиялық тұжырымдарында да көрініс тапты.

Қорытынды

Осылайша, көне заманда болмыстың қай кезеңі болмасын, адамдар қандай да бір құдыретке сенуге ұмтылған. Діни немесе басқа да нанымдар адамдар сана-сезімін байлаған. Олардың ішінде: Фетишизм — табиғи заттарға табыну. Тотемизм — Тотем белгілі бір әлеуметтік топ үшін оның генеологиялық бастауы әрі желеп-жебеушісі, рәміз (символ) әрі ең басты құндылық. Магия — белгілі бір сиқырлықтың барысында болжау қабілетінің көмегімен табиғи заттар мен құбылыстарға қоғамдық өмірдің барысында, кейінірек өз мүмкіншілігімен адамдарға әсер ете білу. Анимизм — айналадағы көзге көрінбейтін заттардың тіршілік ететініне, табиғаттан тыс елестердің — жандар мен аруақтардың әрекет өмірлеріне сену. Міне, осы құбылыстарды алғашқы қоғамдық құрылыстың кезінде діни сенімдер деп, олар әр қилы және әртүрлі мәнде болады деп түсіндіреді. Солай бола тұра, оларға ортақ нәрсе — айналадағы нақты дүниенің үстінен бір күштің үстемдік етуін жоққа шығара алған жоқ.

Қазақтардың діні, дәстүрі, дүниетанымы ғасырлар бойы қалыптасып, өзара кірігіп, бөлінбес бірегей құндылыққа айналды. Ислам діні қазақ ұлтының ұлт ретінде қалыптасуына, әдеп пен құқық нормаларының орнығуына ықпал етіп, қазақ даласындағы материалдық және рухани мәдениеттің өрістеуіне жол ашты.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін): [төрт томдық]. — Алматы: Атамұра, 1996. — I т. Палеолит дәуірінен соңғы орта ғасырларға дейінгі Қазақстан. — 544 б.
- 2 Сыздықов С. Мәңгілік Ел идеясы: қалыптасуы, үш негізі, тарихи сабақтастық / С. Сыздықов, С. Қанаев, Ж. Жәніс. — Астана: Фолиант, 2013. — 320 б.
- 3 Кляшторный С.Г. Имперский фон древнетюркской цивилизации / С.Г. Кляшторный // Отечественная история. — 1998. — № 1. — С. 50-53.
- 4 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия / Л.Н. Гумилев. — Баку: Азернешр, 1990. — 245 с.
- 5 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түріктердің мемлекеттілігі және ел басқару жүйесі / Қ. Сартқожаұлы // Қазақ мемлекеті және Еуразия кеңістігі: тарихы мен қазіргі кезең: IX Еуразиялық ғыл. форум материалдарының жин. — Астана, 2014. — 380 б.
- 6 Гумилев Л.Н. Древние Тюрки / Л.Н. Гумилев. — Москва, 1993. — 504 с.
- 7 Бернштам А.М. Социально-экономический строй Орхон-Енисейских тюрок VI-VIII веков. Восточно-Тюркский каганат и кыргызы. — Москва-Ленинград, Изд-во Академии наук СССР, 1946. — 146 с.
- 8 Оңғарбаев Е.А. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары / Е.А. Оңғарбаев. — Алматы: Көкжиек, 2013. — 272 б.
- 9 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи мәдениеттанулық зерттеу) / Н. Нұртазина. — Алматы: Өнер, 2002. — 208 б.

Г.К. Мырзахмет, Д.И. Алпысбаева, Г.Б. Данабекова

Религиозное, духовное мировоззрение казахов и его влияние на общество: исторический анализ

Актуальность темы исследования определяется тем, что в настоящее время наблюдается устойчивый рост общественного и научного внимания к духовному, культурному наследию Казахстана, а также к истории и современным проблемам духовной жизни. В связи с этим, в статье рассмотрена история распространения ислама в Казахстане, проанализированы деятельность мусульманского духовенства и специфика религиозного и духовного мировоззрения казахов. Авторами данной статьи раскрыты специфические, этнические черты религиозной и духовной жизни казахов и показано влияние на него хозяйственно-бытовых факторов.

Ключевые слова: история Казахстана, мировоззрение казахов, религия, ислам, духовная жизнь, казахское общество, культурное наследие, культура.

G. Myrzakhmet, D. Alpysbayeva, G. Danabekova

Religious, spiritual worldview of the Kazakhs and its influence on society: historical analysis

The relevance of the research topic is determined by the fact that at present there is a steady growth of public and scientific attention to the spiritual, cultural heritage of Kazakhstan, as well as to the history and modern problems of spiritual life. In this regard, the article examines the history of the spread of Islam in Kazakhstan, analyzes the activities of the Muslim clergy and the specifics of the religious and spiritual worldview of the Kazakhs. The authors of this article reveal the specific, ethnic features of the religious and spiritual life of the Kazakhs and the influence of economic and everyday factors on it.

Keywords: history of Kazakhstan, worldview of the Kazakhs, religion, Islam, spiritual life, Kazakh society, cultural heritage, culture.

References

- 1 (1996). Qazaqstan tarikhy (kone zamannan buginge deiin) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]: I Tom. Paleolit dauirinen songy orta gasyrlarga deuingi Qazaqstan [Kazakhstan from the Paleolithic to the Late Middle Ages]. Vol. 1. (Vols. 1-4). Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 2 Syzdykov, S. (2013). Mangilik El ideiasy: qalyptasuy, ush negizi, tarikhi sabaqtastyq [The idea of the Eternal Country: formation, three foundations, historical continuity]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 3 Kliashorny, S.G. (1998). Imperskii fon drevnetiurkskoi tsivilizatsii [Imperial background of ancient Turkic civilization]. *Otechestvennaia istoriia — Domestic history, 1*, 50-53 [in Russian].
- 4 Gumilev, L.N. (1990). Tysiacheletie vokrug Kaspiia [A millennium around the Caspian Sea]. Baku: Azerneshr [in Russian].
- 5 Sartkozhauli, K. (2014). Bayirgi turikterdin memlekettiligi zhane el baskaru zhuiesi [Statehood of the ancient Turks and the system of governance of the country]. *Qazaq memleketi zhane Euraziia kenistih: tarikhi men qazirhi kezzen: IX Yeuraziialyq gylymi forum materialdarynyn zhinagy — Kazakh state and Eurasian area: history and modernity: Proceedings of the IX Eurasian Scientific Forum*. Astana [in Kazakh].
- 6 Gumilev, L.N. (1993). Drevnie Tiurki [Ancient Türks]. Moskva [in Russian].
- 7 Bernshtam, A.M. (1946). Sotsialno-ekonomicheskii stroi Orkhono-Eniceiskikh tiurok VI-VIII vekov. Vostochno-Tiurkskii kaganat i kyrgyzy [Socio-economic system of the Orkhon-Yenisei Turks of the VI-VIII centuries. The Eastern Turkic Khaganate and the Kyrgyz]. Moscow-Leningrad [in Kazakh].
- 8 Ongarbaev, E.A. (2013). Qazaq madenieti zhane islam qundylyqtary [Kazakh culture and Islamic values]. Almaty: Kokzhiiek [in Kazakh].
- 9 Nurtazina, N. (2002). Qazaq madenieti zhane islam (tarikhi madeniettanulyq zertteu) [Kazakh culture and Islam (historical and cultural research)]. Almaty: Oner [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

Мырзахмет Ғалия — PhD докторант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0001-8786-7074>

Алпысбаева Ғалия — тарих кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0003-0335-2204>

Данабекова Динара — Білім берудегі тарих және география кафедрасының аға оқытушысы, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0006-7920-594X>

Information about the authors

Myrzakhmet Galia — PhD student, Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan;

Alpysbayeva Galia — Senior lecturer of the Department of history, Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan;

Danabekova Dinara — Senior lecturer of the Department of history and geography in Education, Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan.

B. Yensepov¹ , S. Tokbolat² , B. Dzhursinbaev³ 

¹Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

²Taraz International innovative institute named after Sh. Murtaza, Taraz, Kazakhstan

³Taraz Regional University named after Dulati, Taraz, Republic of Kazakhstan

(E-mail: ensepov_81@mail.ru; seiltokbolat@gmail.com; bakytzhan_72@mail.ru)

The rebellion of the Syr-Darya kazakhs, led by Zhanhozha Nurmukhameduly, in opposition to the Russian empire's expansionist policy

In the article the 1950s uprising of the Syr-Darya Kazakhs, led by Zhankozha Nurmukhameduly, as a response to the encroaching expansionist policies of Imperial Russia was considered. It uncovers the oppressive tactics employed by the tsarist government's local officials. The study highlights how the construction of coastal forts along the banks of Syr-Darya River enabled control over the pastures and wintering grounds of the Junior Horde Kazakh clans. The study additionally reveals archival discoveries, such as the substitution of the Hojaniyaz fortress, which fell due to the directives of the Orenburg frontier commission, with the Kazaly fort. The study links these events to the revolt of the disenfranchised tribes in the lower Syr-Darya region. Through the use of newly available archival data, it offers a detailed examination of the structure and progression of the uprising. Furthermore, the research thoroughly details the arming of Russian-Cossack forces with sophisticated weapons, ammunition, and technical means employed to suppress the rebellion. The research posits that the timeframe of the Syr-Darya Kazakhs' liberation uprising spanned from 1856 to 1862, thereby contesting the previously accepted historical timeframe of 1856-1857.

Keywords: Russian Empire, Khanate of Khiva, Fort Raim, Hojaniyaz, Fort Kazaly, Zhanhozha Nurmukhameduly, Azbergen Munaytpasuly, V.A. Perovsky.

Introduction

The 19th-century Russian expansion into Central Asia, particularly along the Syr-Darya, presents a critical juncture in the historical narrative of the region. This period, marked by the Russian Empire's strategic maneuvers, significantly altered the socio-political landscape, especially for the Kazakh tribes whose traditional way of life and societal structures faced unprecedented threats. To fully comprehend this era, it becomes essential to explore the political and social situation of Kazakhstan under Tsarist rule, with a specific focus on regions like the Syr-Darya area.

Research in this area relies heavily on scholarly articles that investigate the nature of Russian dominance along the Syr-Darya and the ensuing resistance by the local population. Such a detailed examination is crucial for understanding the broader implications of Russian colonization on Kazakh society. The Russian Empire's agenda extended beyond mere territorial annexation; it sought to dismantle traditional Kazakh societal structures, divide the Kazakh steppe, and, ultimately, weaken the state's sovereignty. This aggressive policy triggered a sustained national liberation movement fueled by the local population's growing dissatisfaction with Russian intrusion.

One of the most notable manifestations of this resistance was the mid-19th-century struggle for freedom led by the Shekti clan in the lower reaches of the Syr-Darya. Characterized by direct confrontation with the invading Russian army, sabotage of the tsarist-constructed fortresses, and opposition to oppressive taxation policies, this struggle exemplifies the depth and complexity of Kazakh resistance. Understanding the significance of these actions requires a specialized study that delves into the motivations, strategies, and implications of this resistance movement.

The research problem, therefore, lies in bridging the gap in historical understanding of these events. While there is extensive literature on Russian imperial expansion, the specific socio-political impacts on the Kazakh tribes, particularly along the Syr-Darya, remain underexplored. The nuanced responses of these tribes, their strategic resistance, and the roles of key figures within these movements have not been comprehensively examined, particularly in the context of their underlying motivations and objectives. This gap hinders a complete understanding of the regional upheaval during this critical period and the enduring effects on Kazakh national consciousness and identity.

In essence, this research endeavors to unravel the complexities of the Kazakh response to Russian expansion. By providing a comprehensive account of this transformative era in Central Asian history, the study aims to contribute to the nuanced understanding of the historical trajectory of the region, emphasizing the significant impact of these events on the formation of Kazakh national identity and the region's socio-political landscape.

In the vast landscape of historiography covering Russian imperial expansion, a nuanced understanding of the socio-political ramifications for the Kazakh tribes along the Syr-Darya remains relatively unexplored. The intricate responses of these tribes, their resistance strategies, and the pivotal roles of central figures within these movements have not been thoroughly examined, especially concerning their motivations and strategic objectives. This gap in historical understanding hinders a comprehensive understanding of the regional upheaval during this critical period.

This study is propelled by the question: How did the Russian Empire's military expansion policy along the Syr-Darya influence the socio-political dynamics in the region, and what were the consequent impacts on the Kazakh resistance movements, specifically focusing on the strategic responses and the underlying motivations of key historical figures like Zhankozha Nurmuhameduly?

The research posits that the Russian Empire's military expansion catalyzed far-reaching socio-political changes within the Syr-Darya region. This expansionist policy triggered a multifaceted resistance movement among the Kazakh population, far from being a mere reactionary response. It was a deliberate reaction to the systematic usurpation of land, cultural suppression, and economic exploitation by the Russian authorities. Figures such as Zhankozha Nurmuhameduly were not only central to this resistance but also exemplified a strategic and nationalistic response to the geopolitical circumstances of the time.

This study aims to enrich the historical narrative of Central Asian resistance movements, particularly against Russian imperialism. Through a detailed analysis of archival materials, historical accounts, and scholarly works, it seeks to offer an in-depth perspective on the resistance strategies employed, highlight the roles of key Kazakh leaders, and evaluate the broader implications of these movements on regional history and identity formation. The goal is to bridge the existing knowledge gap and provide a nuanced understanding of this crucial historical period, emphasizing its enduring impact on Kazakh national consciousness and identity.

Methods

The methodology section of this research focuses on providing an objective assessment of the Russian Empire's military expansion policy along the Syr-Darya. This is achieved through a comprehensive analysis of both existing literature and newly available archival documents, incorporating them into the scientific discourse.

A significant portion of primary data was sourced from the Central State Archives of the Republic of Kazakhstan. These archives offered invaluable documents detailing the Kazakhs' resistance against Russian colonization, the strategies employed by the tsarist administration to occupy the region, and the operational procedures of its military-administrative offices in countering the Kazakh liberation efforts. Additionally, insights were gleaned from the statements of Russian army and border chiefs, providing perspectives on the interactions and conflicts between the Kazakhs of the Syr-Darya and the tsarist administration.

The research involved a thorough review of numerous published scientific works to ensure a comprehensive understanding of the historical context. These works provided a foundational knowledge base and helped in contextualizing the archival findings.

Documents from the Central State Archive of the Republic of Uzbekistan, specifically from fund No. 715 "Colonel Serebrennikov's information about the Turkestan region" were also scrutinized. This collection yielded data on the diplomatic activities of the Russian administration, the construction of fortresses on Kazakh lands, and the political and social dynamics within the local clans. This information was crucial in delineating the broader impact of the Tsarist Russian Empire's conquest campaigns, the local population's response, and the roles of key Kazakh leaders and figures.

The research adhered to principles of historicity and systematicity, ensuring that the analysis remained anchored in historical contexts and was systematically structured. Comparative analysis was employed to draw parallels and contrasts between various data sources, enhancing the depth of understanding. The methodology was guided by a commitment to objectivity and scientific rigor, ensuring that the conclusions drawn were based on evidence and scholarly analysis rather than conjecture or bias.

The archival data were systematically categorized and critically analyzed. This process involved correlating the newly discovered archival information with existing historical narratives, thereby allowing for a more nuanced understanding of the Russian Empire's policies and their implications on the Kazakh populace.

In summary, the research methodology combined a meticulous review of archival sources with a critical analysis of existing literature, underpinned by a rigorous academic approach. This blend of primary and secondary sources, coupled with a methodical analytical framework, provided a comprehensive understanding of the complex historical events during this challenging period.

Discussion

- 7 Azgirskaya nauchno-proizvodstvennaya radioekologicheskaya ekspeditsiya [Arzgir scientific-production radioecological expedition]. Retrieved from <https://inp.kz/ru/sekcia/azgirskaya-ekspeditsiya> [in Russian].
- 8 Abduali, R.M., Asanbayeva, A.Ye., Gribanova, Ye.M., Murzagalieva, G.N., & Suleimenova, A.T. (Comp.). (2011). *Spravka o rabote gruppy nauchnykh sotrudnikov Instituta biofiziki Akademii meditsinskikh nauk SSSR po obsledovaniyu naseleniia Semipalatinskoi oblasti // V knige: Kazakhstan za beziadernyi mir: sbornik dokumentov i materialov* [Information about the work of a group of researchers from the Institute of Biophysics of the Academy of Medical Sciences of the USSR on the survey of the population of the Semipalatinsk region in the book: Kazakhstan for a nuclear-free world. Collection of documents and materials]. (2d ed.). Almaty: Print Express [in Russian].
- 9 Balmukhanov, S.B. (1998). *Yadernyi poligon moimi glazami* [Nuclear test site with my eyes]. Almaty [in Russian].
- 10 Sarseke, M. (2016). *Semei qasyreti. Derekti tarikhi khikaiait* [Family tragedy. Documentary historical story]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 11 Zikriiarova, S.M., Syzdykov, D.M., Kusainova, E.I., & Snytin, I.A. (2017). *Prichiny smertnosti naseleniia ot tekhnogennykh chrezvychainykh situatsii v Respublike Kazakhstan* [Causes of population mortality from man-made emergencies in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Kazanskogo meditsinskogo universiteta — Bulletin of the Kazan Medical University*, 17, 356-359 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Смагулова Гульнара — т.ғ.к., бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-8464-9637>

Шотбакова Ляззат — т.ғ.к., археология, этнология және Отан тарихы кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-0085-6584>

Стамбулов Серик — PhD, бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының қауымдастырылған профессоры, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-5400-227X>

Оразбекова Гүлнур — гуманитарлық ғылымдар магистрі, бүкіләлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының аға оқытушысы, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0002-7617-3288>

Information about the authors

Smagulova Gulnara — Candidate of historical sciences, professor of the Department of world history and international relations, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Shotbakova Lyzzat — Candidate of historical sciences, associate professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Stambulov Serik — PhD, associate professor of the Department of archeology, ethnology and Kazakhstan history, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan;

Orazbekova Gulnur — Master of humanities, senior lecturer at the Department of world history and international relations, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan.

А.Т. Серубаева *, Г.Б. Идрисова , А.К. Садыкова 

М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан
(E-mail: serubaeva_aurika@mail.ru; gulzhan0573@mail.ru; asemakaznpu@mail.ru)

Шоқан Уәлихановтың шығармашылық мұрасындағы Дала өркениетінің ерекшеліктері

Мақалада Ш. Уәлихановтың шығармашылық мұрасындағы Дала өркениетінің ерекшеліктеріне талдау жасалған. Авторлар Ш. Уәлихановтың ғылыми тұжырымы бойынша ешқашан таза көшпелі қоғам болмағанына назар аударған. Сонымен қатар, қазақ және қырғыз қоғамында мал шаруашылығынан басқа, егіншілік, қала, қолөнер сияқты бірнеше мәдени-шаруашылық типтер болғандығына салыстырмалы талдаулар жасаған. Мақала авторлары Ш. Уәлихановтың сол кезеңдегі тарихнамаға түзету енгізіп, «қазақтар мен қырғыздар жартылай көшпелі халық болды» деген ғылыми тұжырымын негізге ала отырып, бұл тұжырымның бүгінгі күнге дейін өзекті екеніне айрықша мән берген. Қорытынды бөлімінде, Дала өркениетіне сай көшпелі қоғамда мемлекет, қала, қоныс, жазу және жоғары мәдени руханият болғандығы туралы тұжырымдама жасалған. Сондай-ақ, авторлар отырықшы халықтармен салыстырғанда, көшпелі халықтардың табиғи ортамен үйлесімді, жарасымды жағдайда өмір сүрген деген қорытынды шығарады.

Кілт сөздер: Шоқан Уәлиханов, Дала өркениеті, көшпенділер, қазақ, қырғыз, ауыз әдебиеті, шежіре, ру-тайпа, жазба деректер.

Kipicne

Әлемдік өркениет деңгейіндегі алғашқы қазақ ғалымы Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов қазақ халқының ғана емес, түркі халықтарының да тарихы мен мәдениетін зерттеуге зор үлес қосты. Шоқан Уәлихановтың еңбектері Орталық Азия халықтарының этногенезін, әлеуметтік-саяси, рухани, мәдени, тарихи географиялық мәселелерін зерттеудегі маңызды дереккөздер. XIX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасы ұлт тарихындағы маңызды кезең. Осы кезеңде Шоқан өмір сүріп, оның ағартушылық және демократиялық көзқарастары қалыптасты. Ол өз халқының тарихын зерттеп, ғасырлар бойғы ұлттық мәдениетті орыс халқымен, содан кейін Еуропалық қоғаммен таныстыруды армандады.

Ш. Уәлихановтың өмір жолын, қызметі мен ғылыми мұрасын жан-жақты зерттеу, жүйелеу және зерделеуде өлшеусіз қызмет еткен академик А.Х. Марғұлан: «XIX ғасырда Қашқарияны алғаш ашқан ұлы гуманист, этнограф, тарихшы Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың есімі өз халқы үшін ең құрметті есімдердің бірі болып табылады», – деп бағалады. Бүгінгі таңда шоқантану мектебі қалыптасты, арнайы зерттеулер мен ғылыми монографиялар жарияланды. Ғалымның өмір жолы, ол өскен ортасы, қоғамдық-саяси қызметі, ғылыми көзқарастары мен ғылыми мұралары әртүрлі қырынан зерттеліп, ғылыми айналымға енгізілді. Алайда, ғылыми білім әрдайым даму үстінде екенін ескерсек, мәселені жаңа қырынан жаңаша методологиялық көзқараста зерттеудің маңызы жоғары екенін түсінеміз. Мақаланың мақсаты — Ш. Уәлихановтың шығармашылық мұрасында Ұлы Дала өркениетінің немесе көшпенділер өркениетінің ерекшеліктерін талдап көрсету.

Зерттеудің методологиясы мен әдістері

Мақаланың негізгі деректік қорын академик Ә.Х. Марғұланмен 1984-1985 жылдары жарық көрген Ш. Уәлиханов шығармаларының бес томдық жинағы мен 2010 жылы «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында басылып шыққан ғалым шығармаларының қазақ тіліндегі басылымы құрайды. Сондай-ақ, Р.Б. Сүлейменов пен В.А. Мойсеевтің «Шоқан Уәлиханов — шығыстанушы» атты іргелі теориялық зерттеу еңбегі және басқа да ғалымдардың зерттеулері мен монографияларындағы тың ойлар мен тұжырымдар пайдаланылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: serubaeva_aurika@mail.ru

Мақала тарихилық, жан-жақты салыстырмалы талдау мен жинақтау, жүйелілік және тағы да басқа ғылыми-әдістемелік принциптер басшылыққа алына отырып, жазылды. Әлемде қалыптасып келе жатқан тұлғатану саласының өркениеттілік ұстанымына ерекше көңіл бөлінді. Кез келген жеке тұлғаның ғылыми мұраларын талдап, талқылау барысында оның ғылым мен мәдениетке, жалпы өркениеттің дамуына қосқан үлесіне ерекше мән берілуі қажеттігі басты назарға алынды.

Талқылау

Кеңес үкіметі тұсында Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметі, ғылыми мұралары 1950-1970 және 1980 жылдардың ортасына дейін қарқынды түрде зерттелді. Ғалымның шығармаларын құрастыруда академик Ә.Х. Марғұланның еңбегі зор. Оның жетекшілік етуімен 1961-1972 және 1984-1985 жылдары бес томдық шығармалар жинағы басылып шықты.

XX ғасырдың 50-ші жылдары Х. Айдарова кеңестік ғалымдардың ішінде бірінші болып Ш. Уәлихановтың өмірі мен қызметін, ғылыми көзқарастарын зерттеу тақырыбында тарих ғылымдарынан кандидаттық диссертация қорғады [1]. Ш. Уәлихановтың өмір жолы мен қызметін, қоғамдық-саяси, экономикалық, философиялық, құқықтық көзқарастары мен зерттеулерін бірқатар ғалымдар зерттеді. Атап айтсақ, К. Бейсембиев, О.А. Сегізбаев, А. Искаков, Г.М. Исхаков, А.А. Атишев, Д.И. Дулатова, О.А. Султаньяев, Г.Р. Усенова, Ч.Д. Тұрдалиева, С.К. Өтенизов, Г.Ш. Валиханова, И.Р. Ишембетова, Р.Т. Тлеуқабылова, Ж. Бейсенбайұлы арнайы кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғады. Сондай-ақ ғалымның ғылыми мұраларын зерттеуде әртүрлі ғылым салаларының мамандары өз зерттеулерімен толықтырды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақ халқының қалыптасуы, қазақ этнонимінің шығуы мен қазақ хандығының құрылуы туралы мәселелер бүгінгі таңда отандық тарих ғылымындағы өзекті мәселелердің қатарына жатады. Аталған мәселелер Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде қарастырылған. Ш. Уәлиханов қызмет бабымен елді аралаған сапарларында, ауылда демалыста жүрген кезінде, ертедегі аңыз-ертегілерді білетін қариялардан оларды жазып алып жүрген. Ғалымды әсіресе, олардың «қазақ» деген атаудың шығуы туралы мәліметі, рулар мен тайпалардың этимологиясы, қазақ халқының құрылу үдерістері мен кезеңдері туралы мәліметі айрықша қызықтырды.

Ол қазақ этногенезінің мәселелеріне көңіл бөле отырып, «қазақ» терминінің семантикасы мен оның пайда болуына айрықша мән берді. Ол қазақ шежірелерінен, ортағасырлық шығыс ғалымдарының қолжазбаларынан, батыс ғалымдарының еңбектерінен, қытай деректерінен, орыс жылнамалары мен орыс шығыстанушыларының еңбектерінен қазақтың тарихы, шығу тегі мен «қазақ» сөзінің түп-төркіні туралы деректерді көп ізденді [2; 154]. Ғалым қазақ халқының шығу тегі мен қалыптасуы, тарихы туралы қанша ізденсе де мардымды жазылған еңбектер таппады. Міне, осы жағдай оның «Қазақ шежіресі» атты еңбегін жазуға түрткі болды.

Ш. Уәлихановтың пайымынша «қазақ» сөзі Шыңғысхан дәуіріне дейін, түркі заманында өмір сүрген. Бұл ұғым «еркін және кезбе» деген мағынада қолданылған. Осы айтылған тұжырымды Шоқанның сөзімен дәйектейтін болсақ: «Қырғыздар өздерін қазақ деп атайды. Ежелгі уақытта қазақ сөзі еркін мағынада кездеседі; менің бұған күмәнім жоқ. Қазақшылық етістігі кезбе деген мағынада Бабырнама, Шайбания шығармаларында кездеседі. Бұл термин Ежелгі Русьта да кеңінен қолданылды», – деп нақты айтады [3; 241].

Академик Б. Көмеков: «Қазақ халқының қалыптасуы ұзақ әрі күрделі үдеріс болды. Бұл үш мың жылға созылған байырғы халықтар мен келімсек халықтардың этникалық байланыстарының нәтижесінде пайда болды... Қазақ сөзі бастапқыда әлеуметтік мағынаға ие болды. Сол кезде негізгі халықтан бөлінгендерді «қазақтар» деп атаған... Көшпелі өзбектерден бөлінгеннен кейін Жәнібек пен Керей «қазақ-өзбек» деп атала бастады» [4; 4] деп тұжырымдайды.

Б. Көмеков осы сөзін тереңдете отырып: «Қазақ» сөзі алдымен әлеуметтік мағына берген, содан кейін этносаяси мағынаға ие болды. Алайда көптеген халықтар бірден этникалық сипатқа ие болады. Мысалы, «армян» термині бастапқыда одақтың атауы болды, содан кейін ұлттың атауына айналды. Қазақ халқы өзінің этникалық атауы мен мемлекеттілігіне қол жеткізу үшін қалыптасудың ұзақ процесінен өтті. Кейбір ғалымдар Византия дереккөздеріне сілтеме жасап «қазақ» сөзі «касах», «косох» деген атпен IX-X ғасырларда белгілі болған деп мәлімдейді. Алайда, бұл тек фонетикалық үндестік қана» [5] деп нақтылайды.

Жазба деректерде алғаш рет «қазақ» термині 1245 жылы Мысыр Мәмлүк мемлекетіндегі қыпшақтар ортасында, яғни араб-қыпшақ сөздігінде қолданылады. Онда «қазақ» сөзіне «еркін, кезбе» деген мағына берілген. Бұл ұғым арқылы «қазақ» сөзінің мағынасында әлеуметтік мазмұн жатқанын аңғаруға болады.

Ш. Уәлиханов басынан-ақ «қазақ» ұғымына этноәлеуметтік мән берген. Ғалымның аталған мәселе төңірегінде тұжырымдары өзіне дейінгі және өзінен кейінгі ғалымдардың нәтижелерімен салыстырғанда ақиқатқа жақын болды. Оның «қазақ» этнонимі туралы ой-тұжырымдары тарих ғылымының жеткен жетістіктерімен үндеседі деп нық сеніммен айтуға болады. Әрине, ғалым сол кезеңде қазақ халқының этникалық тарихы туралы толық мәлімет бере алмады. Себебі, бұл заңды еді. Ол кезде оның қолында қазіргі зерттеушілердің қолындағыдай археологиялық, этнографиялық, жазба деректер болған жоқ. Алайда ол сол кезеңдегі тарихнамаға көптеген өзінің жаңа ғылыми жаңалықтарымен үлес қосты. Ғалым көшпелі қоғамның ішкі заңдылықтарын жетік білгендіктен еңбектерін жазуда жаңа методологиялық тәсілдерді қолданған.

Әртүрлі түпнұсқалардың мәліметтерін салыстыра келіп, генеалогиялық, оның ішінде қазақ хандары мен сұлтандары руларының бірнеше кестелерін сызады. Ғалым: «Көшпелілердің руға бөліну тәртібі бір заңдылыққа сүйенгенін алғаш таралған аталардың (құрметтеу) басымдылығы... (сол үшін) ордалардың ордаларға және бір орданың ішіндегі рулардың қатынасы қандас туыстыққа, ал рулардың өз ордасына деген қатынасы — жиеннің нағашыға қатынасымен сай келеді», — дейді [6; 148]. Бұл жерде ерекше атап өтетін жайт, Ш. Уәлихановтың қазақ халқының басты ерекшелігі болып табылатын ру-тайпалық құрылымын жетік білгенін көрсетеді. Ол ғылымда тұңғыш рет өзінің зерттеулері арқылы көшпелі қоғамның өзіндік ерекшелігіне назар аударып отырғанын аңғаруға болады, онда бірінші орында отырықшы елдердегідей аумақтық құрылым, яғни жер емес, көшпелі қоғамның негізгі дінге ру-тайпалық жүйе екенін басты назарда ұстаған. Оның зерттеулерінде ру-тайпалық жүйе айрықша белгі ретінде көшпелі қоғамның негізгі дінге болып саналған.

Ш. Уәлиханов «Қазақ шежіресі» атты зерттеуінде қазақ халқының қалыптасуымен қатар еліміздің аумағында үш жүздің — Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүздің қалыптасуы туралы да маңызды қорытындылар жасаған. Ол әр жүздің құрамына кірген басты руларды нақты анықтаған. Рулар мәселесін қарастырғанда, ғалым әрдайым оларды қырғыздардың руға бөліну тәртібімен салыстырып, талдау жасап отырған.

Қазақ халқының этногенезін зерделеу Шоқанға тарихшылар арасында жиі кездесетін кателіктердің бірін түзеуге мүмкіндік береді. Егер бұрын олар «Алтын Орда» сөзінің мағынасын мемлекеттік құрылым ретінде түсінсе, онда «Орда», оның түсіндіруінше «кең мағынада — хан астанасының орны, тар мағынада — оның ордасы. Ханның алтын ордасы — алтын шатыр немесе киіз үй; кейінірек ол хан өмір сүрген қалалардағы барлық бағаналардың атауына айналды...», — дейді [7; 65]. Шоқанның бұл аса бағалы ескертпесі оның көптеген еуропалық ғалымдар байқай бермейтін көшпенді қоғамдардың ішкі құрылымының ерекшеліктерін терең білетінін көрсетіп отыр.

Шоқанға дейін бірде-бір ғалым, атап айтқанда А.И. Тевкелев, П.И. Левшин және басқа да зерттеушілер қазақ хандығының құрылымын, оның мәнін, шығу тегін, қазақ қоғамындағы түрлі топтар мен таптардың қызметін, олардың иерархиясын терең әрі айқын аша алмады. Уәлиханов Гумбольдт, Риттердің қырғыздар мен қазақтар арасындағы айырмашылықтарды анықтай алмаған кемшіліктерін түзеді. Ғалым қырғыз және қазақ халқының этникалық құрамы, әлеуметтік-экономикалық құрылымы бойынша да екі түрлі ұлт екенін дәлелдеді. Сол кезден бастап ғылымда қырғыздар мен қазақтар екі халық болып таныла бастады. Ғалым көшпелі дала халықтарының шетелдік зерттеушілерге көріне бермейтін ішкі заңдылықтарын жетік білгендіктен, өзінің еңбектерін зерттеп-зерделеуде жаңа методологиялық тәсілдерді қолданған.

Тарихшы Д. Дулатова: «Ш. Уәлихановтың қазақ және қырғыз халықтарының қалыптасу мәселесіне деген көзқарастарын зерттеудің диалектикалық әдісі арқылы дәлелдегенін көрсетеді. Ол қазақ және қырғыз халықтарының қалыптасуы мен тайпалық құрамы туралы сындарлы теория әзірледі» деп тұжырымдаған [8; 58-59].

Ол еуропалық ғалымдар арасында бірінші болып қырғыздардың екі қанатқа бөлінетінін анықтады: «оң қол» және «сол қол», сол кездегі қырғыздардың халқының саны 300 мың адамды құрайтынын дәлелдеп берді [7; 78]. Ол қырғыз халқының ру-тайпалық құрамына айрықша көңіл бөле отырып, оны дұрыс анықтай білді. Қырғыз халқының автохтондығын Әбілғазы Баһадүрдің, қытай деректері мен мұрағат, сонымен қатар ауыз әдебиетінің үлгілері негізінде салыстырмалы талдау жасау арқылы анықтады. Ғалым атақты «Манас» жырына жоғары баға беріп, оның «Көкөтай ханның

өлімі мен асы асы» атты бөлімін тұңғыш рет орыс тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізді. Қазақ пен қырғыз халқы екеуі екі халық екенін дәлелдеп, оның антропологиялық ерекшеліктеріне назар аударған. Ғалым қырғыз қоғамында мал шаруашылығымен қатар, егіншілік, қала, колонер сияқты бірнеше мәдени-шаруашылық түрлері қатар дамығандығын ғылымда тұңғыш рет анықтады. Ол ғылымда тұңғыш рет көшпелі халық ретінде қырғыздардың тарихы мен мәдениетінің ерекшеліктерін дұрыс көрсете білген. Оның зерттеулерінде отырықшы халықтармен салыстырғанда, көшпелі дала халықтарының табиғи ортамен үйлесімді, жарасымды жағдайда өмір сүргендігі баяндалып отырады.

Ш. Уәлихановтың балалық шағы қазақтың тарихы мен мәдениетіне бай ортада өтті. Ол халық арасында кең таралған қазақтың аңыз-әңгімелерін, жыр-дастандарын, ертегілерді, ән-жырларды естіп, бойына сіңіріп өсті. Шоқан халықтың рухани мұрасына жастайынан қызығып, онымен жақсы таныс болып, олардың кейбіреулерін жазып алып отырды. Оның рухани жағынан жетілуіне әжесі Айғанымның тигізген әсері зор болды.

Шоқан Уәлиханов көшпелі дала халқының өкілі болғандықтан оның ерекшеліктерін жақсы білді, көшпелі қоғамды отырықшы қоғамнан жоғары қойды. Ғалым зерттеулерінде өркениет сөзін қолданбайды. Алайда, көшпелі халықтардың мәдениетін өзінің зерттеулері арқылы өркениет дәрежесіне жеткізді. Ол ауыз әдебиетіне ерекше көңіл бөлді. Кеңес өкіметі ауыз әдебиетіне көңіл бөлмеді, себебі, ауыз әдебиеті халықтың өткен өмірі, тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, діні мен ділі екенін түсініп, оны бүркемелеуге тырысты. Шоқан халықтың өткен өмірі, тарихы осы ауыз әдебиетінен келіп шығатынын жақсы түсінді. Әсіресе, шежіренің маңызын жоғары бағалап, оны ауыз әдебиетінің ең биік жетілген түрі ретінде қарастырған. Батырлық жыр-дастандар, эпостар, махаббат лирикалары отырықшы қоғамда ондап саналатын болса, көшпелі қоғамда жүздеп саналады.

Әлемде эпосты қалыптастырған халықтарды саусақпен санауға болады. Батыста гректерде «Иллиада» мен «Одиссея», шығыста үнділерде «Махабхарата» және «Рамаьяна», Шығыс Еуропада «Үлкен Этта», «Кіші Этта», «Каллевала» сияқты құранды эпостары бар. Бұл эпикалық эпостары бар жалғыз елдер. Орыс халқының «Игорь полкі туралы жыры» 8 беттен тұрады, ал «Алпамыс батыр» эпосының бір өзі 800 беттен тұрады [9; 48-49].

Эпос — оны құрған елдің этникалық дінгеінің нәтижесі. Сондықтан біздің ата-бабаларымыз Еуразияның Ұлы даласында сөйлеу өнерінің биік белестеріне жеткенін көреміз. Еуропа әдебиетінің тарихына көз жүгіртсек, алдымен ауыз әдебиеті, содан кейін ғана жазбаша әдебиет екенін байқаймыз [9; 49].

Б. Көмеков көшпелі қоғамның ерекшеліктері туралы өз ойын былайша түйіндеді: «Ұлы Дала халықтары мен тайпаларында мал шаруашылығының басым болуы және географиялық ортаның әсері Дала өркениетінің дамуына, көшпелі мемлекеттіліктің өзіндік ерекшеліктерін қалыптастыруға және көшпелі мемлекеттердің құрылуына әкелді. Көптеген ғасырлар бойы көшпелі мемлекеттілік дәстүрі қалыптасты. Оның саяси басқаруда, экономикалық және рухани мәдени өмірде, мораль мен тәртіп нормаларында өз орны бар. Көшпелі мемлекеттіліктің басты ерекшелігі көп жағдайда ру-тайпалық жүйемен тығыз байланысты» [4; 3-4]. Шоқан зерттеулерінде далалық өркениетке сай көшпелі қоғамда мемлекет, қала, қоныстар, жазу-сызу және жоғары мәдени руханият болғандығы айқын көрсетіледі. Ол көшпелі дала халықтарының тарихын зерттегенде, негізінен көшпелі қоғамның өзіндік ерекшеліктеріне баса назар аударған. Соның нәтижесінде оның еңбектері мейлінше шынайылығымен, нақтылығымен, ғылыми дәлдігімен бүгінгі күнге дейін маңызын жоймай отыр.

Ғалым «Қырғыздар туралы жазбалар» атты зерттеуінде қазақ және қырғыз сияқты көшпелі жазу мәдениеті аз сақталған, алайда олардың өткен тарихы көшпелі халықтарға ғана тән атадан-балаға ауызша тарап отырған халықтардың тарихын зерттеуде, олардың төл шежірелері мен аңыз-ертегілерін, жыр-дастандарын негізгі дерек ретінде пайдаланды. Ғалым осы мәселе жөнінде: «Көшпелі халықтың тарихы фактілерге емес, ең алдымен олардың ертегі аңыздарына негізделген. Барлық көшпелі тайпаларға өз батырларының ерліктері мен халық арасындағы маңызды оқиғалар туралы аңыздарды айтып, оларды поэмаға айналдырып, кейінгі ұрпаққа есте қаларлық отбасылық тарих ретінде әңгімелеу тән. Аңыз айтушылардың құрметтілері — сол аңызды сол қалпында жеткізушілер болып табылады» деп жазды [10; 50].

Қазақ халқының дәстүрлі тарихи естелігі оның шежірелері мен батырлық эпостарында, қасиетті аңыздар мен діни эпостарда сақталған, халық бұл тарихты өзінің шынайы тарихы ретінде білген, өз ұрпағын сол рухта тәрбиелеген. Ағылшын зерттеушісі Пол Томсон жазбаша деректердің де кемшілігі бар екенін айтады: «ауызша тарих түбегейлі өзгерістердің құралы бола алмайды; дегенмен, бәрі оны қолдануына байланысты. Алайда, ауызша тарих оқиғаның мәні мен мазмұнын, сондай-ақ оның

мақсатын өзгерте алады. Ауызша тарих арқылы тарих ғылымын зерттеу тәсілін өзгерту, мұғалім мен оқушы, аға буын мен жастар арасындағы кедергілерді, оқу орындары мен сыртқы әлем арасындағы алшақтықты жойып сізге мүмкіндігінше ашық сөйлеуге мүмкіндік береді», – деп өз ойын білдіреді [11; 99-100].

Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде халықтың тарихи санасына қатысты мәселелерді талдауда «халық жады» деген сөз тіркесін жиі қолданған. Бұл зерттеуші халықтың ауызша руханиятының әртүрлі атаулармен аталатынын, бірақ бәрі бірге халықтың біртұтас тарихи санасын құрайтынын білгендігін көрсетеді. Ол аңыздарды маңызды деп санады. Онда өмір салты, әдет-ғұрып, наным-сенім, тұрғылықты жері және тайпалардың тайпалық құрамы туралы деректер жақсы сақталған.

Қазақ халқының аңыз-ертегілері мен мақал-мәтелдерін жинап, зерттегендердің бірі А.И. Левшин болды. Шоқан «Қазақ шежіресі» зерттеуінде қазірдің өзінде еліміздің тарихшылары мен этнографтары назар аударма бермейтін маңызды ескерту жасайды. Ол «Левшиннің “Описание киргиз-казачьих орд и степей” атты еңбегінде келтірген аңыздары қазақ арасында тіпті жоқ. Қазақтар еш уақытта орыстарға өздерінің аңыз-дастандарын айтпай, әрқашан оларды ойдан шығарып, керісінше бұзып айтады», – дейді [10; 172]. Бұдан шығатын қорытынды патшалық Ресей зерттеушілерінің қазақ халқы арасында тараған аңыз-ертегілері мен мақал-мәтелдері туралы зерттеулеріне сыни көзбен қарау керек екеніне баса назар аударып отыр.

Ол қазақ халқының ауызша тарихын зерттеуде терең теориялық ізденіс жүргізді. Қазақ даласының әртүрлі жерлерінен жиналған тарихи аңыздар мен эпикалық өлеңдерді салыстырмалы зерттеу арқылы нұсқалардың ұқсастығын және керемет дәлдікті көрсететіндігін ерекше атап өткен [12; 32]. Ғалымның қазақтар мен Орталық Азияның басқа да халықтарының этникалық тарихы жөніндегі көзқарастары бүгінгі күнге дейін өз маңызын жойған жоқ.

Шоқан бала күнінен әртүрлі жырларды жазып алып, оларды ата-анасына оқып беріп жүрді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Көкше» жырларының бірнеше нұсқасын жазып, кейінірек оларды Н.Ф. Костылецкийге тапсырған. Ол ғылыми айналымға халық ауыз әдебиетінің үлгілерін тұңғыш рет тарихи дерек ретінде енгізді. Шоқан «Едіге», «Қозы Көрпеш — Баян сұлу», «Манас» жырларын жазып алып, оларға жоғары баға беріп, тарихи дерек ретінде пайдаланды. Сондай-ақ: «Кез келген халықтық аңыздардағыдай, тарихи аңыздар ерекше қызықты... қазақ аңыздары табиғатқа қайшы келетін оғаш оқиғалардың болмауынан өзінің қарапайымдылығы мен дәлдігінің арқасында ерекше орын алады» деп халық аңыздарына таңдана қараған [7; 23-24]. Ол аңыз-ертегі, мақал-мәтелдерді жазып алумен ғана шектеліп қоймай, олардың мазмұны мен маңызы туралы ғылыми тұжырымдар жасады. Сондай-ақ, ғалым халықтың этнографиялық материалдарына сүйене отырып, шындықты тікелей ашпасақ та, бұл шындықтың кейбір құнды жақтарын түсінуге мүмкіндік аламыз деп жазды [13; 4].

Ш. Уәлихановқа Жетісу мен Тянь-Шаньнан табылған өте сирек кездесетін ерте кездегі мәдениет ескерткіштері үлкен әсер етті. Оны әсіресе Ыстықкөлдің ежелгі қалалық мәдениеті, ирригациялық жүйелердің қалдықтары, сәулет ескерткіштері, эпиграфика және балбал тастар қызықтырды. Бұл ескерткіштерді зерттеу Шоқан Уәлихановтың бұрынғы Ыстықкөл алқабы мен Жетісудың бүкіл атырабында мекендеген халықтардың өмір бейнесін барынша жаңғыртуға мүмкіндік берді. Ғалым: «Орыс Жоңғариясында көшпелі өмір басым болғанымен, онда шағын болса да отырықшылық болған, бұл туралы алғашқы тарихи мәліметтер, атап айтқанда Чигу қаласы Қытай тарихында кездеседі, бұл қала Ыстықкөлдің шығыс жағалауында орналасқан және үйсін күнміі үшін қытайлық жұмысшылар салған болуы мүмкін. Орта ғасырларда бұл жерде, әсіресе Іле алқабында кең-кең көлемде отырықшылық болған... Азияның бұл бөлігінде несториандық және монофизиттік діни бірлестіктер көп болды, ал Ыстықкөлде, каталан картасына сәйкес, Сирияда яковит ғибадатханасы болды. Мұнда христиан діні соншалықты кең таралғандықтан, ол бірнеше рет қудаланды. XVI ғасырда Ыстықкөлде бірнеше мұсылман қоныстары болған...» деп жазады. Ғалым осы ойын түйіндеу үшін бірнеше деректерге жүгінген. Атап айтқанда, көне қытай жазба деректеріне және орта ғасырлардағы каталондық карта мәліметтеріне зер салған.

Қазақ даласындағы көрші халықтардың тарихын зерттеу Уәлихановтың ерте және орта ғасырлардағы қазақ халқы тарихының кейбір белгісіз қырларын ашуға көмектесті. Экспедициялар барысында жиналған барлық деректерді мұқият талдап, салыстыра отырып, Шоқан: «орта ғасырларда мұнда (Қырғызстан мен Қазақстанның оңтүстігінде), әсіресе Іле өзенінің алқабында, отырықшы қоныс аудару кең таралған» [8; 9-10] деп жазды.

Шығыс Түркістаннан кері жолда Ш. Уәлиханов Атбас және Үзген өзендерін кесіп өтіп, Нарын өзенінің оң жағалауындағы Қоқандағы Құрта бекінісіне барды. Бұл аймақта Шоқанды Атбас, Арпа және Нарын аңғарлары қызықтырды, олар тауларға қарағанда ауылшаруашылығы үшін әлдеқайда үлкен мүмкіндіктері бар оазис болып табылады. Саяхатшы бұл алқаптар оңтүстік қырғыздардың экономикалық өмірінде маңызды орын алатынын байқайды. Ғалым бұл жерлерде монументалды сәулет ескерткіштері мен бай қалалық мәдениет түрінде сақталған өткеннің іздерін тапты. Ол: «Атпас, Арпа және Нарын жазығындағы таулардан тыс жерлерде, ауа-райы жұмсақ алқаптарда тек бидай мен арпа өседі. Ежелгі уақытта бұл жерлерді отырықшы және жартылай отырықшы халық мекендеген деп санаған жөн, өйткені қырғыздардың айтуынша, атбастың астында үлкен қаланың қирандылары пайда болады, ал Нарында біз өз көзімізбен ерте заманауи ауыл шаруашылығының іздерін көрдік», – деп жазған [3; 45]. Ш. Уәлиханов осы жерде қазақ және қырғыз сияқты көшпелі халықтарда мал шаруашылығынан басқа да шаруашылық түрлері болғанын дәлелдеп отыр.

Ұлы Далада географиялық табиғи жағдайларға байланысты ауыл шаруашылығының бірнеше түрі қалыптасып, дамып келеді. Бұл жерлерде мал шаруашылығымен қатар ауыл шаруашылығы, қолөнер және қалалық, ішінара сауда-саттық нысандары дамыды. Бірақ шаруашылықтың негізгі түрі мал шаруашылығы болды. Сонымен қатар, ежелгі дәуірден қалған тоғандар мен арықтар жүйесі ауыл шаруашылығының да жақсы дамығанын дәлелдейді. Қазбаларды өндіру және өңдеу де жақсы жолға қойылғанын аңғаруға болады [4; 13]. Сол кезеңдегі тарихнама бойынша қазақ және қырғыз халықтары таза көшпелі халықтар деп тұжырымдалған. Бұл пікір тіпті ХХ ғасырдың 50-60 жылдарына дейін үстемдік етіп келді. Ал, Ш. Уәлиханов еш уақытта таза көшпелі шаруашылық болмағанын, онда ішінара болса да басқа да шаруашылық түрлері дамығанын, сонау ХІХ ғасырдың ортасында-ақ өзінің еңбектері арқылы дәлелдеп кеткен. Оның тұжырымы бойынша ешқашан таза көшпелі қоғам болмаған. Сондықтан қазақ және қырғыз қоғамында мал шаруашылығынан бастап, егіншілік, қала, қолөнер сияқты бірнеше мәдени-шаруашылық типтер болғандығы ғалым еңбектерінде айқын көрінеді. Әсіресе, қазақ жеріндегі қала мәдениетінің болғандығы, тау баурайларындағы қыстаулар, суландыру жүйелері қазақ халқының жартылай отырықшы халық болғандығы өзінің «Қазақ егіншілері» атты ғылыми еңбегінде жазады.

Қорытынды

Шоқан Уәлиханов ұлтының төл тарихын зерттеуге өзі өмір сүрген заман тұрғысынан қарап, зерделеп үлес қосты. Ғалымның қазақ этногенезіне, «қазақ» этнониміне, қазақ мемлекетінің қалыптасуына байланысты жасаған қорытындылары мен тұжырымдары сол кездегі барынша объективті пікірлер болғанын ғалымдар мойындап отыр. Оның «қазақ» этнониміне қатысты ой-тұжырымдары қазіргі таңдағы отандық тарих ғылымының жеткен жетістіктерімен үндеседі. Уәлиханов көшпелі дала халықтарының тарихын зерттеу кезінде көптеген жазба деректерді сыни тұрғыда салыстыра отырып пайдаланып, ауыз әдебиетінің үлгілерін тұңғыш рет төл дерек ретінде ғылыми айналымға енгізді. Ғалымның еңбектерінде қазақ және қырғыз халықтарының ру-тайпалық жүйесінің ерекшеліктері, діни сенімі мен мәдениеті, шаруашылық түрлеріне арналған нақты көзқарастары мен тұжырымдары айқындалған. Ол зерттеулерінде көшпелі халықтардың ерекшелігін жақсы білгендіктен, әрдайым көшпелі қоғамды отырықшы қоғамнан жоғары қоя отырып зерделеген. Ш. Уәлихановтың ғылыми мұрасында отырықшы қоғаммен салыстырғанда көшпелі қоғамның ұтымды ерекшелігі ретінде ғасырлар бойы ауыз әдебиетінің дамығандығы дәйектеледі. Ол көшпелі дала халықтарының отырықшы халықтардан негізгі ерекшелігі ретінде, олардың ру-тайпалық жүйесі, ауыз әдебиеті мен бірнеше шаруашылық түрлері болғандығын нақты түрде баяндайды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Айдарова Х. Чокан Валиханов / Х. Айдарова. — Алма-Ата, 1945. — 198 с.
- 2 Серубаева А.Т. Ш. Уәлиханов зерттеулеріндегі қазақ этногенезі мен Қазақ хандығына қатысты деректер / А.Т. Серубаева // Қазақ хандығы тарихының өзекті мәселелерін зерделеу: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. — Астана, 2015. — Б. 152–157.
- 3 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Ш.Ш. Уәлиханов. — Алматы, 2010. — Т. 1. — 376 б.
- 4 Көмеков Б.Е. Қазақ мемлекеттілігінің тарихы және Қазақ хандығы / Б.Е. Көмеков — Алматы, 2015. — 46 б.
- 5 Кумеков Б.Е. Понятие «казах» первоначально имело социальный смысл / Б.Е. Кумеков // Байтерек. — 2011. — № 12 (59). — С. 1–5.

- 6 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: [В 5-и т.] — Т. 2 / Ч.Ч. Валиханов.— Алма-Ата, 1985. — 416 с.
- 7 Сүлейменов Р.Б. Шоқан Уәлиханов — шығыстанушы / Р.Б. Сүлейменов, В.А. Моисеев. — Алматы, 1985. — 112 б.
- 8 Дулатова Д. Шоқан — тарихшы / Д. Дулатова. — Алматы, 1976. — 69 б.
- 9 Қайырханова Ф.К. Шоқан Уәлиханов қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті туралы / Ф.К. Қайырханова // Ш.Ш. Уәлиханов мұрасы әлемдік тарих контекстінде: Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы. — Семей, 2010. — Б. 46-54.
- 10 Уәлиханов Ш.Ш. Көп томдық шығармалар жинағы / Ш.Ш. Уәлиханов. — Алматы, 2010. — Т. 2. — 464 б.
- 11 Жандарбек З. Қазақ ауыз әдебиеті үлгілеріндегі тарихи деректерді пайдалану жолдары / З. Жандарбек // Тәуелсіз Қазақстан тарихын зерттеудің өзекті мәселелері: Республикалық ғылыми-практикалық конференция жинағы. — Астана, 2008. — Б. 99-109.
- 12 Артықбаев Ж.О. Қазақ шежіресі: ұлы дала тарихының қайнар көзі және тұжырымдамасы / Ж.О. Артықбаев. — Астана, 2012. — 495 б.
- 13 Оразбеков А. Шоқан Уәлиханов / А. Оразбеков. — Алматы, 1985. — 15 б.

А.Т. Серубаева, Г.Б. Идрисова, А.К. Садыкова

Атрибуты Степной цивилизации в творческом наследии Шокана Уалиханова

В статье проведен анализ особенностей Степной цивилизации в творческом наследии Ш. Уалиханова. Авторы обратили внимание на то, что, по утверждению Ш. Уалиханова, никогда не было чисто кочевого общества. Кроме того, в казахском и кыргызском обществе, помимо животноводства, было несколько культурно-хозяйственных типов: сельское хозяйство, город, искусство. Авторы статьи привели данные изменения по историографии того периода, на основе научных утверждений Ш. Уалиханова, по поводу того, что «казахи и киргизы были полукочевыми народами», актуальность которых сохраняется на сегодняшний день. В заключительной части статьи утверждается, что в кочевом обществе степной цивилизации существовали государство, город, поселение, письменность и высокая культурная духовность. Также авторы сделали вывод о том, что, по сравнению с оседлыми народами, кочевые народы жили в гармоничных условиях с природной средой.

Ключевые слова: Шоқан Уалиханов, Степная цивилизация, кочевники, казах, киргиз, устная литература, генеалогия, племя, письменные источники.

A.T. Serubayeva, G.B. Idrisova, A.K. Sadykova

Attributes of the Steppe civilization in the creative heritage of Shokan Ualikhanov

In the article the features of the steppe civilization in the creative heritage of Sh. Ualikhanov were analyzed. The authors drew attention to the fact that, according to Sh. Ualikhanov, there has never been a purely nomadic society. In addition, in the Kazakh and Kyrgyz society, in addition to animal husbandry, there were several cultural and economic types: agriculture, city, art. The authors of the article provide data on changes in the historiography of that period, based on the scientific statements of Sh. Ualikhanov that “the Kazakhs and Kyrgyz were semi-nomadic peoples”, the relevance of which remains today. In the final part of the article, it is stated that in the nomadic society of the steppe civilization, there was a state, a city, a settlement, writing and high cultural spirituality. It was also considered that, compared to sedentary peoples, nomadic peoples lived in harmonious conditions with the natural environment.

Keywords: Shokan Ualikhanov, Steppe civilization, nomads, kazakh, kirghiz, oral literature, genealogy, tribe, written sources.

References

- 1 Aidarova, Kh. (1945). Chokan Valikhanov [Chokan Valikhanov]. Alma-Ata [in Russian].
- 2 Serubayeva, A.T. (2015). Sh. Ualikhanov zertteulerindegi qazaq etnogenezi men Qazaq khandygyna qatysty derekter [Source on Kazakh ethnogenesis and the Kazakh Khanate in the studies of Sh. Valikhanov]. *Qazaq khandygy tarikhynyn ozekti maselelerin zerdeleu: Khalyqaralyq gylimi-praktikalyq konferentsiia zhinagy — Study of actual problems of the history of the Kazakh Khanate. International Scientific and Practical Conference* (pp. 152–157). Astana [in Kazakh].
- 3 Ualikhanov, Sh.Sh. (2010). Kop tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. Vol. 1. Almaty [in Kazakh].

- 4 Komekov, B.E. (2015). Qazaq memlekettiliginin tarikhy zhane Qazaq khandygy [History of Kazakh statehood and the Kazakh Khanate]. Almaty [in Kazakh].
- 5 Kumekov, B.E. (2011). Poniatie «kazakh» pervonachalno imelo sotsialnyi smysl [The concept of “kazakh” originally had a social meaning]. *Baiterek — Baiterek*, 12(59), 1–5 [in Russian].
- 6 Valikhanov, Ch.Ch. (1985). Sobranie sochinenii [Collected works]. Vols. 1–5. Vol. 2. Alma-Ata [in Russian].
- 7 Suleimenov, R.B., & Moiseev, V.A. (1985). Shokan Ualikhanov — shygystanushy [Shokan Ualikhanov — orientalist]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Dulatova, D. (1976). Shokan — tarikhsy [Shokan-historian]. Almaty [in Kazakh].
- 9 Kaiyrkhanova, F.K. (2010). Shoqan Ualikhanov qazaq khalqynyn dasturli madenieti turaly [Shokan Ualikhanov on the traditional culture of the Kazakh people]. *Sh.Sh. Ualikhanov murasy alemdik tarikh kontekstinde: Khalykaralyq gylimi-praktikalyq konferentsiia zhinagy — The legacy of Sh.Sh. Ualikhanov in the context of world history: International Scientific and Practical Conference* (pp. 46–54). Semey [in Kazakh].
- 10 Ualikhanov, Sh.Sh. (2010). Kop tomdyq shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works]. Vol. 2. (Vols. 1-2) Almaty [in Kazakh].
- 11 Zhandarbek, Z. (2008). Qazaq auyz adebieti ulgilerindegi tarikhi derekterdi paidalanu zholdary [Ways to use historical source on samples of Kazakh oral literature]. *Tauelsiz Qazaqstan tarikhyn zertteudin ozekti maseleleri: Respublikalyq gylimi-praktikalyq konferentsiia zhinagy — Actual problems of studying the history of independent Kazakhstan: collection of the Republican scientific and practical conference* (pp. 99–109) [in Kazakh].
- 12 Artykbaev, Zh.O. (2012). Qazaq shezhiresi: uly dala tarikhynyn qainar kozi zhane tuzhyrymdamasy [Kazakh genealogy: source and concept of the history of the Great Steppe]. Astana [in Kazakh].
- 13 Orazbekov, A. (1985). Shokan Ualikhanov [Shokan Ualikhanov]. Almaty [in Kazakh].

Авторлар туралы мәлімет

Серубаева Аурика — PhD, Білім берудегі тарих және география кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0003-1246-4411>

Идрисова Гүлжан — PhD, Білім берудегі тарих және география кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0008-6966-8638>

Садыкова Асем — PhD, Білім берудегі тарих және география кафедрасының доценті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0003-0615-6084>

Information about the authors

Serubayeva Aurika — PhD, associate professor of the Department of history and geography in education, M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan;

Idrisova Gulzhan — PhD, associate professor of the Department of history and geography in education, M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan;

Sadykova Assem — PhD, associate professor of the Department of history and geography in education, M.H. Dulati Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan.

Д.Қ. Сейітжан¹ *, З.О. Дукенбаева¹ , А. Ташағыл² 

¹С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан;
²Eđitene университеті, Ыстамбул, Түркия
(E-mail: seitzhanov.d@mail.ru; dukenbaevazo@mail.ru; ahmet.tasagil@yeditepe.edu.tr)

Тарихтағы тұлғаны танудың әдіснамалық мәселелері және Ақселеу Сейдімбектің өмірі, қызметі

Қазіргі уақытта тұлғаны зерттеудің әдіснамалық мәселелері — бұл тарих ғылымындағы дәстүрлі және іргелі мәселелердің бірі. Қазіргі жаһандану жағдайында бұл мәселенің маңыздылығы жоғалған жоқ, керісінше, тарихтағы ерекше өзекті және күрделі тақырыптардың біріне айналуға. Осы себептен, аталмыш мақалада тарихи тұлғаны зерттеудің әдіснамалық мәселелері қарастырылған. Авторлар тарихи зерттеу барысында биографиялық әдісті қолдану саласын, бұл әдістің ерекшеліктерін және әдіснамалық негізін зерделеген, тарихи танымдағы биографиялық бағыттың артықшылықтарына, биографиялық зерттеулердің негізгі ерекшеліктеріне, оның маңыздылығына назар аударған. Сонымен бірге, мақалада Қарағанды өңірінің тумасы, этнограф-ғалым, қазақтың күй өнерін зерттеуші — Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен қызметі зерттелген.

Кілт сөздер: тарих, тұлғатану, биография, биографиялық әдіс, әдіснама, тұлғатанудың әдіснамалық негізі, Ақселеу Сейдімбек.

Кіріспе

Қазіргі уақытта отандық тарихнамада тарихтағы тұлғаның өмірі мен қызметін зерттеу басым тақырыптар қатарынан орын алып отыр. Себебі, отандық тарих ғылымының дамуының қазіргі кезеңінде тарихшылар тарихтағы жеке тұлғаның рөлін, әсіресе саяси-қоғамдық қайраткерлердің өмірін, қызметі мен шығармашылығын, тарих пен жеке тұлғаның өзара қатынасы мен ықпалы мәселелерін зерттеуге үлкен қызығушылық білдіруде. Өйткені, өзімізге белгілі, адамзат қоғамының тарихында және ұлттар тарихында негізгі рөлді ұлы тұлғалар атқарады. Тұлға дегеніміз — бұл өздерінің саяси немесе рухани еңбегінің арқасында қоғам қажеттіліктерін барынша қанағаттандырып, өз елінің дамуына үлесін қосып, мемлекеттің игілігі жолында қызмет етіп, өз еңбегін сіңірген адамдар. Тарихтағы тұлғаның өмірін және қызметін зерттеу мәселесінің ерекше мәні бар, себебі, олар тек қана тарихты жасап қаймайды, сонымен қатар, сол өз қоғамының мәдени құндылықтары мен ерекшеліктерін, салт-дәстүрлерін және адамгершілік принциптерін өзінің бойында сақтайды. Осы себептен, қазіргі уақытта тарих ғылымы үшін биографиялық зерттеулердің рөлі мен маңызы сияқты әдіснамалық мәселелер кеңінен талқылануда. Тұлғаны тану барысында биографиялық тәсіл өзінің дамуының көпқасырлық жолынан өтіп, қазіргі уақытта тұлғаны және тарихи үрдістерді зерттеу тәсілдерінің бірі ретінде өз мәртебесіне ие болды. Осы ретте, еліміз үшін өзінің көрнекті тарихи тұлғаларының ұлы істерін және өмірі мен қызметін білу, есте сақтау маңызды. Бірақ, алдымен, осындай тарихи тұлғалардың өмірі мен атқарған қызметін зерттеудің әдіснамалық негізін қарастыру және өңдеу маңызды. Тәуелсіздік жылдары отандық тарихнамада қазақ қоғамында маңызды рөл атқарған тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көргенімен, тұлғатанудың әдіснамалық негізі мәселелерін зерттеуге және өңдеуге көп көңіл бөлінбейді. Сондықтан, қазіргі кезеңдегі Қазақстан тарихындағы тұлғаны танудың әдіснамалық негізін қарастыру да маңызды орынға ие. Осымен қатар, публицист-қаламгер, этнограф-ғалым, қазақ елінің ұлтжанды азаматы, Қазақтың төл тарихына қажырлы үлес қосып, ауызша тарихтың дамуына мейлінше ықпал еткен Ақселеу Сланұлы Сейдімбектің өмірі мен қызметін қарастыру үлкен қызығушылық танытады.

Зерттеу әдістері

Мақалада шеңберінде көтерілген мәселелерді қарастыру барысында тарихилық, объективтілік

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: seitzhanov.d@mail.ru

және жүйелік принциптері басшылыққа алынды. Аталған принциптердің негізінде өткен құбылыстарды, соның ішінде тұлғатанудың маңызды әдісі болып саналатын биографиялық тәсілдің қалыптасуын, дамуын және өзгеруі тарихи байланыста жан-жақты қарастырылды. Салыстырмалы талдау әдісінің негізінде «ескі биографиялық тарих» пен «жаңа биографиялық тарихтың» айырмашылықтары мен ерекшеліктері анықталды. Кезеңдеу әдісінің негізінде тұлғаны тану үшін маңызды рөл атқаратын биографиялық бағыттың дамуы көрсетілді. Соңынан, биографиялық әдістің мүмкіндіктерін қолдану арқылы Ақселеу Сейдімбектің өмірі және қызметіне сипаттама берілді. Шетелдік ғалымдар Джордж Драйден Плутархтың, Л.Февр және Л.П.Репинаның еңбектері мақаланың теориялық негізін құрайды.

Мәселені талқылау

Тарих ғылымында биографиялық бағыт «тарихи тұлғатану» ретінде тарихи білімнің қалыптасуымен бірге пайда бола бастады. Алғаш рет «биография» түсінігін XVII ғасырда ағылшын ақыны және драматургы Джордж Драйден Плутархтың «Параллельные жизнеописания» еңбегін аудару барысында қолданған. Ал, XVIII–XIX ғғ. биографиялық әңгімелеу жанры «тарихи портреттер» және «ғажайып адамдар өмірі» түрінде танымал тұлғалардың өмірін тарихи тұрғыдан зерттеу барысында кеңінен қолданыла бастады. XX ғ. басына дейін биография «жекелеген тұлғалар өмірінің тарихы» ретінде түсіндіріліп келді [1; 49].

Батыс тарихнамасында XIX ғ. II жартысында тарих ғылымының философиялық және теориялық негізінің қалыптасуына байланысты тарихи танымдағы биография статусының мәселелерін өңдеу басталады. Оның тарихы неміс тарихшысы Вильгельм Дильтейдің «Введение в науки о духе» деп аталатын еңбегінен бастау алады. В. Дильтей өзінің аталған еңбегінде жалпы тарихнаманың ішіндегі биографияның статусын анықтауға тырысып, биографиялық әдісті гуманитарлық зерттеулердің жоғарғы және негізгі формасы ретінде бағалайды. Осылайша, тарихи зерттеулердегі биографиялық материалдардың маңыздылығы мен рөлін түсінудің арқасында XIX ғасырдың аяғынан бастап жеке ғылыми пән ретінде қалыптасқан жаңа ғылыми бағыт пайда болады [2].

Ресей тарихнамасында XVIII ғ. мен XIX ғ. I жартысындағы Ресейдегі тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы Ресейдің өткен тарихының әр қырын зерттеуді күшейтті және мұндай зерттеулердің барысында мемлекеттік қайраткерлердің биографиясына басты назар аударылды. Ал, XIX ғ. II жартысында тарихты зерттеудің әдіснамалық құралы ретінде биографиялық тәсілге ерекше көңіл бөлініп, XX ғ. басында бұл тәсіл өткен тарихты танудың алдыңғы қатардағы құралына айналды. Мысалы, 1904 ж. ресейлік деректанушы В.О. Ключевский өзінің «Курс русской истории» деп аталатын еңбегінде тарихты зерттеудің бір бағыты ретінде тарихтағы тұлғаны зерттеудің маңыздылығын атап көрсетеді [3]. 1920 ж. Ресейде биографиялық бағытты өзіндік жеке бір ғылым ретінде бөліп көрсету басталады. Дегенмен, кеңестік тарих ғылымында формациялық тәсілдің үстемдік етуіне және ғылымның партиялылығына байланысты тұлға мен тұлғалық фактордың мәнін зерттеу «революциялық қозғалыс қайраткерлерін» зерттеумен байланысты болды.

Осымен бірге, көптеген тарихшылар XX ғ. II жартысында американдық және еуропалық тарихнамада тарихи үрдістегі жеке тұлғаны басты орынға қою жөніндегі тақырыптарға деген қызығушылықтың төмендегенін атап көрсетеді. Мұндай қызығушылықтың төмендеуі әртүрлі зерттеу бағыттары мен дүниеге көзқарастың үстемдік етуімен және «Анналар» мектебінің, постструктурализм мен неомарксизм бағыттарының ықпалымен байланысты болды. Осының нәтижесінде кейбір тарихшылар антропоцентризмді ескі деп танып, басқа салаларды зерттеуге бет бұрды. Ал, XX ғ. соңғы он жылдығында ресейлік тарихнамада кеңестік идеологиядан әсте ақырын бас тарту және пайдалы теориялар мен әдістерді іздестірудің себептерінен әдіснамалық тоқырау басталды. Уақыттың өтуімен, тарихшылар индивидке және оның тарихтағы атқаратын рөлі мен алатын орнына жаңа әдіснамалық көзқарас тұрғысынан талдау жасауға қызығушылық таныта бастайды, осымен қатар, пәнаралық зерттеу әдістерін қолдана отырып, әртүрлі факторлар мен құрылымдарды назарға ала бастайды.

XX ғ. аяғы — XXI ғ. басында орын алған тарихи зерттеулердегі индивидуализациялау тәсілі рөлінің өсуі тарихи биографияның теориялық негізін қайта қарастыруға алып келеді. Посткеңестік кеңістіктегі «жаңа биографиялық тарихтың» қалыптасуын алғаш рет атап көрсеткен орыс ғалымы Л.П.Репина болды. Оның барлық еңбектерінде «жаңа биографиялық тарихтың» қазіргі заманғы тарихнамасының қалыптасқандығы жөнінде атап көрсетілген. Оның пікірінше, биографияның жаңа түрінің ескіден айырмашылығы — «жаңа биографиялық тарихта» жекелеген тарихи тұлғалардың

жеке өмірі мен тағдыры, оның ішкі әлемінің қалыптасуы мен дамуын, кеңістіктің әр уақыты мен аралығындағы қызметінің ізін зерттеуді стратегиялық мақсаты етеді [4; 78]. Сондықтан, «жаңа биографиялық тарих» бұл антропологиялық бағытталған тарих шеңберінде қалыптасқан және пәнаралық биографиялық зерттеудің жаңа типін көрсететін, өткен дәуірде өмір сүрген адамның даралығын және оның өмір сүрген әлеуметтік ортасын қамтитын жеке тұлғаны жан-жақты зерттейтін ғылыми концепция.

Тарихшылардың нақты бір жеке тұлғаға деген қызығушылығының заңды түрде артуы және бет бұрысы әдіснамалық сипаттағы салдардың пайда болуына алып келді: қазіргі кезеңдегі микротарих тәсілі контекстінде тарихи-биографиялық зерттеулердің сыртқы формасы жаңа мазмұнға ие болды. Сондықтан, қазіргі уақытта аталған саладағы пайда болған тенденциялар зерттеудің өзіндік ерекше міндеттері мен рәсімдеріне ие жаңа бағыттың — тарихи тұлғатанудың пайда болғандығын дәлелдеп берді. Тарихи тұлғатанудың негізгі зерттеу объектісі тұлғалық мәтіндер болса, ал зерттеудің пәні ретінде бір өмірдің (тұлғаның) тарихын толықтық және бірегей түрінде зерттеу болып табылады. Белгілі бір әдіснамалық эклектизмге (түрлі идеяларды дәйексіз пайдалануға) қарамастан тарихи тұлғатану бағытының жалпы ұстанымы — жекелеген тарихи тұлғалардың жеке өмірін және қайталанбайтын тағдырын реконструкциялау, тұлғаның ішкі әлемінің қалыптасуы мен даму тарихын, сақталып қалған қызметінің іздерін тану зерттеудің негізгі мақсаты ретінде және тұлға өмір сүрген тарихи социумды танудың әдісі ретінде қарастырылады [5].

Сонымен, егер, тарихи қалыптасқан ережеге сәйкес XIX–XX ғғ. биографиясы деп көрнекті жеке тұлғаның, саяси және мемлекеттік қайраткерлердің, ғылым, мәдениет пен өнер өкілдерінің өмірін зерттеу және сипаттау деп түсіндіріліп келді [6]. Бірақ, өткен ғасырдың соңына қарай биографиялық әдісті қолданудың кеңістігі айтарлықтай кеңейе түсті. Атап айтқанда, көрнекті тарихи тұлға деп атауға келмейтін адамдардың өмірін зерттеудің саны өсті және бұл адами жекелік пен тарих пәнін тұлғаландыруға деген көзқарастың өзгеруімен түсіндірілді. Тарихтағы биографиялық элемент жаңа қасиетке ие болды: тарихшылар «сыртқы», «кәсіби» және «карьералық» биографияны естен шығармай, жеке тұлғаның жеке өмірін зерттеуге назар аудара бастады. Жеке сана мен жеке қызметті талдау көптеген микротарихи зерттеулердің құрамдас бөлігіне айналды.

Қазақстандық тарихнамада тұлғатануға қатысты көптеген жаппай деректердің және әртүрлі сипаттағы зерттеу жұмыстарының бар болуына қарамастан тарихи тұлғатануды тарихи ойдың дамуының белгілі бір бағыты ретінде қарастыру ұзақ жылдар бойы назардан тыс қалды және айтарлықтай деңгейде өңделген жоқ. Оның себебі отандық тарих мәселелерін талдау және тарихтың әйгілі тұлғаларының өмірі мен қызметін зерттеуге шектеу қойылып, мөлшерлі таңдау әдісі қолданылды. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген соң және қазіргі даму кезеңде өзіндік рухани ұлттық құндылықтарды жаңғыртып, еліміздің өткен тарихына деген көзқарастар мен оны бағалау жаңаша сипатқа ие болды. Тұлғаны танудың жоғарыда аталған әдіснамалық мәселелерін ескере отырып, ендігі кезекте биографиялық әдістің негізінде Ақселеу Сейдімбектің өмірі мен қызметін зерттеу қызығушылық танытады. Ол 1942 жылы Қарағанды облысы Жаңаарқа ауданының Байдалы би ауылында дүниеге келген. Қазақ ұлттық университетін бітіргеннен кейін «Жас Алаш», «Орталық Қазақстан», «Егемен Қазақстан» газеттерінде жұмыс істеді, «Зерде» журналының және «Әлем» альманахының бас редакторы қызметін атқарды. Сонымен қатар әр жылдары Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бөлімін басқарды, Ыбырай Алтынсарин атындағы Білім беру институтының директоры, Қазақ білім академиясының Тұңғыш президенті, Президенттік мәдени орталық директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Сонымен бірге, Ақселеу Сейдімбек — еліміздің қоғамдық және ғылыми өмірінің белсенді қатысушысы, Қазақстан Ұлттық кеңесінің мүшесі болды, терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың, ҚР Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамының Орталық кеңесінің, ғылыми кадрларды мемлекеттік аттестаттау департаментіндегі зерттеу комиссиясының, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының қоғамдық қорының құрамында қызмет етті [7].

1987 жылы Ақселеу Сейдімбек журналистикадан кетуге мәжбүр болды. Ол 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғаларға байланысты қазақ ұлтшылдарын даярлады деп айыпталды. Осы кезден бастап Ақселеу Сейдімбек үшін баспа басылымдарының барлық есіктері жабылды. 1987-1997 жылдары ғалым Ұлттық ғылыми академия жанындағы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында лаборант, аға ғылыми қызметкер, соңынан жетекші ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Өмірінің осы кезеңінде Ақселеу Сейдімбек өзінің теориялық білімін тереңдетумен

айналысып, қазақ халқының бұрын зерттелмеген фольклорлық мұрасын жинап, зерттей бастайды және оларды жариялаумен айналысады.

ласына да үлес қосты. Еуропаша білім алып, фортепианода ойнаған. Орыс, француз және неміс тілдерін еркін меңгерген. Фатима Хұсайынова замандастары, оның ішінде В.И. Даль, Г.С. Карелин, В.А. Перовский, Фукс секілді зиялылармен таныс және пікірлес болды. Бұл байланыстар оның әлеуметтік ортада кең танылуына және беделін арттыруына ықпал етті. Қазанда, Орынборда өткен жоғары деңгейдегі қабылдауларға қатысқан. Мысалы, 1826 жылы Фатима өзінің жұбайы Жәңгірмен бірге Мәскеуге барып, император І Николайдың тәж кию салтанатына қатынасып, ол өзінің білімділігімен және мәдениетілігімен ерекшеленіп, айналасындағыларды таңқалдырған. Петр сарайында өткен салтанатта Фатима императордың ілтипатына бөленеді. Бұл туралы 1826 жылы Петербордан шыққан «Сын Отечества» журналында жазылды. Сол сапарынан кейін 1829 жылы патшайым Александра Федоровна Фатима ханшаға бразилиялық асыл тастармен әшекейленген, алтын жалатылған баскиім тарту еткен. Патшайымның сыйлығын Фатима ханшаға Император сарайының министрі, князь Волконскийдің бұйрығымен Орынбордың әскери губернаторы Эссеннің өзі әкеліп тапсырған. Патшаның ұлықтау рәсімінен қайтарда Жәңгір мен Фатима жолай Қазанға соққан болатын. Қазан императорлық университетінің ректоры, профессор Карл Фукспен кездескен деген мәліметтер бар.

Фатима Жәңгір ханның кеңесшісі болып, жұбайын әрқашан қолдап отырған. Оқу–білім тарату үшін барын салған. Отырықшы өмірге көшуді қолдап, 1826 жылы Жасқұстағы Хан ордасының салынуына өзі ықпал етті. Жәңгірдің ордасында мектеп салуға дәнекер болып, өзі сол мектепте сабақ берді. Ел оны құрметтеп «Фатима тоташ» деп кеткен [16].

1845 жылдың жазында Жәңгір мен Фатима патшамен жүздесуге дайындала бастайды. Алайда сапарға дайындалып жатқан кезде Жәңгір хан қаза табады. Жұбайының қазасынан кейін өзінің денсаулығының нашарлап бара жатқанын сезген ол үлкен ұлы, тақ мұрагері Сақыпкерейді хандық құқық негізінде билікті жалғастыру үшін Петербургтен шақыртады. Себебі, 1840 жылы император І Николай Сақыпкерейді арнайы жарлықпен Бөкей Ордасындағы хандық тақтың мұрагері ретінде ресми бекіткен болатын. Оны мына құжаттан көруге болады. Ішкі Істер министрінің генерал-адъютанты Косоловскийдің 1969 жылы 9 шілдеде император жанындағы ІІІ бөлімнің басшысына жазған хаты: «... Хана Букея, и собственные его, Джангера, заслуги приобрели ему столь много прав на Высочайшее внимание, что он не должен опасаться происков против Ханского достоинства и что доколе он и потомства его будут руководствоваться одинаковыми правилами внеподданнического усердия, наследники его могут быть уверены во Всемиловейшем внимании и покровительстве Императорского двора. В доказательство сего, Его Величеству благодарно была изъявить предварительное соизволение на утверждение старшего сына Хана Джангера Сахиб Гирея наследником Ханского достоинства по окончании им курса в пажеском Корпусе...» [17].

Жұбайы Жәңгір ханның кеңесшісі ретінде маңызды рөл атқарып, оның саяси және әлеуметтік шешімдеріне әсер еткен, ел ісіне араласып, ұл-қыздарының білімді, сауатты болуына ықпал етіп, олардың әке жолын жалғастырып, тақ мұрагерлері ретінде дәстүрлі хандық билікті сақтауға ұмтылғанымен, ауруы асқынып, 1854 жылдың қазанында 36 жасында Фатима да бақилық болды.

Осылайша Сақыпкерейге кәмелет жасына толғаннан кейін Ішкі Орданы басқару тапсырылған: «... Вследствие сего Камеръ Пажъ Султанъ Сахибъ–Гирей—по родовому происхождению Чингисъ Высочайшим Именнымъ Указомъ, даннымъ Правительствующему Сенату въ 25 день Іюня 1847 г. возведенъ въ Княжеское Россійской Имперіи достоинства, съ нисходящимъ потомствомъ, а по выпуске въ Августе того же года изъ Пажеского Корпуса въ Л.Гв.Казачій полкъ съ чиномъ Карнета, прикомандированъ къ Оренбургскому Военному Губернатору для практическихъ занятій и приобретения опытности въ делахъ, съ темъ чтобы по достиженіи совершеннолетия онъ былъ выпущенъ изъ Корпуса 17–ти летъ вверить ему Управление Внутреннею Ордою согласно вышеозначенному предложению Графа Киселева...» [17].

Алайда Орынбор генерал–губернатордың қысымымен хандық биліктен үміт үзіп, Паж корпусына қайта оралады. Араға екі жыл салып, 1849 жылы Петербургтен Хан Ордасына қайтар жолда белгісіз жағдайда қаза болады, артында ұрпақ қалмады. Дала ханы Сақыпкерейдің қазасынан соң Жәңгір ұрпақтарының мұрагерлік жолмен ел басқару құқығы бола тұра, Бөкей Ордасында хандық билік жойылады. Бұл туралы Санкт-Петербург мұрағат қорынан табылған хатта мынадай мәлімет кездеседі: «... После смерти хана Джангера, старший его сын, а мой брат, Камер Паж Сахиб Кирей окончив в 1847 году курс наук в Пажеском Вашего Императорского Величества Корпусе, Всемиловейшие возведен в Княжеской Россійской империи достоинства с нисходящем потомством и с наименованием Чингисом по родовому происхождению отца нашего Хана Джангера от Чингис хана

и по выпуск Корпуса в Корнеты Л.П. Казачьего полка по Высочайшему повелению был прикомандирован к Оренбургскому Военному Губернатору, о том чтобы по достижении совершенности ему поручено было управление Внутреннего Киргизскою Ордою, но в 1849 году Князь Сахиб Гирей Чингиз умер бездетным...» [18].

Сақыпкерей қаза болған соң Ішкі Орданы басқару інісі Ибрагим Шыңғысқа берілуі тиіс еді. Алайда патша үкіметі Ибрагим Шыңғысты да кәмелеттік жасқа толғанға дейін билікке араластырмайды. Бұл туралы генерал-адъютант Косолювскийдің 1869 жылы 9 шілдедегі хатында төмендегідей мәлімет бар: «... и порядок управления ею, временно установленный, продолжен был до совершеннолетия брата его Ибрагима, на которого Правительство имело тоже виды, что и относительно старшего его брата...» [17].

Мемлекеттік мүлік министрлігі Ибрагимді Ішкі Орданы басқару жөніндегі Уақытша кеңестің төрағасы етіп тағайындауды көздейді, бірақ бұған Орынбор облысының губернаторы, граф В.А. Перовский қарсылық білдірді [5; 96]. Дәл осы тұста 1852 жылы Ибрагим сұлтан әскери училищені аяқтаған соң, Ресей империясының орталық билігі оны Ішкі Орданың Уақытша кеңесінің басшысы етіп тағайындауды ұйғарады. Алайда, В.А. Перовский хабарды естіп, көп ұзамай мұндай шешімге қарсы жан-жақты негіздеме дайындайды. Оған себеп, В.А. Перовскийдің Орынбор өлкесін алғаш билеген кезден-ақ Жәңгірге жаулық танытып, оның тіпті, құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеген [14; 196]. Себебі, Жәңгір ханның тәуелсіз саясат жүргізуге деген ұмтылысы патша үкіметіне ұнамады. В.А. Перовский 1841 жылы 21 қазанда Ресей Мемлекеттік мүлік министрлігіне Бөкей Ордасын басқару жөніндегі арнайы жобаны ұсынды. Жаңа жобаға сәйкес Жәңгір ханның өкілеттігін шектеп, Орда кеңесін құру жоспарланды. Алайда бір жыл бұрын Жәңгір ханға генерал шенін сыйлаған Ресей патшасының қаһарынан сескенген шенеуніктер бұл жобаны аяқсыз қалдырды.

1853 жылы қаңтарда П.Д. Киселев В.А. Перовскийге генерал-губернатордың дәлелдері императорды сендіргенін және ол Жәңгір ұрпақтарының Бөкей хандығындағы биліктен шектетілуі туралы хабарлайды [14; 201]. Осылайша ол Ішкі Ордадағы Жәңгір хан ұрпақтарының билігінің ресми түрде жойылуына тікелей ықпал етті.

В.А. Перовский Ішкі Ордадағы хандық басқаруды жою қажеттілігін мойындай отырып, Жәңгірдің ұрпақтарын Орда басқаруға жібермеуді, оның орнына көшпелі өмір салтына бейімделген уездік құрылымды енгізуді ұсынған: «Признавая необходимымъ, для блага киргизскаго народа, окончательна упразднить во Внутренней Орды Ханское достоинство, давно уже несуществующее въ Орде Зауральской, Графъ Перовскій полагааль устранить Джангерова потомство отъ всякаго участія въ делахъ управления Ордою, съ темъ чтобы дать ей общее уездное устройство съ изменениями, какія потребуеть пастушеский образъ жизни Ордынцевъ» [17].

Құжатта сондай-ақ генерал-адъютант Безак та Ішкі Ордадағы хандық билікті жоюды және Жәңгірдің ұрпақтарын Орда басқаруына араласпауын тікелей қолдайды: «Разделяя мненія предместниковъ своихъ на счетъ упраздненія Ханской власти во Внутренней Орде и устраненія лицъ Джангерова потомства отъ всякаго участія въ управленіи Ордою, Генераль-Адъютантъ Безакъ признаваль необходимымъ разобщить ихъ интересы отъ интересовъ Орды, дабы избегнуть всякихъ затрудненій въ виду предстоявшихъ для последней преобразовані» [17].

Сонымен қорыта айтқанда Жәңгір мен Фатимадан тараған көзі ашық ұрпақтарының қазақ даласындағы биліктің біржолата патша үкіметінің қолына өтіп бара жатырғанын түсінгендіктен, Жәңгірдің саясатын жүргізеді деп сескенген патша үкіметі олардың ұрпақтарын ел билігіне жолатқысы келмеді деп санаймыз. Бірақ тарихи деректер, құжаттар Жәңгір ұрпақтарының ел басқаруға толық қатыса алатын қабілеттері мен біліктіліктерін көрсетеді. Солардың ішінде ерекше талдауға тұратын хан ұрпағының бірі — Ғұбайдолла.

Жәңгір ханның төртінші ұлы, кавалерия генералы Сұлтан Қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғысхан, әскери қызметі үшін генерал атағын алған алғашқы қазақ. Ғұбайдолла Шыңғысхан 1840 жылы 6 мамырда императорлық армияның генерал-майоры, Ішкі Орданың ханы Жәңгір отбасында дүниеге келген. 6 жасқа дейін ол отбасында тәрбиеленіп, ата-анасымен Орынбор қаласында орналасқан Неплюевский кадет корпусына берілді. Бозбаланың тағдыры алдын ала анықталған болатын. 1849 жылы Ғұбайдолла өзінің ағасы Ахметкерей екеуі Орынбор генерал-губернаторының адъютанты есаул Житковпен бірге Ресей империясының элиталық оқу орны — Паждық корпусқа келеді. Болашақ генерал «... үздік тәрбиеленуші болып танылып № 9-шы ерекше кітапқа енгізілді». Ал 1856 жылы камер-паж Ғұбайдолла Шыңғысхан қазақ полкінің лейб-гвардиясының корнеті болып шығады [19].

Оның мансабының өсуі ІІ Александр дәуіріне тұспа-тұс келді. Солтүстік-батыс өлкедегі әскери байқаулардың бірінде императордың көзіне түскен жас офицер кейіннен оның флигель-адъютанты болды, ал 1878 ж. бастап өзінің шынайылығы, адалдығы және білімділігінің арқасында патша нөкерлерінің құрамына кірді.

1856 жылы тәж кигізу салтанатында төре тұқымынан шыққан ағайындар Ішкі Орда атынан шықты. Ал 1860 жылы олар біраз уақытқа Орынбор қаласына аттандырылды. Ғұбайдолла мұнда бірінші рет өзін білікті басшы етіп көрсетеді және императордың сенімді тұлғасы ретінде екі рет Башқұрт жеріне алтын кен орындарын зерттеу үшін іс-сапарға жіберіледі. Генерал-губернатор А.П. Безаконның жанында болған Жәңгір ханның екі ұлы гвардия ротмистрі князь Ибраһим Шыңғыс және штабс-ротмистр Ғұбайдолла Шыңғысхан жайында «...біздің Үкіметке толық берілген, өте жақсы қабілеттерімен ерекшеленетін және қырғыздарға қатысты істер бойынша ғана емес, сондай-ақ басқа да қызметтік қажеттіліктер бойынша да үлкен жетісікке жетті» деп куәлік етті.

Бірақ Императордың айналасында туындаған қызғаныш кесірінен 1866 ж. Ғұбайдолла әскери кавалерияға аттандырылады. Төрт жылдан кейін ол казак полкінің лейб-гвардиясының полковнигі болып тағайындалып, императордың флигель-адъютанты міндеттерін атқаруға қайтарылады. 1879 жылы император оған мұрагерлік дворяндықты тарту етеді.

Полковник Шыңғысханның одан арғы мансабын екі фактор анықтайды: оның жеке қасиеттері мен басшылық тарапынан қолдау. ІІ Александр Солтүстік-Батыс өлкеге сапар жасаған кезде, Ғұбайдолланы бірге алып жүрді. Мұндай сапарлардың бірінде ол императорның адъютанты болды, патшамен өте сенімді әрі тығыз қарым-қатынас орнатты. Бұл қызметте ол императордың жеке тапсырмасымен алғаш рет Қырымға аттанды. Осы кезде ІІ Александр рұқсатымен Ғұбайдолла Шыңғысхан Мекке мен Мәдинаға қажылық жасайды. 1876 жылы ақпанда император оған телеграф ведомствосын басқаруды тапсырады. Осы департаментті басқара отырып, Шыңғысхан Түркиямен соғысқа дайындалады. Оның бастамасымен Севастопольдегі, Одессадағы және Очаковқадағы маяктар мен жағалау батареялары байланысып, Қара теңізден Каспий теңізіне телеграф кабелін салу басталады.

1877 ж. Орыс-түрік соғысының басталуымен полковник Ғұбайдолла майданға аттанады. Оның жұмыс қабілеттілігі, техникалық сауаттылығы және зеректілігі көпшілікті таңқалдырады. 1878 жылы әскери қызметтегі жетістігі үшін генерал-майор атағын алады. Майданда көрсеткен батылдығы үшін Император оған «За храбрость» деген жазуы бар алтын сапыны табыс етеді [20].

Соғыс аяқталғаннан кейін ІІМ телеграф департаментін басқаруға жіберілді. Кейін осы министрліктің қазақтар мен қырым татарлары істері жөніндегі бөлімін басқарып, 1888 жылы генерал-лейтенант, ал 1894 жылы кавалерия-генералы (қазіргі генерал-полковник шенімен дәрежелес) атақтарын алды. Осы қызметте жүріп, ол «Түркістан өлкесін басқару жөніндегі ережені» дайындауға қатысты. Қоғамдық жұмыстармен айналысып, қазақ даласында емдеу орындарын, көпірлер жасауға басшылық жасады. Қазақ жастарының Орталық Ресейдегі жоғары оқу орындарына түсуіне көмектесті және Ақмолда ақынның түрмеден босап шығуына себепші болды. Ресейдегі Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі жобаны жасауға атсалысты, әрі сайлауға қазақтардың да қатысуына көп көңіл бөлді. Қызметтегі табыстары үшін Ресей және шетел мемлекеттерінің көптеген ордендерімен марапатталды. Отставкаға шыққаннан кейін (1902–1903) император сыйға тартқан Ялтадағы иелігіне көшіп барды. Осы жерде 1909 жылы 1 наурызда қайтыс болды.

Ғұбайдолланың тарихи бейнесі және оның тегі зерттеушілердің мақалаларында, ғылыми еңбектерінде әртүрлі баяндалады. Кейбір деректерде Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғысхан, Ғұбайдолла Шыңғысхан немесе тіпті Сұлтан қажы Ғұбайдолла Жәңгір оғлы Шыңғыс хан деп те аталады. Осы мәселеге байланысты мақалада Орынбор облысының мемлекеттік мұрағатынан табылған Ғұбайдолланың өз қолымен жазылған екі хатын және Әділет министрлігіне жолданған генерал-адъютанттардың хаттарын, яғни, тың деректерді талдаймыз.

Мысалы, 1869 жылы 9 маусымда Вилен әскери округінде қызмет етіп жүрген кезінде ол ІІ Александр патшаға хат жолдайды. Хатта ағасы Ахметкерейге өзінің отбасындағы хан дәрежесін қалпына келтіруді және арғы бабасы Шыңғыс ханнан тарағандықтан өзіне және ағасына «Шыңғыс» тегін қосып беруді өтініш етеді. Бұл оның Шыңғыс ханнан тараған ұрпақ екенін дәлелдеген құқығы еді. Ол туралы: «...повергая вышеизложенные к священным стопам Вашего Императорского Величества на милосердное воззвание Ваше Государь всеподданнейший прошу о сохранении Княжеского достоинства если не во всем род отца моего Хана Джангера, то в род старшего моего брата Султана Ахмед Гирея, с именованием его Князем Чингисом о находящем потомствам, дозволив и мне писать

и именоваться Султаном Джангер Буковым Чингисом, по родовому происхождению моему от Чингиз Хана» [21].

Мұрағат құжаттарында Ғұбайдолланың өтінішіне байланысты патшаның шығарған шешімі туралы кейбір қызығушы авторлар да өз еңбектерінде көрсетеді. Ұзаққа созылған келіссөздер негізінде Императордың бұйрығымен, «ресейлік дворян Шыңғысхандар» мөртаңбасы бекітілген соң сұлтанның толық аты-жөні Сұлтан қажы Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғысхан болып өзгертіледі [22; 136].

Бұл туралы: «...Лейб-гвардии казачьего полка полковнику Султану Губайдулле Джангер-Букееву вместе с сим объяснено, что Государь Император Всемилостивейше соизволил разрешить ему принять фамилию «Чингис», с присоединением оной, по родовому происхождению его от Чингиз Хана, к прежней его фамилии и именоваться впредь «Султан Джангер Букеевым Чингисом» Высочайшим указом 30 августа 1870 года разрешено Губайдулле Чингисхану пользоваться гербом брата своего, но только без княжеских эмблем» [23]. Бірақ та автордың мақаласында мұрағат құжатына сілтеме көрсетілмеген.

Алайда патшаның бұйрығы шыққанға дейін Ғұбайдолланың бұл өтініші Әділет министрлігі мен генерал-адъютанттар арасында ұзақ қаралып, әртүрлі пікірлер мен ұсыныстар қалыптасты. Оған мұрағаттан табылған хаттар толық дәлел бола алады.

Мысалы, Ғұбайдолланың 1869 жылы 9 маусымда II Александр патшаға жолданған өтініші бойынша Ішкі Істер министрі генерал-адъютант Ашимлашев 1869 жылы 13 маусымда Әділет министрлігіне жауап хат жолдайды. Қолжазбаның ішінде 1839 жылы Жәңгір хан Санкт-Петербургке сапары кезінде Ішкі Орданың сұлтандары Жәңгір хан әулетіндегі ханды тағайындау мұрагерлік құқығын бекітуді өтінеді. I Николай патша бұл өтінішті қабылдап, Жәңгір ханның және оның ұрпақтарының патшаның ерекше назарында болатынына кепілдік берілді. Сондай-ақ 1847 жылғы Ішкі Орданы басқару жүйесіндегі өзгерістерге тоқталады. Осы хаттағы ең қызықты деректердің бірі Жәңгірдің ортаншы ұлы Сұлтан Ибрагимнің «Шыңғыс» деген княздік атақпен марапатталуы. «Султанъ Ибрагимъ вышелъ изъ Пажеского корпуса въ 1852 г. съ чиномъ Корнета, въ Л. Гв. Гусарскій Его Величества полкъ Государь Императоръ, удостоивъ возвести его въ Княжеское достоинство, съ наименованіемъ «Чингисомъ», Высочайше повелеть соизволилъ прикомандировать его, подобно распоряженію о его брате, къ Оренбургскому и самарскому Генераль-Губернатору, для приобритенія практическихъ сведеній въ делахъ управленія» [17]. Осы тұста Сақыпкерей мен Сұлтан Ибрагимнің тектеріне «Шыңғыс» атауы берілгенде Ахметкерей мен Ғұбайдоллаға неге берілмеді деген сұрақ туады. Оның жауабын іздеуде мұрағат деректеріне үңілсек, Жәңгір хан көзі тірісінде сұлтан Сақыпкерей Паж корпусына оқуға қабылданғанда «Шыңғыс» деген текті берген. Соның негізінде сұлтан Сақыпкерей корпусы аяқтаған кезде Шыңғыс тегімен бітірген екен. Осы текті туыстық жалғастық ретінде қалған балалары да сақтаған деп хатта жазылған: «Ханъ Джангеръ, при определеніи въ Пажескій Корпусъ старшого своего сына Султана Сахибъ-Гирея, придалъ ему прозваніе Чингисъ по происхожденію отъ Чингисъ-Хана. На семь основаніи Султанъ Сахибъ Гирей, при выпуске изъ Корпуса и при пожалованіи въ Княжеское достоинство, наименованъ Чингисомъ, каковое прозваніе какъ родовое, сохраняли и остальные его братья» [17].

Ал, Жәңгірдің екінші ұлы Сұлтан Ибрагим кадет корпусын корнет шенімен Сұлтан Жәңгір Бөкейұлы тегімен аяқтаған екен. Мемлекеттік мүлік министрі Сұлтанның есіндегі айырмашылықты жою қажеттілігіне байланысты Ибрагим Шыңғыс деп атауды ұсынған: «Между темъ въ Высочайшемъ приказе 13-го Августа 1852 г. о производстве въ Корнете привыпуске изъ Камеръ-Пажей въ Л.Гв. Гусарскій полкъ, второй сынъ Хана Султанъ Ибрагимъ, былъ названъ Султаномъ Джангеръ-Букеевымъ. Министръ Государственныхъ Имуществъ в месте съ соображеніями своими о будущемъ назначеніи Султана Ибрагима, представляль на Высочайшее усмотреніе о необходимости устранить разность въ названіи этого Султана и предполагалъ наименовать его Ибрагимомъ Чингисомъ, о кемъ и войти въ сношеніе съ Военнымъ Министромъ» [17].

1852 жылы Патша бұйрығымен Сұлтан Ибрагимге «Ибрагим Шыңғыс» тегін беру туралы шешім шығарады. Бұл туралы хаттан үзінді: «...1852 г. Высочайшие соизволилъ собственноручно положить следующую резолюцію: «Исполнить, назвавъ Княземъ Ибрагимомъ-Чингисомъ» [17].

Яғни, жоғарыда келтірілген хаттың мазмұнында Жәңгірдің барлық ұрпақтары «Шыңғыс» тегін сақтады деген ақпарат кездескенімен, Ахметкерей мен Ғұбайдоллаға келгенде бұл «Шыңғыс» тегінің патша тарапынан ресми бекітілмегендігін растайды [17]. Сондықтан да ол өзіне және ағасына «Шыңғыс» тегін сұрап, хат жазған.

Патша үкіметі тек ғана 1870 жылы 30 тамызда Ахметкерей Жәңгір Бөкеевке және Сұлтан Ғұбайдолла Жәңгір Бөкеевке «Шыңғыс» тегін беруге шешім шығарды. Мұрағат қоры соны дәлелдейді: «Имею честь сообщить Вашему превосходительству, что Именным Высочайшим указомъ, даннымъ управительствующему Сенату въ 30-й день минувшего Августа, третий сынъ покойного Хана Внутренней Киргизской орды Джангера отставной полковникъ, ауцманъ Ахметъ Гирей Джангеръ Букеевич возведенъ въ Княжеское Российской Империи достоинства, при чемъ въ высочайшемъ указа наименовать по фамилии «Чингисамъ», и ъ, что по высочайшему Его императорского Величества пониманию, предложенному вместе съ сиею управительствующему сенату, брату князя Ахметъ-Гирея Чингиса состоящему при Вашемъ превосходительстве Лейдъ Гвардіи казачьего полка полковнику Султану Габаидулла Джангиряъ Букееву Всемиловейшие дозволено принято фамилию «Чингисъ» [24].

1871 жылы 18 қаңтарда Ғұбайдолланың өз қолымен жазылған Әділет министрлігіне жолдаған хатында мынадай қызықты дерек кездеседі: Ұлы Императордың жоғары рұқсатымен «Шыңғыс» тегін алғанымен, кейін Әкімшілік Сенат жарлығындағы тұжырымдамада келтірілген нақтылықтың жетіспеушілігіне байланысты бұрынғы Сұлтан Жәңгір Бөкеев тегін пайдалану құқығынан айыруы мүмкіндігіне байланысты түсіндіруді талап етеді. Сол себепті Жоғарғы бұйрықты нақтырақ қарастырып, өзін Сұлтан Жәңгір Бөкеев Шыңғысхан деп атауға рұқсат беруді сұраған. Осыған байланысты дерек-дәйек ретінде өтініштің қысқаша нұсқасын келтіре кетсек пе дейміз: «Ись этой редакции Указа можно заключить, что я какъ-бъ лишень теперъ права носитьъ прежнюю мою фамилию Султана Джангера Букеева, которая саменена фамилию Чингисъ, безъ всякихъ объясненій ел родового значения, которое и было именно главнымъ основаниемъ моего ходатайства. Вследствие этого я приемлю смелость утруждать Ваше Сіятельствошоею почтительнейшей просьбой и всепокорнейшие просить не отказать въ распроженіи Вашемъ, если признаете то справедливымъ, къ болеее точному разьясненію последовавшего по всеподданныйшему докладу Вашего Сіятельства Высочайшаго повеленія о разрешеніи мне именоваться Султаномъ Джангеромъ Букеевымъ Чингисъ Ханомъ» [25].

Яғни, Ғұбайдолланың өтініші бойынша патша рұқсатымен «Шыңғыс» тегі берілгенімен, оның оған дейінгі ата-тегі ескерілмей, құжаттарда тек «Ғұбайдолла Шыңғыс» деп жазылса керек. Ал, сұлтанның түпкі негізгі мақсаты арғы атасы Бөкей, өз әкесі Жәңгірді түп-тамыры, ата-бабасын негізге ала отырып, Сұлтан Жәңгір Бөкеев Шыңғыс хан аталуы еді.

Ғұбайдолланың «Шыңғыс» тегін сұрауына байланысты Ресей әкімшілігінің кейбір шенділерінің қарсылық білдіргендерін де мұрағаттан табылған қолжазбалардан көре аламыз. Соның бірінде 1869 жылы Әділет министрлігінің басқарушы мырзасына жолданған хатында «Ғұбайдолла Жәңгір Бөкеевтің ағасы Ахметкерейге хан дәрежесін қалпына келтіруді, өзіне және ағасына «Шыңғыс» тегін қосып беруді сұраған өтініш ұсыныстардың қайта қайталануына рұқсат бермеуіңізді құрметпен сұраймын» деген [26].

Мұндай қарсылық тек «Шыңғыс» тегіне байланысты ғана емес, Бөкей Ордасындағы басқару аппаратына өзгерістер енгізу, Жәңгір хан ұрпақтарының хандық биліктен мүлдем аластатылып, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеу туралы жазылған біраз деректерді көре аламыз. Мысалы, Ішкі Ордада Сақыпкерей мен Ибрагимнің қазасынан кейін, Жәңгірдің ұлдары Ахметкерей мен Ғұбайдоллаға хан билігінің мұрагерлік жолмен берілмеуінде патша үкіметінің «қолдан жасаған» бірнеше себептері бар еді. Оған дәлел ретінде, Ғұбайдолланың өтініші бойынша 1870 жылы 11 наурыздағы генерал-адъютант Н.А. Крыжановскийдің Орынбор генерал-губернаторының басқармасына жазған қорытынды хатын айтуға болады. Мұрағат дерегіне сүйенсек, Император Николай Жәңгірдің үлкен ұлы Сақыпкерейдің қайтыс болуымен байланысты ағасы Лейб-гвардия гусар полкінің корнеті Ибрагим Жәңгір Бөкейге (Шыңғысқа) және оның ұрпақтарына князьдік титул бергені анықталған. Бірақ Мемлекеттік Меншік министрі Орынбор аймағының сол кездегі бастығы генерал-адъютант Перовскийдің Жәңгір хан отбасына байланысты бұйрықтарда, сұлтан Шыңғыстың ағаларының ешқайсысы князьдік титулды мұрагерлікке алу немесе бұл атаққа ұмтылу құқығына ие болатыны айтылмаған. 1865 жылы Сұлтан Ибрагим Шыңғыс қайтыс болып, артында ұрпақ қалдырмады және оның өлімімен байланысты Сұлтан Шыңғыстар әулетінің жалғыз өкілі ретінде бұл князьдік әулет үзілген. Мұрағат дерегінен үзінді келтірсек: «Жәңгір ханның ұлы Ибрагим Бөкеевті княздық мәртебеге көтеру туралы менің бөлімім арқылы жүргізілген хат-хабарлардан мәлім болғандай, оның үлкен ұлы Сахиб Гирай қайтыс болғаннан кейін ол марқұмға император І Николай Павловичтің құрмет көрсеткенін білдім. Марқұмның екінші ағасы, лейб-гвардия гусар полкі, корнет Бөкеев Ибрагим Жәңгірөвке /Шыңғыс/ ұрпақтарымен князьдік титул берілді. Бірақ қазір Мемлекеттік

мүлік министрі, сол кезде Орынбор өлкесінің бастығы болған генерал-адъютант Перовскийге жіберген хатта хан Жәңгірдің басқа мүшелерін орналастыруға қатысты Жоғарғы бұйрықта жоқ екен. Шыңғыс төре князьдік атағын кейін иеленуге немесе осы қадір-қасиетке ұмтылуға құқылы еді. Төре тұқымы Ибраһим Шыңғыс бұл титулдық мәртебенізге қатысты мағынасында, өз артынан ұрпақ қалдырмай 1865 жылы қайтыс болып, кетті және оның қайтыс болуыменен Шыңғыс хандар әулетінің осы тармақтағы жалғыз өкілі ретінде бұл княздық әулет тоқтады» [27].

Сондай-ақ қолжазбада князьдік атақ тек марқұм Сұлтан Шыңғысқа ғана беріліп, полковник Сұлтан Ғұбайдолла Бөкейдің ағасы Ахметкерейдің князьдік титулын сақтау туралы қазіргі өтініші қабылданбауы туралы айтылады: «...Такимъ образомъ, по разсмотреніи помянутой выше переписки, убедясь въ томъ факте, что Княжеское достоинство было Всемилостивейшіе пожаловано лично самому умершему Князю Чингизу, но не всемъ братьямъ его, я съ своей стороны полагалъ бы настоящее ходатайство полковника Султана Губайдуллы Букеева о сохраненіи Княжескаго титула за старшимъ братомъ его Ахметъ–Гиримъ, отклонить» [27]. Оның пікірінше, қазақтарға және империяға бағынышты басқа ұлт өкілдеріне князьдік титулдарды көбірек беру үкімет үшін пайдалы және ыңғайлы емес деп санады. Сонымен қатар, Жәңгір хан мен оның ұрпақтары патша тарапынан қолдау тауып, материалдық жағынан соншалықты қамтамасыз етілгендіктен, Жәңгір хан ұрпақтарының жаңа марапаттарға ұмтылуы орынсыз деп есептеді. Ал, егер Жәңгір ұрпақтарының біреуіне князьдік атақты берген жағдайда, Бөкейден тараған ұрпақтардың, сондай-ақ Ресейге алғаш бағынған Орда хандарының тікелей ұрпақтары, мысалы, Жантөриндер, Баймұхамедовтар т.б., сұлтандардың князьдік титулды сұрауынан қауіптенді [27].

Қорыта айтқанда, Ғұбайдолла Шыңғыс қазақ тарихындағы көрнекті тұлғаның бірі деуге болады. Себебі, оның бүгінгі күнге дейін жеткен рухани мұрасынан XIX ғасырдың бірінші жартысындағы патша үкіметінің қазақ даласындағы жүргізген отаршылдық саясатының әлеуметтік салдарын және қазақ халқын кемсіту, қорлау әрекеттерін көруге болады. Отбасында әке мен анадан алған тектілік тәрбиесі және өз заманындағы оқыған білімділігінің арқасында адам құқығын, яғни азаматтық құқығын қорғауды, сақтауды құжат негізінде дәлелдеген патшаның заңдарын жақсы білетін тұлға ретінде көреміз. Патша үкіметінің заңдарын ел басқару туралы заңдарын жақсы білген білікті тұлға ретінде әулетінің құқығын сақтай білген текті ұрпақ ұлы даланың тарихи тұлғасы ретінде бұл мәселені әлі де жан жақты зерттеу қажет деп санаймыз.

Қорытынды

Біз жоғарыда қарастырған мұрағаттан табылған құжаттар XIX ғасырдың ортасындағы Ресей билігінің Ішкі Орданың хандық билік институтын жою, оны біркелкілендірілген әкімшілік құрылымға ауыстыруға деген ұмтылысын көрсететін және отарлау саясатын түсінуге мүмкіндік беретін құнды тарихи дереккөз болып табылады. Бөкей ордасындағы хандық құрылымы жойылып, Уақытша кеңес құрылады. Орданы Уақытша кеңес 1847—1917 жылдар аралығында биледі. Бұның басты себебі, сол кездегі болған ірі Исатай-Махамбет, Кенесары көтерілістерінен шошыған Ресей империясы Бөкей Ордасын тұншықтыруға мәжбүр болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Абдрахманова Б.М. История Казахстана: власть, система, управления, территориальное устройство в XIX веке / Б.М. Абдрахманова. — Астана, 1989. — 137 с.
- 2 Тлегенова Л.Т. Ел қозғап, шерік жиған Абайдлда хан / Л.Т. Тлегенова // Мәдени мұра. — 2015. — № 2. — Б. 23–27.
- 3 Галиев А.А. Идеология чингизизма в свете теории Э. Хобсбаума «Invention of Traditions». К 750-летию Золотой Орды / А.А. Галиев, А.Ж. Мырзахметова, С.Б. Галиева // Вестн. Караганд. гос. ун-та. Сер. История. Философия. — 2020. — № 2(98). — С. 81–89.
- 4 Мукатаев Г.К. Султан Губайдулла Чингисхан полный генерал от кавалерии: документы и материалы / Г.К. Мукатаев, М.В. Ирхина. — СПб.: Изд-во М.В. Ирхиной, 2003. — 159 с.
- 5 Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство / С.З. Зиманов. — Алматы: Наука, 1982. — 171 с.
- 6 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков / С.З. Зиманов; Академия наук КазССР; Институт философии и права. — Алма-Ата: Изд-во Академии наук КазССР, 1960. — 293 с.
- 7 Казахское дворянство. XIX–начало XX вв: моногр. в документах / отв. ред. Г.С. Султангалиева, сост.: Г.С. Султангалиева, У.Ж. Тулешова. — Алматы: Қазақ университеті, 2020. — 429 с.

- 8 Касымбаев Ж.К. Государственные деятели казахских ханств в XVIII–первой четверти XIX вв. — Т. 4. Хан Жангир (1801–1845) / Ж.К. Касымбаев. — Алматы: Наш мир, 2001. — 352 с.
- 9 Сулейменов Б.С. Казахстан в составе России в XVIII–начале XX века: истоки великого содружества / Б.С. Сулейменов, В.Я. Басин; Академия наук КазССР; Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. — Алматы: Изд-во «Наука» КазССР, 1981. — 247 с.
- 10 Бекмаханова Н. Е. Присоединение Центральной Азии к Российской империи в XVIII–XIX вв. / Н.Е. Бекмаханова. — М.: Ин-т рос. истории РАН; СПб.: Центр гуманитарных инициатив, 2015. — 244 с.
- 11 Ерофеева И.В. Родословные казахских ханов и кожа XVIII–XIX вв. / И.В. Ерофеева. — Алматы: Print-S, 2003. — 178 с.
- 12 Вяткин М.П. Политический кризис и хозяйственный упадок в Малой орде в конце XVIII–начале XIX в. / М.П. Вяткин // Материалы по истории Казахской ССР (1785–1828 гг.). — Т. 4. — М.–Л., 1940.
- 13 Иванов И.С. Хан Джангер, хан Внутренней Киргизской Орды / И.С. Иванов // Букеевской Орде — 200 лет. — Кн. 2. / науч. ред. М. Кулькенов. — Алматы: Олке, 2001. — С. 5–139.
- 14 Почекаев Р.Ю. Губернаторы и ханы. Личностный фактор правовой политики Российской империи в Центральной Азии: XVIII–начало XX в. / Р.Ю. Почекаев. — М.: Изд. дом ВШЭ, 2017. — 384 с.
- 15 История Казахстана в документах и материалах: Альманах. — Вып. 1. — Алматы: LEM, 2011. — 436 с.
- 16 Хасан С. Фатима ханша / С. Хасан // «Айкын» республикалық саяси-қоғамдық газеті. — 2015.
- 17 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 5. — Л. 206.
- 18 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 1. — Л. 210.
- 19 Казахстан. Национальная энциклопедия. — Т. 2: Г–Й. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — 557 с.
- 20 Рахым А.Ф. Қазақтан шыққан тұңғыш кавалерия генералы [Электрондық ресурс] / А.Ф. Рахым. — Қолжетімділік тәртібі: <https://ulagat.com/2020/12/23>.
- 21 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 5. — Л. 206.
- 22 Нуркеева Л.С. Қырымда қалған Шыңғысхан немесе Ғұбайдолла Жәңгіровтің тарихи бейнесі / Л.С. Нуркеева // «Шежіре тұнған құт–мекен»: Халықаралық ғылыми–практикалық конференция материалдары. — Хан Ордасы, 2016. — Б. 136.
- 23 Аден А. Губайдулла Чингисхан. Хан, лишенный ханства / А. Аден. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/32226>.
- 24 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 1. — Л. 210.
- 25 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 1. — Л. 210.
- 26 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 5. — Л. 206.
- 27 ГА КО. — Ф. 1705. — Оп. 1. — Д. 5. — Л. 206.

Н.О. Дулатбеков, Г.К. Уалиева

Источники и документы о великом потомке Чингисхана — Губайдулле Жангирулы

Статья посвящена комплексному исследованию общественно-политической жизни казахских степей в начале XIX века. Авторами подробно проанализированы социальные, политические, экономические и культурные последствия после ликвидации традиционной ханской власти Российской империи. Всесторонне дифференцированы причины и последствия отстранения ханской власти Букеевской Орды хана Жангира и его потомков, а также судьба первого казахского генерал-адъютанта Губайдоллы. Его письма императору Российской империи раскрывают характер политики в отношении внутренних дел Казахстана. Данное исследование позволяет глубже понять политическую историю Казахстана XVIII–XIX веков, а также объективно оценить влияние российской колониальной политики на казахское общество.

Ключевые слова: история Казахстана, традиционное казахское общество, Букеевская Орда, ханское управление, реформа, Бокей, Жангир, Фатима, Губайдолла, генерал-адъютант, политическая жизнь, потомки хана, султаны, Чингисхан, колониальная политика.

N.O. Dulatbekov, G.K. Ualiyeva

Sources and documents about Gubaidulla Zhangiruly, a great descendant of Genghis Khan

The article is dedicated to a comprehensive study of the socio-political life in the Kazakh steppes at the beginning of the 19th century. The work thoroughly analyzes the social, political, economic, and cultural consequences following the dismantling of traditional Khanate authority by the Russian Empire. It provides a detailed differentiation of the causes and consequences of the removal of the Khanate authority of the Bukey Horde under Khan Jangir and his descendants, as well as the fate of the first Kazakh General-Adjutant Gubaydolla. His letters to the Emperor of the Russian Empire reveal the nature of the policy regarding internal affairs in Kazakhstan. This research offers a deeper understanding of the political history of Kazakhstan in the 18th and 19th centuries and provides an objective assessment of the impact of Russian colonial policy on Kazakh society.

Keywords: History of Kazakhstan, traditional Kazakh society, Bukeyev Horde, khan administration, reform, Bokey, Zhangir, Fatima, Gubaidollah, adjutant general, political life, descendants of khan, sultans, Genghis Khan, colonial policy.

References

- 1 Abdrakhmanova, B.M. (1989). *Istoriia Kazakhstana: vlast, sistema, upravleniie, territorialnoe ustroistvo v XIX veke* [History of Kazakhstan: power, system, management, territorial organization in the XIX century]. Astana [in Russian].
- 2 Tlegenova, L.T. (2015). El qozgap, sherik zhigan Abaidilda khan [Abaidilda Khan, who moved the year and gathered a companion]. *Madeni mura — Cultural heritage*, 2, 23–27 [in Kazakh].
- 3 Galiev, A.A., Myrzakhmetova, A.Zh., & Galieva, S.B. (2020). Ideologiya chingizizma v svete teorii E. Khobsbauma «Invention of Traditions». K 750-letiiu Zolotoi Ordy [Ideology in the world of Chingizism theory E. Hobsbawm's "Invention of Traditions". 750th anniversary of the Golden Horde]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta. Seriya Istoriia. Filosofiiia — Bulliten of Karaganda university. Series "History. Philosophy"*, 2(98), 81–89 [in Russian].
- 4 Mukataev, G.K., & Irkhina, M.V. (2003). Sultan Gubaidulla Chingiskhan polnyi general ot kavalerii: dokumenty i materialy [Sultan Gubaydullah Genghis Khan full general of cavalry: document and material]. Saint Petersburg: Izdatelstvo M.V. Irkhinoi [in Russian].
- 5 Zimanov, S.Z. (1982). *Rossiia i Bukeevskoe khanstvo* [Russia and the Bukeiv Khanate]. Almaty: Nauka [in Russian].
- 6 Zimanov, S.Z. (1960). *Politicheskii stroi Kazakhstana kontsa XVIII i pervoi poloviny XIX vekov* [Political structure of Kazakhstan at the end of the 18th and the first half of the 19th centuries]. Alma-Ata: Izdatelstvo Akademii nauk Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 7 (2020). *Kazakhskoe dvorianstvo. XIX — nachalo XX vv: monografiia v dokumentakh* [XIX — beginning of XX century: monograph in documents]. Almaty: Qazaq universiteti [in Russian].
- 8 Kasymbaev, Zh.K. (2001). *Gosudarstvennye deiateli kazakhskikh khanstv v XVIII — pervoi chetverti XIX vv. Khan Zhangir (1801–1845)* [State leaders of the Kazakh khanate in the XVIII — the first quarter of the XIX centuries. Vol. 4. Khan Jangir (1801–1845)]. Almaty: Nash mir [in Russian].
- 9 Suleimenov, B.S., & Basin, V.Ya. (1981). *Kazakhstan v sostave Rossii v XVIII — nachale XX veka: istoki velikogo sodruzhestva* [Kazakhstan as part of Russia in the 18th — early 20th centuries: the origins of the great commonwealth]. Almaty: Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoi SSR [in Russian].
- 10 Bekmakanova, N. E. (2015). *Prisoedinenie Tsentralnoi Azii k Rossiiskoi imperii v XVIII–XIX vv.* [Annexation of Central Asia to the Russian Empire in the XVIII–XIX centuries]. Saint Petersburg: Tsentr gumanitarnykh initsiativ [in Russian].
- 11 Erofeeva, I.V. (2003). *Rodoslovnye kazakhskikh khanov i kozha XVIII–XIX vv.* [Genealogies of Kazakh khans and leather of the 18th–19th centuries]. Almaty: Print-S [in Russian].
- 12 Viatkin, M. P. (1940). *Politicheskii krizis i khoziaistvennyi upadok v Maloi orde v kontse XVIII — nachale XIX vv. Materialy po istorii Kazakhskoi SSR (1785–1828 gg.)* [Political crisis and economic decline in the Little Horde in the late 18th — early 19th centuries. Materials on the history of the Kazakh SSR (1785–1828)]. Moscow–Leningrad, 4 [in Russian].
- 13 Ivanov, I.S. (2001). *Khan Dzhangir, khan Vnutrennei Kirgizskoi Ordy. Bukeevskoi Orde — 200 let* [Khan Dzhangir, Khan of the Inner Kirghiz Horde. The Bukeyev Horde is 200 years old]. Almaty: Olke [in Russian].
- 14 Pochekaev, R.Yu. (2017). *Gubernatory i khany. Lichnostnyi faktor pravovoi politiki Rossiiskoi imperii v Tsentralnoi Azii: XVIII — nachalo XX vv.* [Governors and khans. Personal factor of the legal policy of the Russian Empire in Central Asia: XVIII — early XX centuries]. Moscow: Izdatelskii dom Vyshei shkoly ekonomiki [in Russian].
- 15 (2011). *Istoriia Kazakhstana v dokumentakh i materialakh: Almanakh* [History of Kazakhstan in documents and materials: Almanac]. Issue 1. Almaty: LEM [in Russian].
- 16 Khasan, S. (2015). *Fatima khansha* [Fatima khansha]. *“Aiqyn” Respublikalyq saiasi-qogamgyq gazetii — “Ayqyn” Republican political and social newspaper* [in Kazakh].

- 17 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 5. L. 206 [in Russian].
- 18 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 1. L. 210 [in Russian].
- 19 (2005). Kazakhstan. Natsionalnaia entsiklopediia [Kazakhstan. National Encyclopedia]. Vol. 2: G–I. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Russian].
- 20 Rakhym A.G. Qazaqtan shyqqan tungysh kavaleriia generaly [The first cavalry general from Kazakh]. Retrived from <https://ulagat.com/2020/12/23> [in Kazakh].
- 21 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 5. L. 206 [in Russian].
- 22 Nurkeeva, L.S. (2016). Qyrymda qalghan Shyngyskhan nemese Gubaidolla Zhangirovtin tarikhi beinesi [Historical image of Genghis Khan or Gubaidolla Dzhangirov who stayed in Crimea]. «Shezhire tungan qut–meken»: *Khalyqaralyq gylymi–praktikalyq konferentsiia materialdary — Proceedings of the international scientific-practical conference “The place where the genealogy is born”*. Khan Ordasy [in Kazakh].
- 23 Aden A. Gubaidulla Chingiskhan. Khan, lishennyi khanstva [Gubaidulla Genghis Khan. Khan deprived of his khanate]. Retrived from <https://e-history.kz/ru/news/show/32226> [in Russian].
- 24 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 1. L. 210 [in Russian].
- 25 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 1. L. 210 [in Russian].
- 26 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 5. L. 206 [in Russian].
- 27 GA KO [State Archive of Karaganda Region]. F. 1705. Op. 1. D. 5. L. 206 (kopii) [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет

Дулатбеков Нұрлан — ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің Басқарма төрағасы — Ректоры, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0001-7300-1958>;

Уалиева Гүлмира — г.ғ.м., Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0002-9350-0348>.

Information about the authors

Dulatbekov Nurlan — Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Doctor of Law, Professor, Chairman of the Board — Rector of the E.A. Buketov Karaganda University, Karaganda, Kazakhstan;

Ualiyeva Gulmira — Master of humanities, Senior Lecturer at the Department of History of Kazakhstan and the Assembly of Peoples of Kazakhstan, Karaganda, Kazakhstan.

М.В. Шлюпиков¹ *, М.М. Шлюпикова² 

¹Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан;

²Московский государственный университет имени М.В. Ломоносова, Москва, Россия
(E-mail: shlyupikovm@mail.ru; masha.97sh@gmail.com)

Природа и человек древнего мира в исторической концепции Ф. Броделя

Статья посвящена анализу концептуального видения природы и человека древнего мира в исторической теории Фернана Броделя. Авторами показано влияние географических и климатических факторов на исторический процесс в концепции Ф. Броделя. Определено значение факторов рельефа местности и определенных экологических систем на формирование и развитие исторически обусловленных экономических, социальных и политических отношений. На примере развития Франции раскрывается реализация теоретических положений концепции французского ученого о формировании общественно-политических и экономических отношений, начиная с античного периода. Географическое строение, рельеф местности также определяют культурное, экономическое и политическое районирование, региональные различия в рамках единых государственных образований. Показана роль путей сообщения в становлении и развитии античной государственности изначально на Апеннинском полуострове, а в дальнейшем и на большей части территории Западной и Южной Европы. Весьма интересна и продуктивна в научном отношении идея Ф. Броделя о схожести политических трансформаций эпохи эллинизма и ряда современных проектов политической интеграции. Становление в эллинистический период территориальных государств, занявших место прежней модели греческих городов-полисов, имеет немало общих характеристик со становлением единого европейского пространства современности.

Ключевые слова: древний мир, античность, эллинизм, Древний Рим, географические факторы в историческом процессе, политическая интеграция, экономическое районирование, исторические региональные различия, социальная история, экономическая история, школа «Анналов».

Введение

Настоящее тысячами нитей связано с прошлым, которое жаждет остаться. А прошлое через свой многовековой опыт, через повторяемость, через выявление закономерностей предлагает гносеологическую модель, обобщенный идеальный тип для правильного анализа настоящего [1; 11].

Имя Фернана Броделя (Fernand Braudel — фр., 1902–1985) глубоко уважаемо в европейском научном мире. Признанный лидер второго поколения французской школы «Анналов», продолживший разработку проблем экономической и социальной истории, начатую М. Блоком и Л. Февром, Ф. Бродель стал автором оригинальной концепции «глобальной истории», эшелонированной, с разными скоростями исторического развития, направленной «вглубь» изучаемого явления. Его творческий призыв двигаться от «событийной истории» к «структурам повседневности», к почти «неподвижной истории» за прошедшие десятилетия не потерял своей актуальности. Человек — творец истории, но он же сам «продукт» географии, «среды», которая часто определяет способ и средства добывания пищи, технику, материальные средства, одежду, жилища, транспорт, образ жизни, общественные отношения, форму власти, характер законов и социально-политических институтов, культуру, науку, религию [2]. Отдельные проблемы исторических исследований знаменитого французского учёного уже были в сфере нашего научного интереса [3].

Ф. Бродель поддерживает учёных, которые расширяют хронологические рамки и всматриваются в глубокие структуры социальной деятельности. Трудно согласиться с мнением экономиста и социолога Р. Фоссазра, который фрагментирует историю Франции: «Галлия (...) почти ничем не связана с нашей страной, которая не всплыла откуда-то из глубины веков, но явилась плотью от плоти самой истории» [4; 8–9]. История пронизывает века, мифологическое и реальное переплетено, сельская Франция формировалась, «дышала полной грудью», кормила себя и округу уже тридцать веков назад. Галлия географически и экономически очертила территории, где позднее взрастёт Франция.

* Автор-корреспондент. E-mail: shlyupikovm@mail.ru

Древняя и средневековая история Франции — своего рода экспериментальная модель для межпространственных и межвременных сравнений, которые обеспечивают возможность выявить связи, тенденции, закономерности, что позволяет считать историю ретроспективной социологией. Прошлое и современность разорваны временными рамками, между которыми непреодолимые барьеры, в виде горных массивов, холмов, разломов, трещин, быстрых и полноводных рек. Прошлое, по мнению Ф. Броделя, тем не менее, входит в нашу жизнь [4; 12].

География помогает человеку многопланово. Для Броделя география — шанс лучше познать историческое наследие Франции. Территория — историческая реальность. Современные ландшафты природный слепок прошлого [4; 19]. Экосистема, среда, земля, окружение — всё это становится заслуженным объектом изучения, не менее важным, чем традиционные исторические источники.

Сплачиванию Франции, считает Ф. Бродель, благоприятствовало её пространство, природа и география этого пространства. Франция — регион сельских дорог, деревушек, «мозаика пейзажей». Эта разница была более наглядна в прошлом, когда всюду преобладали местные привилегии, местные диалекты, народные сказания, легенды и мифы, типичные виды построек (из самана, дерева, камней, лавы, кирпичей) и костюмы [4; 20].

Жилые постройки также возводились в разных регионах по-разному: в каждой местности свой особняк, другими словами, свой тип жилых помещений [4; 23]. Жан Жиано утверждал, что ему трудно охарактеризовать своих земляков-крестьян, не описав их местных ландшафтов, ибо крестьяне сливаются с этими ландшафтами в одно целое. На горных массивах Прованса или на равнине, всюду живут люди, чья деятельность осуществляется в сочетании с окружающей средой, лесом, полями и пчёлами, с холмами, овцами, козами, быками и конями [4; 24].

Методы и материалы

Какова источниковедческая база исторических исследований Ф. Броделя? Насколько он был точен в анализе разнообразных письменных источников и данных географии, климатологии, статистики, археологии, топонимики, ономастики? Наверное, мы не первые, кто задаёт вопросы, постановка которых очевидна для любого профессионального исторического исследования.

Нас интересуют, в первую очередь, методы историописания Ф. Броделя, то, как историк использует в своих научных интерпретациях, в построении концептуальных схем развития древнего мира, взаимодействия человека и природы фактические данные, почерпнутые из разных источников, в том числе корреляции собственных наблюдений географических ландшафтов региона Средиземноморья, этнографических данных.

Наш историографический анализ направлен, в первую очередь, на то, как строится его концепция взаимодействия человека древнего мира и природы, насколько она обоснована или фактически уязвима, является ли она самостоятельной или служит лишь вспомогательной конструкцией некоей общей концепции «глобальной истории» с очевидным креном в сторону вестернизации или географической детерминации важных исторических процессов. Найти адекватные ответы на эти вопросы нам поможет тщательный анализ научных произведений Фернана Броделя, ставших широко известными и переведёнными на многие языки.

Результаты и обсуждение

Единой Франции нет, надо говорить о многих Франциях, заявляет Бродель. Горы Юра, их лесные склоны и луга в долинах на востоке, — с некоторым единообразием климата и почв, сельскохозяйственных культур, деревень и городков [4; 27]. Прованс обладает особыми климатическими условиями, небом, южными деревьями и травами, огромными пустошами. Сказывалось долговременное совместное природно-климатическое воздействие Средиземноморья, Роны и Альпийского горного массива. Горные ландшафты Прованса — это столетние сосновые и дубовые леса, маки, вечнозеленые кустарники и многолетние травы на каменистых сухих склонах приморских Альп.

В своих работах Ф. Бродель неоднократно затрагивает проблему леса, его влияния на жизнь средневековой Франции, эффективное использование его ресурсов. Дубовые заросли на склонах гор — типичная картина средневековой Франции: «дровосеки рубят лес, обжигальщики извести собирают хворост для печей, где печётся хлеб и обжигается известь, женщины, вооруженные деревянными молотками, обивают с веток кору, угольщики распиливают эти голые ветки, возчики доставляют кору на дубильные мельницы» [4; 28–29]. Технологические секреты этих сельских ремесел, по мнению Ф. Броделя, не изменялись столетиями.

Во Франции наличествуют несколько главных типов рельефа: древние массивы, осадочные равнины, горные цепи. Дополнительные отличия создаёт, по мнению Ф. Броделя, климат: континентальный — на востоке; океанический — на побережье Атлантики и в прилегающих местностях; средиземноморский — на юго-востоке Франции, прикрытым приморскими Альпами [4; 42].

Многое зависит, по мнению Ф. Броделя, от сочетания рельефа, климата и почвы: тип жилища, характер земледелия, еда, образ жизни, средства передвижения, источники энергии [4; 43]. К удачному сравнению Пьера Дефонтена (Deffontaines P. 1959), что Франция — «плод битвы климата с растительностью», Бродель добавляет — «битвы рельефов, почв и, в довершение всего, битвы прошедших эпох, нажитого в течение столетий опыта» [4; 43].

Основное климатическое разделение Франции — разделение между севером и югом, которое наглядно выражает, по мнению Ф. Броделя, северная граница распространения южных теплолюбивых растений: винограда, оливковых, каштановых, фиговых деревьев и кукурузы [4; 43].

Особое внимание Бродель уделяет феномену пространства в истории древней цивилизации. Древняя Франция, по Броделю, безмерное пространство, негодное для торговых переходов на дальние расстояния, трудно контролируемое, дикое и опасное [4; 89]. Античное пространство было как бы растянутым: провинции, области, городки, сёла и деревни, законы, культуры, диалекты, традиционные обычаи существовали раздельно, изолированно одни от других [4; 94].

Бедность почвы вынуждает людей поселиться, по мнению Ф. Броделя, дальше друг от друга, в пределах сельскохозяйственной недосыгаемости [4; 112]. Хутора, заимки и одинокие фермы, деревни, городки — это, считает Ф. Бродель, давние, проверенные социальным общежитием виды объединения людей, в которых выражается славная история государства, его исторического движения и социальной динамики [4; 113].

Повсеместно вырисовывалась похожая по модели ситуация: обрабатываемые поля двигались на ближайшие новины, а леса противостояли заброшенным, бедным землям. Новины (целина, ещё не обработанная земля), в трактовке Ф. Броделя, это примерно то, что латиняне обозначали *saltus* — лесистое место, лесной выгон, в противоположность пашне (*ager*) [4; 116].

